Коллектордың техникалық сараптамасы нәтижесінде 2020 жылдың наурыз айында ҚКЖ-1 бағдарламасынан бөліп алынған 6-шы магистралды құбыр желісі мен 3 кері айдау ұңғымасы жобасының мақсаты – кен орынындағы кері айдаудың алаңын кеңейту арқасында сұйық көмірсутектер өндірісін барынша арттыру. Жақын жатқан газ факторы төмен ұңғымалардағы қысымды ұстап тұру және қойнауқатты жақсырақ басқару үшін жобаны жүзеге асыру барысында кері айдалатын газ көлемі кен орнының оңтүстік-батыс аумағына таратылады.

2021 жылы жұмыс жобасы аяқталды. 12 дюймдік және 8 дюймдік желілік құбырлар сияқты аса маңызды, әрі ұзақ мерзімде жеткізілетін материалдар жеткізілді; басқа да жабдықтар мен материалдарды сатып алу және жеткізу жұмыстары басталды және жақсы қарқынмен орындалуда. Ерте жалпы құрылыс жұмыстары мен 12 дюймдік құбырдың желілік бөлігі үшін екі құбырлы қосылыстарды жасау аяқталды; құбыр төсеу жұмыстары 2022 жылдың екінші тоқсанында басталды.

“*ҚКЖ-1А жобасын іске асыру кезіндегі КПО басты мақсаттарының бірі – жергілікті мердігерлердің бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатында жергілікті қамтуды барынша арттыру.*”

## ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бүкіл әлем цифрлық технологияларға көшіп жатыр, егер біз бұл бизнестің ел мен инвесторлар үшін тартымдылығын сақтап қалғымыз келсе, КПО бұл үрдістен шетте қалмауы керек. КПО-да іске асырылған пилоттық жобалардың кейбірі бизнеске шынында ықпал ететінін көрсетіп отыр, мысалы, қызметкерлерге төнетін қауіп-қатерді азайту, жұмыс процестерінің, шығындардың тиімділігін арттыру және тағы басқа.

ҚР Үкіметі 2017 жылы енгізген «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында КПО 2018–2021 жылдарға арналған цифрландыру жөніндегі жол картасын жасаған болатын. Бұл жол картасы ұйымды қауіпсіз, тиімді және икемді етуге бағытталған. Өндірісті оңтайландырудан бастап технологиялық процестердің тиімділігін арттыруға дейінгі түрлі салалардағы цифрландыру бойынша мүмкіндіктерді қамтитын он бір негізгі бағыт ұсынылды.

Мысалы, 2021 жылы Өндірісті оңтайландыру бөлімі қызметінің аясында Телеметрия I Кезең жобасы, яғни нақты уақыт режимінде ұңғымалардан мәліметтер алуға мүмкіндік беретін жоба сәтті орындалды. Бұл ұңғымалардағы қызметкерлерге төнетін қауіп-қатерді едәуір азайтуға және өндірісті оңтайландыру үшін интеграцияланған желілік модельді жақсартуға көмектеседі.

Сонымен қатар, құжаттаманы басқару бөлімі қызметін оңтайландырудың бір бөлігі ретінде, Цифрлық қолтаңба немесе қашықтан инспекция жүргізу үшін дрондарды жіберу сияқты кішігірім жобалар да жүзеге асырылды және күнделікті қолданыста өздерінің артықшылықтарын көрсетіп те үлгерді.

Штрих кодтау жүйесін енгізу арқылы қоймаларды басқару жобасы да аяқталды. Жобаның мақсаты қойманы басқару тиімділігін арттыру және сақталатын қорларды азайту.

Компаниядағы елеулі цифрлық жобалардың бірі электрондық сатып алу (e-Procurement) жобасы болып табылады. Мақсаты – процестері айқын, әрі ашық және рұқсат алу процесіне қатысушы тараптармен тікелей деректер алмасатын неғұрлым тиімді платформа құру. Бұл жоба 2022 жылы жалғасады.

Оқыту және инженерлік жобалау технологиясы бар жетілдірілген виртуалды шындық бөлмесі КПО қызметкерлеріне ақпаратты – статикалық және динамикалық деректерді, модельдерді, симуляцияларды және виртуалды ортаға ену, бірлескен жұмыс және виртуалды шындық негізіндегі шешімдерді қолдана отырып әрекет етуге мүмкіндік береді.

2020 жылдың желтоқсан айынан бастап КПО компаниясында жеті электрондық медициналық бақылау пункттері орнатылды және қазіргі таңда бұл жүйелер толығымен қызмет атқаруда.

Оған қоса KAZENERGY қауымдастығымен бірге КПО Қазақстанның ірі университеттерінің студенттері қатысқан Student Digital Fest (SDF) байқауын жыл сайын қолдап отырады. SDF-2021 байқауының соңғы кезеңі 2021 жылдың қазан айында сәтті аяқталды.

Қазіргі цифрландыру бойынша жол картасын 2022 жылы аяқтау жоспарланғандықтан, КПО жаңа жағдайлар мен сыртқы тенденциямен үйлестірілетін және бейімделетін цифрландыру мен үздіксіз жетілдірудің жаңа стратегиясын әзірлеуді жоспарлауда.

Қазіргі таңда, бұл стратегияның бастапқы кезеңі бойынша Жаңа 2022–2025 цифрландыру бойынша жол картасы цифрлық мұнай кен орны, активтер, үдерістер, ЕК, ҚТ және ҚОҚ және қосалқы факторлар төңірегіндегі 5 санаттан тұрады. Жаңа цифрландыру жөніндегі жол картасының кейбір жобаларының жұмыстары басталып та кетті.



Цифрландыру бөлімі қызметкерлері виртуалды шындық бөлмесін орнатуда

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

# 02


- 23 Ұйым құрылымы және басқару тәсілдері
- 28 КПО басшылығы
- 32 Іскерлік этика
- 34 Мемлекетке жасалған төлемдер

## ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ

GRI 102-18 (2-9), GRI 102-44

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстандық филиалы 1997 жылы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын (бұдан әрі – Қарашығанақ кен орны немесе ҚМГКК) пайдалануды өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге сәйкес (әрі қарай – ӨБТК) жүзеге асыруға арналған бірлескен кәсіпорын ретінде құрылды. **GRI 102-5 (2-1)**

КПО өз қызметінде төменде көрсетілген, өздерінің тиісті үлестес тұлғаларымен ұсынылған бес халықаралық мұнай-газ компанияларының (бұдан әрі – Мердігер немесе бас компаниялар) тәжірибесін жинақтаған:



Сауатты құрылған басқару жүйесі – кәсіпорынның табысты дамуының кепілі. КПО компаниясында қауіп-қатерлерді басқаруды, ішкі бақылауды және нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етуді қамтитын кешенді және үйлесімді басқару жүйесі жұмыс істейді. Кешенді басқару тәсілінің негізгі міндеті жоғары басшылық бекіткен стратегияларды және алға қойған міндеттер мен нұсқауларды жүйелі және тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін сауатты шешімдер қабылдау және бақылау тетіктерін енгізу болып табылады.

## ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ GRI 102-18 (2-9), GRI 102-44

КПО ұйымдық құрылымы Қазақстан Республикасының (ҚР атынан «PSA» ЖШС өкілдік етеді) және бас компаниялар қойған бизнес-міндеттер мен талаптарға қол жеткізу үшін сыртқы экономикалық жағдайларға үздіксіз бейімделіп отыру қажеттігін ескеріп жасалған. ӨБТК-де белгіленген мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру үшін Agip Karachaganak B. V. және BG Karachaganak Limited компаниялары бірлесіп оператор болатын модель қабылданды («Эни Спа» және «Шелл» компанияларының тиісті филиалдары; «Шелл» компаниясы «Биджи Групптың» 100%-ін ресми түрде сатып алды).

КПО-ның екі негізгі басқарушы органы – Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) және Өнімді өткізу бойынша бірлескен комитет (ӨБК). ӨБТК ережелеріне сәйкес комитеттердің құрамына бес мердігер компанияның әрқайсысынан бір өкілден және өкілетті органның өкілдері кіреді. ББК отырыстарында өкілетті орган бір дауысқа, ал мердігер компаниялар жиынтық бір дауысқа ие болады. Шешім қабылдау үшін барлық тараптардың бірауыздан пікірі қажет. Өнімді өткізу бойынша бірлескен комитеттің де жұмысы осындай қағидаларға негізделген.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша, Бірлескен қызмет туралы келісімнің (Бас компаниялар арасындағы) және Бірлесіп басқару туралы келісімнің («Эни» және «Шелл» операторлары арасындағы) шарттарын орындау мақсатында Мердігер мен Оператор деңгейінде кәсіпорында белгілі бір мәселелермен айналысатын шағын


комитеттер жүйесі құрылды. Толық басқару құрылымы графикалық түрде 6-суретте көрсетілген. Комитеттер мен шағын комитеттердің қызметтері [2018 жылғы Тұрақты даму туралы есепте](#) толық сипатталған (33-34 бет).

Мердігер мен оператор деңгейіндегі әртүрлі шағын комитеттер нақты өндірістік және корпоративтік мәселелер бойынша өздерінің кәсіби ұсынымдары мен құнды нұсқауларын береді. Әрбір шағын комитеттің тиісті Ережелерде көрсетілген өз мақсаттары мен міндеттері бар.

Тұрақты дамуға қатысты мәселелер, оның ішінде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілер Операторлар Комитеті жанындағы тұрақты даму жөніндегі шағын комитеттің құзіретіне жатады. Оның жұмысына Оператор өкілдері де, КПО да қатысады. Оның негізгі мақсаты – кен орнының тікелей әсер ету аймағында орналасқан елді мекендердің тұрғындарына кен орнының әсеріне қатысты нақты мәселелер мен сұрақтар бойынша түсініктеме және кеңес беру.

Сонымен қатар тұрақты даму жөніндегі шағын комитет бұрынғы Березовка және Бестау ауылдарының тұрғындарының көшірілгеннен кейінгі өмір сүру жағдайларын мониторингтеу мәселелерін қарайды, сондай-ақ Бөрлі ауданының, оның ішінде Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен өзара әрекеттестік, үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс, тұрақты даму бойынша есептілік мәселелерімен айналысады.

6-сурет. Қарашығанақ жобасын басқарудың жоғары буындары (01.01.2022 күнгі деректерге сәйкес) GRI 102-18 (2-9), 102-44



## ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ GRI 102-15

Мұнай-газ операциялары қызметкерлердің денсаулығына, қоршаған ортаға және өндірістік активтерге тиюі мүмкін әсерді ескере отырып, мұқият ұйымдастырылуы және жүргізілуі қажет. Міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарайтын жер қойнауын пайдаланушы ретінде КПО компаниясы кәсіпорын жұмысының барлық аспектілерін қамтитын бизнеске қатысты қауіп-қатерлерді басқаруға ерекше назар аударады. Оларға басқа да қауіп-қатерлермен қатар келесілер кіреді:

- білікті жергілікті кадрларды жұмысқа тартуға және оларды компанияда сақтап қалуға байланысты қиындықтар;
- қызметкерлердің өндірістегі қауіпсіздігі: ауаға күкіртсутектің шығып кету қаупі;
- саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың жоғалу қаупі;
- жол-көлік оқиғалары: көлікті басқара алмай қалу;
- қызметкерлеріміздің, сондай-ақ мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің қызметкерлерінің этикалық нормаларды сақтамауы;
- қоршаған ортаны ластау қаупі: түрлі заттардың төгіліп қалу, қалдықтардың түзілу және атмосфераға түрлі өнімдердің шығып кетуіне қатысты қауіп-қатер, шығарындыларға рұқсаттың қайтарылуы;
- мұнай өндіруде көміртегі ізін азайту бойынша мақсатты көрсеткішке жете алмау қаупі (климатқа қатысты қауіп-қатер);
- өндіріс тұтастығына қатысты қауіп-қатер;
- нақты ұзақ мерзімді стратегияның жоқтығы;
- мұнай-газ өнімдерін өткізу мүмкіндігін жоғалту қаупі;
- ауыр кибер шабуылдарға ұшырау қаупі.

Жоғарыда көрсетілген қауіп-қатерлердің жағымсыз әсерін төмендету үшін КПО жан-жақты жүйелі жұмыс жүргізіп, үздіксіз бағалау өткізеді. Бұл жердегі мақсат – оңтайлы бизнес-стратегияны әзірлеу және өзгерістерді басқару.

2021 жылы КПО қызметке және технологиялық қауіпсіздікке қатысты қауіп-қатерлерді тиімді анықтау, бағалау және басқару үшін қауіп-қатерлерді басқарудың жаңа біріктірілген моделін енгізді. Қауіп-қатерлерді басқарудың біріктірілген жүйесінің процедурасы және қауіп-қатерлерді басқару жүйесі процестің өзін анықтайды және сипаттайды, сонымен қатар бүкіл Компания бойынша қызметтер мен міндеттер қалай бөлінетінін де көрсетеді. Сондай-ақ, аталмыш жүйе бизнес-мақсаттар мен міндеттерді ұйымның әр деңгейіндегі қызметке қатысты қауіп-қатерлерге сәйкестендіруге бағытталған.

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі директорат қауіп-қатерлерді басқарудың біріктірілген жүйесін енгізуге, қолдауға, бақылауға және үнемі жетілдіруге жауап береді. Атап айтқанда, қауіп-қатерлер моделі қолданылып, қызметке қатысты негізгі қауіп-қатерлер «қауіп-қатерлердің корпоративтік тізіліміне» енгізіліп жинақталады. Бұл тізілім әлеуетті қауіп-қатерлер тізбесін, сондай-ақ тиісті алдын алу және түзету іс-қимылдарын қамтиды. Бұл процесс қауіп-қатерлердің біріктірілген басқару процедурасымен реттеледі. Барлық қызметке қатысты қауіп-қатерлер корпоративтік тізілім түрінде КПО жоғары басшылығының қатысуымен өткізілетін Қауіп-қатерлерді басқару жөніндегі комитетімен қарастырылуға ұсынылады.

### GRI 102-33 (2-16)

Екінші жағынан, өнеркәсіптік қауіпсіздікке қатысты негізгі қауіп-қатерлер «Тосқауылдар моделі» бағдар-

ламасының көмегімен тізілімге енгізілген, бұл бағдарламада аталған қауіп-қатерлердің толық сипаттамасы берілген. Бұл қауіп-қатерлер еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндіріс тұтастығы директорымен бақыланады және қауіп-қатерлерді басқару жүйесі арқылы реттеледі.

Қауіп-қатерлерді басқару үдерісіне оларды бақылау және талдау да кіреді, олар өз кезегінде қауіп-қатерлерді басқару құралы арқылы жүзеге асырылуы керек ұдайы тексеру мен қайта бағалауды қамтиды. Бұл құрал қауіп-қатерлерді басқарудың біріктірілген тәсіліне қатысты ұсынылған және тексерілген барлық толық ақпаратты қамтиды.

Қауіп-қатерлерді басқару процесінің тиімділігін тексеру үшін келесі кезеңдер орындалады:

- Жылына екі рет:** Қауіп-қатерлер жөніндегі комитеттің отырыстарында қауіп-қатерлер туралы жиынтық есеп талқыланады, келісіледі және Мердігер Комитетіне жіберіледі.
- Ұдайы:** анықталған қауіп-қатерлерді жеңілдетуге арналған алдын алу шараларының уақтылы және тиімді орындалуын қамтамасыз ету және қауіп-қатерлерді кешенді басқару жөніндегі жетекші маманды уақтылы хабардар ету мақсатында қауіп-қатерлердің өршуі туралы ақпарат қауіп-қатердің иелері деңгейінде тұрақты түрде қайта қаралып, жаңартылып отырады.

Маңызды әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тақырыптар бойынша негізгі қауіп-қатерлерді жеңілдету шаралары есептің тиісті тарауларында толығырақ сипатталған.

## КПО БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ GRI 103-2 (3-3)

Ірі көлемдегі инвестициялардың тұрақтылығын қамтамасыз ету тиісінше басқаруды қажет етеді және КПО сияқты күрделі ұйымда тиімді басқару, ішкі бақылау және сапаны қамтамасыз ету процестері айрықша маңызды.

ӨБТК-ге сәйкес КПО өз қызметінің барлық аспектілері бойынша жұмысты халықаралық стандарттарды басшылыққа ала отырып жүргізеді. Стандарттар КПО басқару жүйесінің негізін құрайтын бірқатар ережелер, процедуралар және тиісті ұтымды тәжірибелерге сүйеніп енгізіледі.

Тұрақты дамумен байланысты КПО-ның менеджмент жүйелері келесі кестеде келтірілген:

### ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

GRI 103-1, 103-2 (3-3), 403-1, 403-7, 403-8

КПО компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін ISO 14001:2015 (Экологиялық басқару жүйесі), ISO 45001:2018 (Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік) және ISO 50001:2018 (Энергия тұтынуды басқару) халықаралық стандарттарына сәйкестігі сертификатталған біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде басқарады.

Қоршаған ортаға мейлінше аз әсер етіп, қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үздіксіз жетілу мен адал қызмет Компания үшін айрықша маңызға ие. 2021 жылы КПО ISO халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растау үшін қайта сертификаттаудан өтті. Бұл процесті қолдау бағытында КПО мен мердігер ұйымдардың қызметкерлері үлкен жұмыс атқаруда.

КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы талаптары Компания ішінде де, одан тыс та кең таралған және Компанияның барлық келісімшарттарының арнайы қосымшасында көрсетілген.

Жыл сайын КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін арттыру мақсатында бірқатар бағдарламалар, тренингтер, бастамалар мен науқандар өткізіледі. Мұндай бастамалар кіріспе нұсқамаларды, мамандандырылған кәсіптік оқытуды, сондай-ақ «Көшбасшылық және қауіпсіздік техникасы бойынша мәдениет бағдарламасы», «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы», «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ынталандыру бағдарламасы», «Денсаулыққа қауіп-қатерлерді бағалау», «Экологиялық мәдениетті дамыту және хабардарлық деңгейін арттыру» және т.б. бағдарламаларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Бұдан басқа, КПО жыл сайын еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ішкі аудит бойынша өз жоспарын орындайды. Мысалы, 2021 жылы КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында 14 аудит жүргізді.

#### 4-кесте. Тұрақты даму мәселелері бойынша басқару жүйелері GRI 103-2 (3-3)

Тұрақты даму	Корпоративтік басқару	Өндірістік мәселелер	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік тұтастық	Әлеуметтік салаға үлес қосу	Құқықтық және этикалық нормаларды сақтау
▶ Тұрақты даму кодексі.	▶ КПО корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; ▶ Корпоративтік басқару мәселелері бойынша менеджмент жүйесі.	▶ Өндірісті басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; ▶ Маркетинг директоратын басқару жүйесі; ▶ Қаржы директоратын басқару жүйесі; ▶ Біліктілікті басқару жүйесі бойынша саясат.	▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясат және ережелер; ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту бойынша жыл сайынғы жоспар; ▶ Еңбекті қорғау және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша саясат; ▶ Энергия саясаты және энергия менеджменті жүйесі бойынша нұсқаулық және «Жасыл ережелер»; ▶ Қауіпсіздікті басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесі бойынша нұсқаулық; ▶ ЕҚ, ҚТ және өндіріс тұтастығы туралы ереже.	▶ Жергілікті қамту саясаты; ▶ Нұр-Сұлтан қаласындағы кеңсенің және ББК хатшылығының басқару жүйесі; ▶ КПО әлеуметтік қызметі саласындағы ереже мен стандарттар; ▶ Демеушілік және қайырымдылық саласындағы саясат; ▶ Еңбек ресурстарын басқару ережесі; ▶ Әлеуметтік жобалар бөлімінің басқару жүйесі.	▶ КПО тәртіп кодексі; ▶ КПО бизнес қағидалары; ▶ Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы әрекет ету жөніндегі нұсқаулық; ▶ Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінің басқару жүйесі.

## БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ GRI 103-3 (3-3)

Ішкі бақылауды ұйымдастыру үшін КПО процестің екі түрін әзірледі: i) күрделі шығындар жұмсалатын жобалардың тиімділігін бағалау процесі және ii) ішкі аудит.

Сәйкестікті қамтамасыз ету процестеріне келетін болсақ, шешім қабылдау барысында тиісті негіздемені қамтамасыз ету үшін және сондай-ақ кәсіпорын үшін инвестиция құнын оңтайландыру мақсатында КПО-ның игеру бойынша барлық күрделі жобалары мүмкіндіктерді анықтаудан бастап пайдалану кезеңіне дейін бағаланып отырады. Инвестициялардың деңгейіне байланысты операциялардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін тиімділікті бағалау бойынша ішкі және сыртқы (бас компаниялардың қатысуымен) іс-шаралар жүзеге асырылады.

Екінші жақтан, жүйелі және жан-жақты тәсілді қолдану арқылы алға қойылған өндірістік межеге қол жеткізу мақсатында ішкі және тәуелсіз тексерулерді қамтамасыз етуге арналған ішкі аудит процесі бар. Мұндай тәсіл қауіп-қатерлерді басқару, бақылау және басқару процестерінің тиімділігін бағалауға және арттыруға көмектеседі.

КПО қызметтің барлық аспектілері бойынша – бизнес-процестердің тиімділігі және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесі, заңнаманы, нормативтік актілерді және ішкі регламенттерді сақтау, қаржылық және басқару есептілігінің анықтығы сияқты бағыттар бойынша, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді түзетуге бағытталған кейінгі іс-шаралар бойынша жылдық жоспар әзірлейді.

Екіншіден, КПО бас компаниялары жыл сайын тиімділікті және қауіп-қатерлерді басқару, ішкі бақылау және басқару салаларындағы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуге арналған қосымша сапа дәрежесін қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз аудит жүргізеді. Аудит нәтижелері КПО жоғары басшылығына және бас компанияларға Аудит бойынша шағын комитет шеңберінде хабарланады.

Үшіншіден, Компанияның бақылау жүйесінің тиімділігі және халықаралық стандарттарға сәйкестігі, сондай-ақ ҚР заңдарының сақталуы жоғарыда аталған шолу аудиттерін қоса алғанда, ISO стандарттарына сәйкестікті сақтаумен қамтамасыз етіледі.

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР GRI 103-1, 103-2, 103-3 (3-3)

Мұнай-газ операцияларын жүргізу кезінде қолданыстағы жергілікті және халықаралық заңдар мен ережелерді, оған қоса КПО БҰҰ-ның адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын және адам құқықтары саласындағы халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенцияларын сақтайды.

Адам құқықтары мәселелері әлеуметтік үлес, қауіпсіздік, адам ресурстары, сондай-ақ сатып алу тұрғысынан талаптардың сақталуын сипаттайтын Компанияның ішкі ережелерінде көрініс тапқан. Мұнымен қатар, КПО бизнес үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында өзінің сатып алу үдерістерін тиісінше тексеріп тұруға ұмтылады.

Өз қызметкерлерінің және жергілікті қоғамдастықтардың құқықтарын құрметтеу және қорғау мақсатын ұстана отырып, КПО сыртқы мүдделі тараптармен үнемі өзара әрекеттестікте болады және өзі жұмыс істейтін қауымдастықтардың жалпы өркендеуіне тікелей немесе жанама үлес қосуға ұмтылады.

КПО қазіргі заманғы құлдық пен балалар еңбегіне мүлдем қарсы болып, оларға төзбеушілік принципін ұстанады. Компанияның жеткізілім тізбегінде не қызметінің басқа салаларында болуы мүмкін осы және адам саудасына қатысты қауіп-қатерлерді анықтауға және жоюға ұмтылады.

”  
Адам құқықтары мәселелері әлеуметтік үлес, қауіпсіздік, адам ресурстары, сондай-ақ сатып алу тұрғысынан талаптардың сақталуын сипаттайтын Компанияның ішкі ережелерінде көрініс тапқан.



## КПО БАСШЫЛЫҒЫ



### ДЖАНКАРЛО РУО

Бас директор

Джанкарло Руоидің мұнай және газ өнеркәсібіндегі Қазақстанда және шет елдерде жинақтаған жиырма жылдық жұмыс тәжірибесі бар. Осы қызметке дейін ол өндірістің, кен орындарын барлаудың, игерудің және пайдаланудың, сондай-ақ бизнесті дамытудың толық барысын қамтитын жауапты лауазымдарды атқарған. Соңғы қызметінде ол «Эни» компаниясының Абу-Даби-дағы ADNOC / UDR бірлескен кәсіпорнында құрлықтағы операциялар бағдарламасының жетекшісі болды. Бұған дейін ол «Эни Гана» компаниясында басқарушы директор қызметін атқарды және «Норд Каспиан Оперейтинг Компани» компаниясында кен орнын игерудің бірінші кезеңінің директоры лауазымында жұмыс істеді.



### АДАМ ЧАРЛЬЗ ЛОУМАСС

Өндіріс директоры және бас директордың орынбасары

Адам Лоумастың өндіріс, күрделі жобалар, бизнесті түрлендіру, коммерциялық мәмілелер және стратегия әзірлеу сияқты салаларда басшылық лауазымдарда жинаған 20 жылға жуық тәжірибесі бар. Ол Қазақстанда қоса санағанда тоғыз елде өмір сүріп, қызмет еткендіктен, әртүрлі ұлттардың мәдениетімен жақсы таныс.

Адам «Шелл» компаниясында 2007 жылдан бері жасайды. КПО-ға келгенге дейін Адам Қазақстанның Атырау қаласындағы «НКОК» консорциумында өндірісті жетілдіру жөніндегі бас директор және сандық технологиялар жөніндегі директор лауазымын атқарды.



### ҚУАНЫШ ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ

Бас директордың орынбасары

Қуаныш Құдайбергеновтың мұнай-газ саласында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында басшылық қызметтерді атқарып жинаған тәжірибесі зор.

2017 және 2021 жылдар аралығында ҚР Энергетика министрлігінің мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры қызметін атқарды.

Сондай-ақ Қуаныш Құдайбергенов осы күнге дейін келесі компанияларда бірқатар қызметтерді атқарып келген: «КМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС, Ромпетрол С.А., «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «КАСПИЙ МЕРУЕРТИ ОПЕРЕИТИНГ КОМПАНИ Б.В.», «КазМунайТениз» ТМК, «Интегра» ЖАҚ.



### АЛМАСБЕК МУХАШОВ

Маркетинг жөніндегі директор

Алмасбек «Эни» компаниялар тобында 20 жылдан астам қызмет етіп келеді. Ол Нигерия, Мексика, Түркіменстан, Алжир, Тунис, Венесуэла және Қазақстанда барлау мен игеру, өнімді өндіру, өңдеу, сақтау және сатуға байланысты қызметтерде сыртқы байланыстар, экономикалық талдау және қаржы, өнеркәсіптік жобаларды әзірлеу сияқты мәселелерден бастап, экспорт және жобаның түрлі кезеңінде коммерциялық келіссөздер жүргізуге дейін түрлі міндеттерді атқарды. Бұрынғы қызметінде Алмасбек «Аджип Карачаганак Б.В.» компаниясының қазақстандық филиалында жаңа бизнес мүмкіндіктер мен аймақты талдау жөніндегі басшы қызметін атқарды.



### ЖАН ВАК

Қаржы директоры

Жан Вактың әлемнің түрлі елдерінде басшылық қызметтерде жинаған 20 жылға жуық тәжірибесі бар. Ол 8 түрлі елде мұнай-газ саласында, соның ішінде барлау және өндіру, сондай-ақ өнімді сақтау, тасымалдау және сату бағыттарында әртүрлі қаржымен байланысты қызметтерді атқарған.

Білікті бухгалтер басқарушы ретінде Жан қазынашылық, қаржылық бақылау, корпоративтік қаржы және бірлескен кәсіпорынның қаржысы бойынша терең білім жинақтап, әртүрлі жоғары басшылық лауазымдарды атқарған, соның ішінде Ирактағы Basrah Gas Company кәсіпорнында 6 жыл еңбек еткен. КПО компаниясына келгенге дейін ол «Шелл» компаниясының Мексикадағы өкілдігінде қаржы директоры қызметін атқарған.



### ЛИАНА РУПНИК

Заң директоры

Лиананың кәсіпорындағы заң қызметін басқару және нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету саласында жинаған халықаралық тәжірибесі мол. КПО-дағы лауазымға тағайындалмас бұрын ол Мозамбиктегі қаржыландыру және сатып алулар жобасында заң бөлімінің бастығы қызметін атқарды («Эни Ұлыбритания»).

Соңғы жылдары Лиана бірнеше шет елдерде қызмет еткен және өнеркәсіп саласында бірқатар жетекшілік қызметтерді атқарған, бұлардың қатарына Қазақстандағы Епі компаниясының барлау мен өндіру бөлімшесіндегі заң бөлімінің бастығы қызметін жатқызуға болады (Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан).



## КПО БАСШЫЛЫҒЫ



### ОСКАР ВАН ДЕР ВЕЙДЕ

Жобаларды жүзеге асыру жөніндегі директор

Оскар «Шелл» компаниясында және оның бөлімдерінде 1990 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Бұған дейін ол Үндістанның Бангалор қаласында Shell Projects & Technology ұйымында цифрландыру жобаларының бас менеджері қызметін атқарды.

Оскардың инженерлік жобалау мен жобаларды басқаруда тәжірибесі мол. Өзінің еңбек жолында Оскар «Шелл» компаниясының Нидерланды, Ұлыбритания, Нигерия, Сирия, Үндістан және Қазақстандағы бөлімдерінде басшылық қызметтерді атқарып келеді.



### ДЖОСУЭ ДЕЛЛА БЬЯНКА

Жеткізілімдерді ұйымдастыру жөніндегі директор

Делла Бьянка Джосуэ «Эни» компаниясында 2004 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Қазіргі қызметіне тағайындалғанға дейін ол «Эни» компаниясының Еуропа, Австралия, Америка және Таяу Шығыс елдеріндегі өндірістік және өндіру қызметтеріне қажет сатып алуларына жауапты болған. Джосуэ соңғы он жыл ішінде бірқатар басшылық қызметтерді атқарып, сатып алулар саласында мол халықаралық тәжірибе жинаған. Сонымен қатар Джосуэ Ресей, Мозамбик, Сауд Арабиясы, Бразилия, Италия және Қазақстан сияқты елдерде сатып алулар жөніндегі бөлім бастығы лауазымын атқарған. Джосуэнің қызметті басқаруды ұйымдастыру бойынша магистр дәрежесі бар.



### ДАВИДЕ МАЦЦУКЕЛЛИ

Еңбек ресурстары және қызметтер директоры

Давиденің еңбек ресурстарын басқару саласында жинаған зор халықаралық тәжірибесі бар. Соңғы қызметінде ол КПО компаниясының еңбек ресурстарын басқарушысы қызметін атқарды.

Өзінің еңбек жолында Давиде өнеркәсіп саласында бірқатар басшылық қызметтерді атқарды, атап айтқанда, Еуропа, Ирак және Таяу Шығыс елдерінде («Эни» – барлау және өндіру) халықаралық еңбек ресурстарын басқару жөніндегі басшы, «Eni East Africa Spa» (Мозамбик) еңбек ресурстарын басқару және қосалқы қызмет жөніндегі басшысы, «Eni North Africa B.V.» (Ливия) оқыту және кәсіби дамыту бөлімінің басшысы, «Nigerian Agip Oil Company» компаниясында (Нигерия) ұйымды дамыту және қосалқы қызмет жөніндегі менеджер сияқты түрлі қызметтерді атқарған.



### РОБЕРТ ВИМ ДИЙКЕМА

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және өндіріс тұтастығы жөніндегі басқарушы

Роберт «Шелл» компаниясында 1991 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Оның мұнай-газ саласында, соның ішінде ЕҚ және ҚТ, өндіру, техникалық қызмет көрсету, бұрғылау және аудит салаларындағы басшылық қызметтерді атқару барысында жинаған 30 жылдан астам тәжірибесі бар. Осыған дейін ол Ирактағы «Басра Газ» компаниясында өндіріс және жобаларды жүзеге асыру бөлімінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі басшысы және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі директордың орынбасары лауазымдарында қызмет етті.

Өзінің еңбек жолының басында, Роберт Қазақстанда «Аджи ККО» компаниясында құрлықтағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қызметінің басшысы лауазымында жұмыс істеп үлгерген. Ол осыған қоса Нидерландыда, Германияда, Нигерияда, Ұлыбританияда, Сирияда және Ресейде жұмыс істеген. Роберттің әуе ғарыш саласындағы инженерия бойынша ғылым магистрі дәрежесі бар.



### ФИДАН ГОКТАШ ТРАУФЕТТЕР

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарушы

Фидан «Шелл» компаниясындағы қызметін 2002 жылы бастады және ол жер шарының көптеген елдерінде өндіріс өнеркәсібіндегі түрлі лауазымдарда еңбек етіп, кең салалы мамандарға жетекшілік жасап келеді.

Осыған дейін мұнай-газ саласында кен орнын игеру және бизнесті жоспарлау, ұңғымаларды бұрғылауды жоспарлау және жүргізу, геологиялық модельдеу мен зерттеу жұмыстары, барлау мен өндіріс технологияларының стратегиясын жасау салаларында ішкі аудитпен айналысып келді.

Фиданның қолданбалы физика бойынша дипломы, физика мен бейорганикалық химия бойынша доктор дәрежесі, сонымен қатар Ұлыбританиядағы Imperial College колледжінің бизнес магистрі дәрежесі бар. Фидан – мұнай-газ өнеркәсібінің инженерлері қоғамының мүшесі.



### АРИАДНА ГАРАЙ

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарушы

Ариадна «Эни» компаниясындағы қызметін 2004 жылы бастады және Орталық Азия, Латын Америкасы және Африкадағы компанияның түрлі бөлімшелерінде жұмыс істеді, қызметінде көпұлтты ұжымдарды басқарды және ірі капиталдық жобаларға, бұрғылауға, пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуге байланысты құны миллиардтаған доллар тұратын сатып алуларды орындады.

Бұрынғы лауазымында ол оператор басқармайтын бірлескен кәсіпорында (БК) аудитор қызметін атқарды, онда ол БК серіктестерінің (соның ішінде ExxonMobil, «Шелл» және Chevron сияқты серіктестер) топтарын басқарды. Ариаднаның халықаралық қатынастар бойынша магистр дәрежесі және INSEAD бизнес мектебінің корпоративтік басқару саласындағы атқарушы сертификаты бар. Ол сонымен қатар Woman on Board (Біріккен Корольдіктегі ұйымы) желісінің мүшесі.

# ІСКЕРЛІК ЭТИКА GRI 102-16 (2-23)

## КПО ІСКЕРЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ

КПО өз қызметін 2019 жылы қолданысқа енгізілген «КПО іскерлік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырады.

«КПО іскерлік қағидаларында» Компания қызмет жүргізу барысында басшылыққа алатын қағидалар айқындалған және жұмыс тиімділігінің жоғары стандарттары мен әдеп нормалары белгіленген. Мүдделі тараптар, соның ішінде мердігерлер мен жеткізушілер, осы қағидаларды құрметтейді және өз жұмысын осы қағидаларға сүйеніп орындайды деп күтеміз.

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында келтірілген қолданылатын заңдар мен нормативтік актілердің және Халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенцияларының талаптарын орындауға ұмтыламыз.

Адам құқықтарын сақтау Компанияның «қызмет жүргізуге лицензия» алудағы міндетті шарты болып табылады. Компания қызметі қызметкерлеріміз, мердігерлеріміз, жергілікті халықтан бастап мен жергілікті билік органдарына дейін барлық мүдделі тараптардың адам құқықтарын құрметтеуге негізделген.

Осы себепті адам құқықтарына қойылатын талаптар Тәртіп кодексіне және КПО-ның қолданыстағы құрылымына, нұсқаулықтарына және саясаттарына енгізілген. Оларға мыналар жатады:

7-сурет. «КПО іскерлік қағидалары» негізгі жеті категорияны қамтиды:



«КПО іскерлік қағидалары» құжатының толық нұсқасын және таныстырма бейнебаянын КПО сайтындағы [Іскерлік этика](#) бөлімінен тауып таныса аласыздар.

- ▶ **Әлеуметтік қызмет** – біздің әлеуметтік қызмет бойынша жоспарымыз бар және біз өз қызметіміздің жергілікті халыққа тигізетін әсерін ескереміз.
- ▶ **Қауіпсіздік** – Бүкіл Компанияға қойылатын қауіпсіздік талаптары қызметкерлердің, мердігерлердің және нысандардың қауіпсіздігін адам құқықтары мен жергілікті халықтың қауіпсіздігі сақталатындай қамтамасыз етуге көмектеседі.
- ▶ **Адам ресурстары** – саясаттарымыз бен стандарттарымыз әділ еңбек қатынастарын орнатуға және жағымды жұмыс ортасын құруға көмектеседі.

- ▶ **Келісімшарттар мен сатып алулар** – біз тұрақты дамуға үлес қосатын және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жауапты мердігерлермен және жеткізушілермен жұмыс істеуге ұмтыламыз.

Заңнамаға сәйкестік саласындағы жалпы саясат шеңберінде КПО этикалық нормалар мен нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау саласында оқытудың жаңа бағдарламасын қабылдады және орындауға кірісті. Бұл бағдарлама қабылданған қағидалар мен міндеттемелер бойынша жоғарыда аталған негізгі мәселелерді шешуге бағытталған.

## ТӘРТІП КОДЕКСІ

**GRI 103-2 (3-3)**

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. «Тәртіп кодексі» – осы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі негізгі құжат. Бұл құжат этикалық қағидаларды, құндылықтарды және Компанияның ішкі және сыртқы әрекеттері кезіндегі, соның ішінде жеткізушілермен, өндірушілермен және басқа да серіктестермен қатынасу кезіндегі этикалық қағидаларды, тәртіп ережелері мен құндылықтарын анықтайды.

Тәртіп кодексінде қызметкерлерден сақталуы талап етілетін «Іскерлік қағидаларды», тиімділік стандарттары мен этикалық тәртіп нормаларын қолдану жолдары бойынша КПО қызметкерлеріне толық нұсқаулық беріледі. Тәртіп кодексі сыртқы сауда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, ақпарат беру, сыйлықтар мен қонақжайлылық білдіру белгілері сияқты сұрақтарды айқындайды.

2021 жыл компания үшін ерекше қиын болды және COVID-19 пандемиясы өршіп тұрған шақта тәртіп кодексін жүйелі қолданудың маңызы зор болды. КПО нормативтік-құқықтық сәйкестік жөніндегі бөлімі басшылыққа COVID-19-ға қатысты мәселелерге жөнді көзқарас қалыптастыруға көмектесті. Бұл өз кезегінде туындауы мүмкін мүдделер қақтығысын және демеушілік мәселелеріндегі іскерлік этикаға қатысты басқа да ереже бұзушылықтарды шешуде қызметкерлердің әдеп тұрғысынан дұрыс әрекет етуін қамтамасыз етті. КПО Ақсай және Орал қалаларының жергілікті ауруханаларына медициналық жабдықтар, материалдар мен дәрі-дәрмектер берді, бұл пандемияның жергілікті халыққа тигізген әсерінің салдарын жеңілдетуге ықпал етті.

COVID-19 кезіндегі жағдайдың тұрақсыздығы мен құбылмалылығы КПО-ның жеткізушілермен және мердігерлермен жұмысты жүргізу әдісіне әсер етті. Компанияның нормативтік-құқықтық сәйкестік жөніндегі бөлімі жеткізушілеріміздің қызметті жүргізуде этикалық нормаларды сақтауын қамтамасыз ету үшін кешенді этикалық бағалауды жүргізуді жеделдетті.

«КПО тәртіп кодексі» құжатының толық нұсқасы КПО сайтында осы [сілтеме](#) бойынша орналасқан.

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ОҚИТУ GRI 205-2

Компания барлық қарым-қатынастар «КПО тәртіп кодексінде» келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидаларға негізделген әділ және таза бизнес ортасын құруға бар күшін салып келеді.

КПО-ның барлық қызметкерлері нормативтік талаптарды сақтау мәселелері бойынша тұрақты негізде оқытудан өтеді. Өткен жылы біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы дайындық бойынша жыл сайынғы онлайн-курс енгіздік, оны іссапармен келген және агенттік қызметкерлерін қоса санағанда компания қызметкерлерінің 98%-і өтті. Бұған қоса, КПО-ның әр қызметкерлері жыл сайын қойылған талаптармен танысу қажет және этикалық талаптарға сәйкестікке қатысты ұсынылған жеке міндеттемелермен келісіп растау қажет. Тәртіп кодексі мен басқа да этикалық сәйкестік саясаттары, сондай-ақ процедуралар әрбір қызметкердің онлайн танысып өтуі үшін КПО-ның интранет желісіне жүктелген.

*“КПО-ның барлық қызметкерлері нормативтік талаптарды сақтау мәселелері бойынша тұрақты негізде оқытудан өтеді.”*

COVID-19-бен байланысты шектеулерге қарамастан, 2021 жылы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімі жұмысында жемқорлық қауіп жоғары қызметкерлерге оқытуларды онлайн өткізуді жалғастырды. Негізі, бұл оқыту бетпе-бет өткізіледі. Қашықтан барлығы алты оқыту сессиясы ұйымдастырылды.

## СӘЙКЕСТІКТІ САҚТАУ БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ШАРАЛАР GRI 102-17 (2-26), 103-3 (3-3)

Компанияның нормативтік құқықтық сәйкестік бағдарламасын іске асыру мақсатында, 2012 жылдан бері КПО-ның тегін, анонимдік және құпия [Жедел желісі](#) жұмыс істеп келеді.

Жедел желі КПО қызметкерлері, жеткізушілері және мүдделі тараптары үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын құрудағы маңызды құрал болып табылады. Жедел желі арқылы хабарланатын тақырыптарға ықтимал құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылық, соның ішінде дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржыға қатысты ереже бұзулар немесе жемқорлық кіреді. Қызметтегі ереже бұзу туралы мәлімдемені телефонмен немесе онлайн форманы толтыру арқылы жолдауға болады. Бұдан соң, бұл мәлімдеме нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне қарау және тиісті шараларды қабылдау үшін жіберіледі. Сондай-ақ, компания қызметкерлері нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне, еңбек ресурстары бөліміне немесе тікелей басшыларына жүгіне алады.

2021 жылы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне 169 мәлімдеме келіп түсті. Барлық мәлімдемелер мұқият қаралып, тиісті шаралар қолданылды. Өтініштердің басым бөлігі жұмыс орындарындағы қарым-қатынас мәселелеріне қатысты болды, соның ішінде 150 өтініш нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша ереже бұзуды тергеу процедурасының және/немесе өтініштің сипатына байланысты тәртіптік мәселелерді шешу жөніндегі ереженің талаптарына сәйкес шешілді және жабылды.

Келіп түскен барлық мәлімдемелер нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты ереже бұзуларды тергеу тобымен тергеледі және, қажет болғанда, салдарларды жою бойынша тиісті шаралар қолданылады. 2021 жылы Компанияда қызметтік тексерулерді сапалы жүргізу және ұйым ішіндегі салдарды жою бойынша шараларды жүйелі қолдану мақсатында тергеудің жаңа процедурасы қолданысқа енгізілді.

**”** *Салықтар білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік инфрақұрылым және басқа да қызмет салаларын қаржыландыруға ықпал ететін Қазақстан Республикасы үшін маңызды табыс көзі болып табылады.*

## МЕМЛЕКЕТКЕ ЖАСАЛҒАН ТӨЛЕМДЕР GRI 207-1, 207-2, 207-3

Uchet.kz деректері негізінде, КПО компаниясы тізімге енген (Grant Thornton компаниясы жасаған) 50 ірі компанияның ішінде екінші ірі салық төлеуші болып танылды, оның үлесіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне түсетін барлық салық түсімдерінің едәуір бөлігі тиесілі.

КПО салық режимі өнімді бөлу туралы келісіммен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасымен реттеледі.

Салықтар білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік инфрақұрылым және басқа да қызмет салаларын қаржыландыруға ықпал ететін Қазақстан Республикасы үшін маңызды табыс көзі болып табылады.

КПО компаниясы мүмкіндігінше өзара құрмет пен ашықтық негізінде, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында бизнес пен әлеуметтік саланы дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыру мақсатында салық органдарымен ашық диалог пен ынтымақтастық қатынастарын құруға ұмтылады. Салықтық жеңілдіктер қолданылған және салық төлеуден босатылған жағдайларда КПО олардың ашықтығын және заңнамалық, нормативтік шектерге сәйкестігін қамтамасыз етуге ұмтылады.

Іс жүзінде КПО салық стратегиясы салықтарды дұрыс есептеу, қосарланған салық салу тәуекелін азайту және салық органдарымен кез келген даулардың алдын алу

болып табылады. Осыған байланысты, компанияның негізгі қағидаты салық міндеттемелерін уақтылы төлеу және тиісті органдарға заң бойынша талап етілетін немесе тиесілі салықтарды дұрыс анықтау үшін қажетті барлық ақпаратты уақтылы беру болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда салықтық тексерулерді жоспарлау мен ұйымдастыруда тәуекелдерді басқару жүйелері (ТБЖ) қолданылады, тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері әзірленген және бекітілген. Бұл жүйе мемлекетке залал келтіруі мүмкін салық төлеушінің салық міндеттемесін орындамау және (немесе) толық орындамау ықтималдығын бағалау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені болып табылады. ТБЖ тәуекелді анықтау және оның алдын алу мақсатында салық қызметі органдары қолданатын шараларды да қамтиды. Тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде салықтық бақылау нысандарын саралап қолдану жүзеге асырылады. Мәселен, 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша салық органдарының бағалауына сәйкес КПО-ға төмен тәуекел дәрежесі берілді.

КПО салық салу саласындағы ҚР заңнамасының нормаларын қатаң сақтайды, сондай-ақ мұнай-газ және тау-кен секторларында табыстар мен есеп берушіліктің айқындығын көрсетуге ықпал ететін Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасының (ӨСАБ) жалпы әлемдік стандартына сәйкес өзінің салықтық құқықтық қатынастарын іске асырады.

## ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ БАСТАМАСЫ GRI 102-13 (2-28)

КПО Қазақстан Республикасы (ҚР) табиғи ресурстарын басқарудағы табыстардың және құн жасаудың толық тізбегінің айқындығын қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын (ӨСАБ) қолдайды.

2021 жылы КПО салық және төлемдер түрінде ҚР бюджетіне ӨСАБ толтыру талаптарына сәйкес 1,6 млрд АҚШ долларын төлеген (SAP ішкі бухгалтерлік есеп жүйесінің бағамы бойынша). Бұл деректер ҚР Өндіруші салаларының ашықтығы бастамасы бойынша 2021 жылғы 17-ұлттық есебінде көрсетілген.

КПО өз салық міндеттемелері бойынша ӨСАБ есептерін ҚР құзіретті органдарына 2014 жылдан бері өздігінен ұсынып келеді.

6-кестеде КПО-ның 2014 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңдегі төлемдері туралы деректер берілген.

КПО Компаниясының ҚР мемлекеттік бюджетіне төлеген салықтары жөніндегі мәліметтер <http://egsu.energo.gov.kz> сілтемесі бойынша «ҚР мұнай-газ және тау-кен өндіру секторларының төлеушілердің салықтық және салықсыз төлемдер/түсулер бойынша қорытынды есептеме» бөлімінде баршаға қолжетімді түрде жарияланған.

### 5-кесте. КПО төлеген салықтар мен міндетті төлемдер, 2014–2021 жж. (АҚШ долл.)

2014	2015	2016	2017*	2018	2019	2020**	2021
2,1 млрд	1,2 млрд	0,369 млрд	0,746 млрд	1,9 млрд	1,6 млрд	0,971 млрд	1,6 млрд

**Ескерту:**

\* 2017 жылғы Тұрақты даму туралы есепте жарияланған 897 млн сомдағы алшақтық төлеуші мен алушының деректерін салыстырып тексеруден кейінгі кезеңде қайтару сомасының көрсетілуімен түсіндіріледі.

\*\* 2020 жылдан бастап қазақстандық теңгеден АҚШ долларына айырбастау кезінде КПО есепті кезең соңындағы ҚР ҰБ бағамы бойынша емес, SAP бухгалтерлік есептің ішкі жүйесіне сәйкес төлем сәтіндегі бағам бойынша есептеуді орындайды.

**”** *КПО Қазақстан Республикасы (ҚР) табиғи ресурстарын басқарудағы табыстардың және құн жасаудың толық тізбегінің айқындығын қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын (ӨСАБ) қолдайды.*

**”**

2021 жылы КПО салық және төлемдер түрінде ҚР бюджетіне ӨСАБ толтыру талаптарына сәйкес

**1,6** млрд АҚШ долларын

# ЭЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР

# 03

- 37 Қауіпсіздік техникасы
- 45 Еңбекті қорғау және денсаулық сақтау
- 50 Апаттық әрекет ету жүйесі
- 53 Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету
- 56 Қауіпсіздік
- 58 Қызметкерлер және кәсіби дайындық
- 68 Жергілікті халықпен қарым-қатынас

## ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ GRI 102-15

Қауіпсіздік техникасы мен Компанияның әсері бойынша қауіп-қатерлерді барынша азайту мақсатында біз бірқатар міндеттерді белгіледік. Олардың нәтижелері келесі кестеде берілген.

**6-кесте. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы міндеттеріміз GRI 103-2 (3-3)**




2021 жылғы міндеттеріміз	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді жүзеге асыру үшін қабылданған іс-әрекеттер	2022 жылға қойылған міндеттер
Қауіпсіздік техникасы мәдениетін арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын жүргізуді жалғастыру	91%-ке орындалды	Жоспарды іске асыру «Өмірлік маңызды ережелер» туралы хабардар болу деңгейін арттыруды (электрондық онлайн оқыту), сондай-ақ салдарды басқаруды, көшбасшылық пен тәлімгерлікті, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілікті бағалауды, жұмыс учаскелерінде басшылықтың болуын, процедураларды оңайлатуды қамтыды. Бағдарламаның атауы көшбасшылықты ерекше атап көрсету үшін өзгертілген.	Қауіпсіздік бойынша көшбасшылық және мәдениетті арттыру жоспарын жүргізуді жалғастыру
ҚӨК төменгі буын басшыларының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілігін 10 элемент бойынша бағалауды аяқтау	100%-ке орындалды	КПО төменгі буын басшыларының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілігін бағалау аяқталды.	–
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 2021 жылға арналған коммуникациялар жоспарын орындау	97%-ке орындалды	Жоспарды іске асыру ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы хабардарлықты арттыруды, марапаттау механизмін, бағдарламалар мен науқандарды жүзеге асыруды, өзара әрекеттесу мен жұмыс кеңестерін өткізу механизмдерін қамтиды.	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 2022 жылға арналған коммуникациялар жоспарын орындау
Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын жүзеге асыру бойынша шараларды орындау	90%-ке орындалды	Жоспардың 22 шарасының 14-і орындалды, қалған 8-і 2022 жылы жалғасуда. Нақты деректер «Жол қауіпсіздігі» бөлімінде келтірілген.	ISO 39001 стандарты бойынша жол қозғалысы қауіпсіздігін басқару жүйесін сертифициаттаудан ету
	Жаңа мақсат		Компаниядағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениеті деңгейіне бағалау жүргізу.

## Бұл біз үшін неге маңызды?

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен нысан тұтастығын қамтамасыз ету – кез келген мұнай, газ және конденсат кен орнын игеру мен пайдаланудағы табыстың негізгі факторлары. Күкіртсутегі шығарындылары, ағып кетулер мен жол-көлік оқиғасы қауіп-қатерлерімен байланысты жұмыстар кезінде қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің компания үшін аса маңызды міндет. Әрбір қызметкер үйіне аман-есен оралу қажет және өндірісте ешқандай өнімнің ағып кетуіне жол берілмеу керек. **GRI 103-1 (3-3), 102-15**

КПО тиімді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін жүргізуге ұйым ішінде де, одан тыс та көп күш жұмсайды.

**1-сызба. ЕҚЖЖ мен ТТЖ жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2016–2021 жж. GRI 403-9**



- Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі
- Тіркелуі тиіс жарақаттар жиілігі

Ескертпе: ЕҚЖЖ бен ТТЖ көрсеткіштерін есептеу үшін КПО-да келесі әдістер қолданылады:

<sup>2</sup> Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі (ЕҚЖЖ) = еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелетін жарақаттар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар + адам қазасымен аяқталған жарақаттар) x 1 000 000 / адам сағат;

<sup>3</sup> Тіркелуі тиіс жарақаттар жиілігі (ТТЖ) = есепке алынуы тиіс жарақаттар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар + жеңіл жұмысқа ауыстыруға әкелген жағдайлар) x 1 000 000 / адам-сағат.

2021 жылғы КПО-дағы ТТЖ жиілігі

0,09

2021 жылғы КПО-дағы ЕҚЖЖ жиілігі

0,03

**ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР**

GRI 103-3 (3-3), 403-2, 403-9

Біз қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау саласындағы қызметімізді ілгерілік динамикасы мен әлемдегі оқиғаларды ескеріп жоспарлаймыз. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау саласындағы жетістіктерімізді адам-сағаты ескерілген белгілі бір жұмыс көлемінің орындалу кезінде орын алған оқиғалардың жиілігімен өлшейміз. Төменде 2021 жылғысы айрықша көрсетіліп, 2016–2021 жылдардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштері берілген.

1-сызбада еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі (ЕҚЖЖ)<sup>2</sup> және тіркелуі тиіс жарақаттар жиілігі (ТТЖ)<sup>3</sup> көрсетілген.

2021 жылы КПО-да есепке алынатын жарақаттар саны екі есе азайды. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақат саны да азайды (2020 жылдағы екеуден 2021 жылда бір жарақатқа дейін). 2021 жылы КПО-да ЕҚЖЖ 0,03-ті (2020 жылғы 0,06-мен салыстырғанда), ал ТТЖ 0,09-ды (2020 жылғы 0,18-мен салыстырғанда) құрады. Жарақаттар санының азаюы негізінен

қауіпсіздік бойынша көшбасшылық және мәдениетті арттыру жоспары мен ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ саласындағы коммуникацияларды жақсарту жоспарының бірқатар шараларын дәйекті түрде орындаумен, сондай-ақ ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ саласындағы төменгі буын басшыларының біліктілігін бағалаудың аяқталуымен байланысты.

КПО оқиғалардың қайталануына жол бермеу үшін олардың барлығын тексереді. Бұдан басқа, біз өзіміздің мердігер ұйымдармен және басқа да мүдделі тараптармен оқиғалардан алынған сабақтар бойынша ақпаратпен алмасамыз, сондай-ақ, қауіпсіздік техникасын жақсарту мақсатында басқа компаниялардың тәжірибесін де қарастырамыз.

7-кестеде КПО мен мердігер ұйымдардың соңғы үш жылдық ЕҚЖЖ жиіліктері салыстырылып берілген. КПО мен мердігер ұйымдардың мәліметтері жеке-жеке берілген. Жиынтық көрсеткішті алу үшін мәліметтерді жинақтаудың орнына, есептеу формуласын қолдану қажет.

**7-кесте. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2019 – 2021 жж. GRI 403-9**

Көрсеткіштер	2021	2020	2019
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі (КПО)	0,14	0,00	0,13
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,00	0,07	0,04

8-кестеде КПО мен мердігер ұйымдардың тіркелетін жарақаттар жиіліктері салыстырылып берілген.

**8-кесте. Тіркелуі тиіс жарақаттар жиілігі: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2019 – 2021 жж. GRI 403-9**

Көрсеткіштер	2021	2020	2019
Тіркелуі тиіс жарақаттар жиілігі (КПО)	0,14	0,00	0,13
Тіркелуі тиіс жарақаттар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,08	0,22	0,33

Ескертпе: Алғашқы медициналық көмек көрсетілген оқиғалар өндірістік жарақат есебіне қосылмайды.

КПО қауіпсіз жұмыс ортасын құруға ұмтылады. Алайда 2021 жылы Компанияда КПО және мердігер ұйымдар қызметкерлерінің әртүрлі жарақат алуына әкелген 3 оқиға орын алды.

**9-кесте. 2021 жылы орын алған оқиғалар GRI 403-9**

Жарақат түрі	Сипаты	Саны
Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалту жағдайы	Каустикалық сода ерітіндісінің шығып кетуі нәтижесінде көз зақымдануы (химиялық күйік)	1
Тіркелетін жарақат жағдайы, қызметкерлер жарақаттан кейін медициналық ем алған соң жұмыстарын жалғастырды немесе жеңіл жұмысқа ауыстырылды	Өткір затпен білекті жарақаттау (кесіп алу)	1
	Тайып кету және құлау салдарынан қол жарақаты	1
<b>Барлығы</b>		<b>3</b>

2021 жылы бір де бір айтарлықтай жол-көлік оқиғасы тіркелмеді. 2021 жылы жол-көлік оқиғаларының жиілігі (ЖКОЖ) 1 млн шақырым жүріп өткен жолға шаққанда нөлге тең болып сақталды (2020 жылдағыдай). Жол-көлік оқиғаларының нөлдік көрсеткіші жол қауіпсіздігін жақсарту жоспарының аясында орындалған бірқатар іс-шараларды орындаумен, жүргізу дағдыларын бағалаумен және «Жол қауіпсіздігі» бөлімінде сипатталған басқа да жетістіктермен байланысты болды.

2020 жылғы 37,9 млн км салыстырғанда 2021 жылы КПО көлік құралдарының жүріп өткен жолы 40,2 млн км құрады.


**10-кесте. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2019 – 2021 жж. GRI 403-9**

Тиімділік көрсеткіші	2021	2020	2019
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,00	0,00	0,03

**11-кесте. Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2019–2021 жж. GRI 403-9**

Тиімділік көрсеткіші	2021	2020	2019
Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00
Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,00	0,00	0,00


**2-сызба. Ірі жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2019–2021 жж. GRI 403-9**



- Жол-көлік оқиғаларының жиілігі

Ескертпе: КПО-да қолданылатын ЖКОЖ есептеу әдісі: жол-көлік оқиғаларының жиілігі = ірі жол-көлік оқиғаларының саны x 1 000 000 / км жүріп өткен жол.

**3-сызба. Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2019–2021 жж. GRI 403-9**



- Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі

Ескертпе: КПО-да қолданылатын адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігін есептеу әдісі: адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі (жасалған бір миллион адам-сағатқа шаққанда) = адам қазасымен аяқталған оқиғалардың саны x 1 000 000 / жасалған адам-сағат.



2021 жылы КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлері 32 265 055 адам-сағат жұмыс жасады: олардың 21%-ы (6 924 081 адам-сағат) КПО қызметкерлері, ал 79%-ын (25 340 974 адам-сағат) мердігер ұйымдар қызметкерлері жасады.

**12-кесте. Жасалған адам-сағат саны: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2019–2021 жж. GRI 403-9**

Көрсеткіштер	2021	2020	2019
Жасалған адам-сағат (КПО)	6 924 081	7 269 825	7 829 313
Жасалған адам-сағат (мердігер ұйымдар)	25 340 974	26 955 757	27 339 092
<b>Барлығы</b>	<b>32 265 055</b>	<b>34 225 582</b>	<b>35 168 405</b>

2021 жылы КПО-да тек бір ықтимал қауіпті оқиға тіркелді: технологиялық процеске байланысты мүлікке зиян келтіру оқиғасы.

**13-кесте. Ықтимал қауіпті оқиғалардың саны\*: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2019–2021 жж. GRI 403-9**

Көрсеткіштер	2021	2020	2019
Ықтимал қауіпті оқиғалар саны (КПО)	0	1	3
Ықтимал қауіпті оқиғалар саны (мердігер ұйымдар)	1	1	8
<b>Барлығы</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>11</b>

\* Ықтимал қауіпті оқиға (ЫҚО) – бір немесе бірнеше адам өліміне әкелуі мүмкін оқиға немесе ықтимал қауіпті жағдай.

2021 жылы 64 ықтимал қауіпті жағдай тіркелді (бұдан әрі – ЫҚЖ): оның ішінде 39 жағдай (61%) оқиғаларды хабарлау процедурасы бойынша, 25 жағдай (39%) ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарының көмегімен анықталды. КПО әрбір ЫҚЖ және оқиғаға мұқият тергеу жүргізеді, тікелей және негізгі себептері анықталып, кемшіліктерді түзетуге және алдағы уақытта оқиғалардың қайталанбауына ұсыныстар жасалады.

**14-кесте. Ықтимал қауіпті жағдайлар саны\*: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2019–2021 жж. GRI 403-9**

Көрсеткіштер	2021	2020	2019
Ықтимал қауіпті жағдайлар саны (КПО)	21	27	47
Ықтимал қауіпті жағдайлар саны (мердігер ұйымдар)	43	46	64
<b>Барлығы</b>	<b>64</b>	<b>73</b>	<b>111</b>


\* Ықтимал қауіпті жағдай (ЫҚЖ) – есепке алынуы тиіс жарақаттануға, мүлікке, қоршаған ортаға зиян келтіруге немесе технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғаға әкелуі мүмкін, алайда түрлі жағдайларға байланысты орын алмаған, кез келген жоспарланбаған және бақыланбайтын оқиға немесе оқиғалар тізбегі.

**САЛАНЫҢ БАСҚА ҰЙЫМДАРЫМЕН САЛЫСТЫРУ GRI 103-3 (3-3)**

КПО компанияның тиімділік негізгі көрсеткіштерін (ТНК) мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы (бұдан әрі IOGP) есебінде көрсетілген оператор компаниялардың көрсеткіштерімен салыстырады. IOGP қауымдастығы ЕҚ және ҚТ саласындағы тиімділік көрсеткіштерін жыл сайын [www.iogp.org](http://www.iogp.org) сайтында жариялайды.

2021 жылы КПО-да еңбекке қабілеттілігін жоғалту жарақаттар саны азайды (2020 жылы екі жарақатпен салыстырғанда 2021 жылы бір жарақат орын алды). Егер КПО-ның көрсеткіштерін 2021 жылғы саланың басқа компаниялар көрсеткіштерімен салыстыратын болсақ, КПО-ның еңбек ету қабілетін жоғалту жарақаттар жиілігі IOGP жетекші 10 компаниясының көрсеткіштерінен және IOGP орташа статистикалық көрсеткіштерінен жоғары (4-сызбаны қараңыз).

**4-сызба. IOGP мен КПО салыстырмалы көрсеткіштері, 2008–2021 жж. GRI 103-3 (3-3)**



2020 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы үлесі үшін қызметкерлерді жыл сайынғы марапаттау

## 2021 ЖЫЛҒЫ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ ЖАҚСARTУ ЖОСПАРЫ

GRI 102-11 (2-23), 103-3 (3-3), 403-7

Жоспардың басты міндеті – ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында басқару жүйесін жақсарту, қауіп-қатерлер факторларын әрі қарай бақылау, қызметкерлердің денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу. Бұған елеулі пайда мен жақсартуларға бағытталған мақсатты элементтерді және Компанияның күнделікті өндірістік қызметінен тыс бірқатар іс-шараларды жүргізу арқылы қол жеткізіледі.

- ▶ 2021 жылы КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын дайындауда жоспар мен тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (ТНК) келісімділігін қамтамасыз ету және қойылған міндеттерге жету үшін құрылымдық тәсілді қолданды.
- ▶ Компанияның 2021 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту жоспары өзара байланысты бағыттардан тұрады:

- ▶ Бұл мәселелерді шешу үшін көмекші жоспарлар жасалған;
- ▶ КПО-ның барлық мүдделі тараптары бірлескен мақсаттар мен көмекші жоспарларды мойындап, бөлісті;
- ▶ Негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін Компания жоспарларды іске асыру және тосқауылдарды нығайту бойынша бірлескен жұмыс жүргізді.

Жоспар мониторингі I, II және III деңгейлердің міндеттеріне қатысты «бағдаршамдар» (жасыл, сары, қызыл) жүйесінің көмегімен жүргізілді.

Келесі параграфтарда біз қауіпсіздік бойынша көшбасшылық және мәдениетті арттыру жоспарының, сонымен қатар жол қауіпсіздігінің шараларын сипаттаймыз. Қоршаған ортаны қорғау, өндіріс тұтастығы, қауіп-қатерлерді басқару және денсаулық сақтау басқа бөлімдерде берілген.

### КПО «АЛТЫН ЕРЕЖЕЛЕРІ» ЖӘНЕ «ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

GRI 103-3 (3-3), 403-1, 403-2, 403-7

КПО ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ саясаты шеңберінде қауіпсіздік мәдениетін арттыру және оқиғаларды азайту мақсатында КПО-да үш негізгі «Алтын ереже» (2017 ж. бастап) және 11 «Өмірлік маңызды ережелер» (2019 ж. бастап) белгіленген.

«Алтын ережелер» Компанияның қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау көзқарасын реттейді: заңнамалық нормаларды сақтауға, қауіп төнген жағдайда араласуға, өзара әрекеттесу кезінде әріптестерді құрметтеуге бағытталған.

«Өмірлік маңызды ережелер» Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) қағидаларына негізделген және мұнай-газ өнеркәсібі ұйымдары арасындағы ЕҚ және ҚТ саласындағы әлемдік қағидаларды стандарттау шеңберінде, сондай-ақ білім, тәжірибе және алған сабақтармен алмасуды жақсарту мақсатында құрылған. Бұл ережелер қауіптілігі жоғары жұмыстардың 11 түрін қамтыған:

### 8-сурет. Қауіптілігі жоғары жұмыстардың 11 түрі



Бұл белгіленген ережелер барлық КПО қызметкерлеріне, мердігер ұйымдар мен қосалқы мердігер ұйымдарға қатысты және Компания қызмет істейтін барлық активтер мен өндірістік нысандарда қолданылады.

Қызметкерлердің «Өмірлік маңызды ережелер» туралы хабардарлығын одан әрі арттыру мақсатымен 2021 жылы «Өмірлік маңызды ережелерді» терең зерттеу науқаны басталды. Оны жете түсінуді қамтамасыз ету үшін науқанға оқу материалдарын әзірлеу және қызметкерлерді тестілеу (электрондық оқыту) кірді. Қызметкерлер нәтижелері келесідей:

- ▶ 3 589 адам «Қорғаныс жүйелерін ажырату» электрондық курсынан сәтті өтті;
- ▶ 3 571 адам «Қауіпті аймақ» электрондық курсынан сәтті өтті.

### САЛДАРДЫ БАСҚАРУ GRI 103-3 (3-3), 403-1

КПО-да «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тәртіптік жауапкершілік және салдарды басқару моделі» жұмыс істейді. Ол оң немесе теріс салдары болуы мүмкін, және сол салдардың оң немесе теріс болуына байланысты тиісті марапаттауды немесе жазаны анықтап беруге көмектесетін қызметкердің тәртібін жүйелі түрде зерттеуді қамтамасыз етеді.

2021 жылы Компания мен мердігер ұйымдардың қызметкерлерін осы модельмен таныстыру бойынша жұмыстар онлайн-кеңестер арқылы жалғастырылды. Қауіп-қатер деңгейі жоғары және орташа мердігер ұйымдар қызметкерлерінің 90%-ы қамтылды. «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тәртіптік жауапкершілік және салдарды басқару моделі» бойынша хабардарлықты арттыру сессияларын өткізу КПО басшылығы үшін, басшылар Компания бойынша «Салдарды басқару моделін» енгізуге ықпал ететіндей жалғастырылатын болады.

### ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық және мәдениет бағдарламасы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын ұдайы жақсарту үшін, сондай-ақ тікелей жұмыс жетекшілерінің дағдыларын дамыту және жетілдіру, қызметкерлерді жұмыс орындарында қауіпсіз жұмыс әдістерін қолдануға үйрету үшін әзірленген.

Бағдарламаны жүзеге асыру 2021 жылы жалғастырылды. Ұңғыма операциялары бөлімінің, жобаларды жүзеге асыру директорының және олардың мердігер ұйымдарының қызметкерлері үшін «Коучинг, қатысу және араласу» курстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ, ҚТ бойынша корпоративтік мәселелер бөлімінің қолдауымен KMG-Parker Drilling мердігер ұйымы өз қызметкерлері арасында мастерлер бригадасына арналған «Жұмысты тоқтат» оқыту бағдарламасын енгізді. Әлеуметтік жобалар бөлімі бастамасы бойынша ҚТ жөніндегі корпоративтік мәселелер бөлімі Орал қаласындағы әлеуметтік жобалар бөлімінің мердігер ұйымдары басшыларына коучинг, қатысу және араласу бойынша шағын таныстыру сессияларын өткізді.

### ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНДА БАСШЫЛЫҚТЫҢ БОЛУЫ

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жалпы көрсеткіштерін және олардың жұмыс орындарында қызметкерлермен қолданылуын қадағалау мақсатында КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер жүргізеді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер екі деңгейде өткізіледі: орта буын басшылардың және КПО директорлары / басқарушылары мен мердігер ұйымдардың қатысуымен жоғары басшылық тексерулері.

2021 жылы жоғары басшылықтың қатысуымен 127 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тексеруі жүргізілді, жоспар бойынша оның саны 70 болған (жоспар 181%-ке орындалды).

### ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ GRI 103-3 (3-3), 403-9

Жол қауіпсіздігінің тұрақты көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін КПО жол қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруды жалғастыруда. 2021 жылы Компания жоспар іс-шараларының 90%-ын орындады.

2021 жылы жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы негізгі жетістіктер мен орындалған іс-шаралар келесілерді қамтиды:

- ▶ Жүргізушілер жұмысын одан әрі жақсарту үшін озық халықаралық тәжірибеге сәйкес келтірілген КПО-ның бірінші және екінші реттік логистика үшін көлік құралдары мониторингінің жаңа жүйесі (КҚМЖ) параметрлерін енгізу;
- ▶ КПО және мердігерлік ұйымдардың 170-тен астам жүргізушілер біліктілігін ішінара түрде де, қауіп-қатерлерге бағдарланған тәсілді қолдана отырып та, КҚМЖ RAG есептері, көлік құралдарының түрі, жүк түрі, жүріп өткен шақырым жол негізінде бағалау;
- ▶ Ең төмен көрсеткіштері бар 6 мердігер ұйымның жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігін тексеру;
- ▶ Кен орны негізгі жолдарының шұңқырларын жөндеу, жол белгілерін ауыстыру және жол таңбаларын салу;
- ▶ КПО және мердігер ұйымдар жүргізушілері үшін қыс мезгіліндегі жол қозғалысы қауіпсіздігі, жолдағы қауіп-қатерлер, оның ішінде жолдарда жануарларды қағып кету қаупі бойынша кезектен тыс жиналыстарды ұйымдастыру;

ISO 39001: Жол қозғалысы қауіпсіздігін басқару жүйесі – стандарт талаптарына толық сәйкестікпен алдын ала сертификаттау сәтті өтті. 2022 жылы КПО осы стандарт бойынша сертификаттаудан өтуді жоспарлап отыр.



«ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша 2021 жылғы чемпион» атты ЭНИ компаниясының марапатын иеленуші – Марат Дусинбаев

## ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ МӘДЕНИЕТІ GRI 103-3 (3-3), 102-11 (2-23), 403-5

2021 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша барлық келесі қызметтерді қамтитын жаңа ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы коммуникациялар бойынша іс-шаралар жоспары енгізілді: Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндіріс тұтастығы басқармасы, өндірістік директораттың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі, жобаларды іске асыру директоратының құрылымындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы барлық іс-шараларды, оның ішінде алдағы және ағымдағы шараларды, кездесулерді, жоспарларды үйлестіру үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі корпоративтік бөлім. Күш жұмылдырып, бірлесе жұмыс істеудің арқасында кесте бойынша жоспарланған іс-шаралардың 97%-ы орындалды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы коммуникациялар бойынша іс-шаралар жоспары аясында 2021 жылдың желтоқсан айында КПО жоғары басшылығының қатысуымен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша форум өткізілді. КПО жоғары басшылығы мен 54 мердігер ұйымның өкілдері гибриді түрде қатысты – қатысушылардың бір бөлігі форум өтетін жерде қатысса, екінші бөлігі онлайн режимінде қосылды. Форумның мақсаты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін бірлесіп қарастыру, тәжірибе алмасу және қауіпсіздік мәдениеті мен оның элементтері туралы, Қарашығанақ жобасының «Қауіпсіздік мәдениеті сатысының» қай деңгейінде тұрғаны және одан әрі дамыту үшін не істеуге болатыны туралы талқылау болды.

Өткен жылы «Оқиғалардан алынған сабақтар» жаңа дерекқоры іске қосылды, онда әрбір адам КПО ішкі оқиғалары бойынша да, сыртқы көздер оқиғалары бойынша да алынған сабақтардың мұрағатын, сондай-ақ түрлі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тақырыптарына пайдалы «Қауіпсіздік бойынша қысқаша ақпараттарды» таба алады. Жаңа дерекқорда кеңейтілген іздеу жүйесі бар, ол белгілі бір параметрлер бойынша нақты жағдайды табуға мүмкіндік береді (мысалы, «Өмірлік маңызды ережелер» немесе жарақат түрлері, шаралар және т.б.).

КПО COVID-19 вакцинациялау бағдарламасын насихаттау және өрлету мақсатында вакцинацияланған қызметкерлерге вакцинация тәжірибесімен бөлісу және мотивация беру ұсынылды. Барлық оқиғалар компьютер экрандарында «қалқыма хабарламалар» арқылы көрсетілді.

«Ақсай радиосымен» бірігіп, біз халықаралық балаларды қорғау күніне арналған Ақсай қаласы балалары арасында жол қозғалысы қауіпсіздігіне назар аударту мақсатында суреттер байқауын өткіздік. Марапаттау радио эфирінде және Instagram әлеуметтік желісінде өтті. Бұдан бөлек, КПО қызметкерлері танып білу, әрі талқылау үшін «Қауіпсіздік үйден басталады» тақырыбына презентация ұсынды. Онда балалар күнделікті өмірде кездестіруі мүмкін қауіп-қатерлер және қауіпті әрекеттердің кері салдарын болдырмау жөнінде кеңестер берілген.

# ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Компанияның кәсіби денсаулығына қауіп-қатерлер мен әсерін азайту үшін біз өз алдымызға бірқатар міндет қойдық. Оларды орындау нәтижелері төменде келтірілген.



## 15-кесте. Денсаулық сақтау саласындағы міндеттеріміз GRI 103-2 (3-3)

2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
Төмендегі бағдарламаларды қамтитын қызметкерлердің психологиялық денсаулығын сақтау жүйесін іске асыруды жалғастыру: ▶ КВИ шектеулерін алып тастаған жағдайда толық көлемде жаңартылатын «Күйзелуге қарсы тұру» бағдарламасы. Виртуалды сессияларды белсенірек түрде өткізу. ▶ «Психологиялық қолдау» бағдарламасы; ▶ «Маған бірдеңе болды» бағдарламасы.	Жартылай орындалды	▶ «Күйзелуге қарсы тұру бағдарламасы» КВИ шектеулеріне байланысты тоқтатылды. Онлайн сеанстарды өткізу әрекеттері шектеулі болды. ▶ «Психологиялық қолдау» бағдарламасы («Психикалық денсаулық» бағдарламасы) 2021 жылы сәтті жүзеге асырылды.	▶ Пандемияға байланысты шектеулер жеңілдетілгеннен кейін күйзеліске қарсы тұру бағдарламасын жалғастыру. ▶ «Психикалық денсаулық» бағдарламасын жалғастыру.
Мердігерлік ұйымдардың нысандарындағы санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жалғастыру	Орындалды	2021 жылы аудиттердің мақсаты «Адамдарға қамқорлық» бағдарламасы аясында мердігер ұйымдардың нысандарындағы санитарлық-тұрмыстық жағдайларды тексеру болды. Өткізілген аудит саны – 6.	Жобаларды іске асыру жөніндегі директоратқа және Өндірістік қатынастар бөліміне мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің тұрақтау нысандарындағы жағдайларын тексеруде, әсіресе 2022 жылғы қыркүйектегі жоспарлы күрделі жөндеуге байланысты көмек көрсету.
«Шаршау қаупін бақылау» бағдарламасын іске асыру	Орындалды	Жобаларды іске асыру жөніндегі директорат, Көлік және қауіпсіздік бөлімдері шаршауға байланысты қауіптерді бағалап, қауіп-қатерлерді басқару жоспарларын жасады.	КПО-да «Шаршау қаупін бақылау» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру. 2022 жылы күрделі жөндеу жұмыстары кезеңінде осыған ерекше назар аудару.
КВИ шектеулері жағдайында «Global Challenge» бағдарламасының тұжырымдамасын өзгерту мүмкіндігін қарастыру	Орындалмады, тоқтатылды	КВИ пандемиясына байланысты «Global Challenge» бағдарламасының бастамасы тоқтатылды. 2022 жылы бағдарламаны бар формасында жалғастыру жоспарлары жоқ.	
10 автоматты сыртқы дефибрилляторды (АСД) орнату	Жартылай орындалды	Алғашқы медициналық көмек көрсететін тұлғаларды қайта даярлау аяқталды. 10 автоматты сыртқы дефибриллятор (АСД) сатып алынып, Ақсай қаласындағы КПО кеңселерінде орнатылды.	10 автоматты сыртқы дефибриллятор (АСД) сатып алу және кен орнының кеңселерінде орнату
Бес ауысым алдындағы медициналық тексерудің электрондық жүйесі (АМТЭЖ) бағдарламалық және аппараттық жасақтамасын сатып алу және Компанияның барлық медициналық орталықтарында орнату	Аяқталды	2020–2021 жылдар аралығында КПО бес медициналық орталығында жеті АМТЭЖ жасақтамасы орнатылды және жұмыс істеп тұр. АМТЭЖ жүйесі қолмен жүргізілетін ауысым алдындағы медициналық тексеруді алмастырды. Тексеру аясы – қан қысымы, тамырдың соғуы, дене қызуы, алкотест. Медициналық тексерулердің нәтижелері тоб жетекшілеріне онлайн түрде қол жетімді.	
Эпидемиологиялық жағдайға байланысты легионеллез қаупін төмендету бойынша аудит жүргізу туралы мәселені қарау	Орындалды	Легионеллез қаупін азайту жоспарының іске асырылуы тексерілді. Жоспарда белгіленген іс-шаралар көптеген нысандарда жүзеге асырылды.	Легионеллез қаупін болдырмау жөніндегі талаптарды орындауды жалғастыру



## Бұл біз үшін неге маңызды?

Еңбек гигиенасы біз өміріміздің үштен бір бөлігін жұмыста өткізгендіктен және жұмыс орнындағы факторлар біздің жалпы денсаулығымызға әсер ететіндіктен ғана емес, сонымен қатар кәсіби емес аурулар мен жұмыс істеу қабілетіміздің арасындағы байланысы үшін де маңызды.

КПО-да алалаушылық немесе кемсітуге қарсы «Жұмысқа жарамдылықты анықтау ережелері» ашық процедурасы бар. Жауапты жұмыс беруші ретінде КПО өз қызметкерлерінің денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа жарамдылығына қатысты заңнама талаптарын сақтауға көп көңіл бөледі. Жұмысқа қабылданар алдында медициналық тексеруді базалық деңгей ретінде қолдана отырып, біз қызметкерлеріміздің денсаулығын жұмысты жалғастыру қабілеті бойынша бағалап қана қоймай, сонымен қатар өндірістік факторлардың олардың жалпы денсаулығына әсерін де қадағалаймыз.

Өндірістік орта факторларының кез-келген теріс әсерін болдырмау және азайту біздің бастапқы мақсатымыз болып табылады. Бұған қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және қолдау, жұмыс орындарын қызметкердің қажеттіліктеріне қарай орналастыру немесе оларды басқа жұмысқа ауыстыру және оларды қажетті мамандарға жіберу арқылы қол жеткізіледі. **GRI 103-1 (3-3), 102-15**

## ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ САПАСЫН ЖАҚСARTУ **GRI 103-3 (3-3), 403-3**

КПО компаниясы үшін жедел медициналық көмек көрсетуге дайындық және жедел әрекет ету өте маңызды.

КПО медициналық қамтамасыз ету командасымен қызметкерлерге тәулік бойы дәрігерге дейінгі жедел көмек көрсетуді көздейтін шұғыл әрекет ету жүйесі жолға қойылған. Қызметкерлерді ауысым алдындағы медициналық тексеруден өткізу және 4 медициналық орталықтарының болуы далалық жағдайларда денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған орта үшін қауіпті әсерді төмендету мақсатында ұйымдастырылған.

### 16-кесте. Медициналық көмек көрсету көрсеткіштері, 2021 ж.

Медициналық көмек көрсету көрсеткіштері	
Медициналық орталықтардың көмегіне жүгінген қызметкерлердің саны	1 075
Медициналық мекемелерге жеткізілген науқастардың саны	49
Өткізілген практикалық сабақтар мен жаттығулардың саны	274
Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша дайындықтан өткен қызметкерлердің саны	1
Ауысым алдындағы медициналық тексеру (жүргізушілер/ операторлар/электриктер)	
Өткізілген тексерудің саны	90 479
Еңбекке жарамсыз болып анықталған жағдайлар саны	9
Ішінара алкогольдік тексеру	977
Ішінара алкогольдік тексерудің оң нәтижелері	5
Жедел медициналық көмек	
Шұғыл қоңыраулар саны	49

### КВИ ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БӨЛІМІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ **GRI 403-2, 403-3, 403-6**

2021 жылғы қаңтар-қыркүйек айлары аралығында КВИ ауруымен шалдыққан 88 пациент Чех қалашығындағы КПО медициналық қызметкерлерінің бақылауында болды. КВИ-мен шалдыққан 53 науқас Ақсай қаласы мен кен орнындағы жұмыс орындарынан эвакуацияланды. КПО-ның барлық қызметкерлеріне ай сайын ЖҚҚ (медициналық бетперделер, қолғаптар, қолды залалсыздандыру құралдары) берілді.

Денсаулық сақтау бөлімінің қызметкерлері мен КПО бөлімдерінің еріктілерінен тұратын КВИ медициналық тобы пандемияның әсерін жеңуге қатысуды және көмек көрсетуді жалғастырды.

2021 жылы КПО және мердігер компаниялардың қызметкерлері 170 000 астам ПТР талдауынан өтті. Бұл аурудың жұмыс орнында және жергілікті тұрғындар арасында таралуын бақылауға көмектесті.

2021 жыл бойы КПО санитарлық зертханасы компанияның нысандарында санитарлық-дезинфекциялық шаралардың сақталуын тексеру үшін 47 инспекция өткізді.

КВИ жұқтырған жағдайдан кейін мердігерді тарта отырып жұмыс орындарын залалсыздандыру ұйымдастырылды.

### ВАКЦИНАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ

2021 жылы КПО Ақсай ауруханасында екпе салу орталығын құрып, Қазақстан Республикасының COVID-19 қарсы вакцинациясы бойынша шарасын қолдады. Вакцинациялауға жататын қызметкерлердің 94% астамы екпенің екі компонентін алды. Бұған бірқатар құралдарды қолдану арқылы қол жеткізілді:

- ▶ Ақпараттандыру және оқыту (арнайы веб-парақ, «Дәрігерге сұрақ қою» сессиялары, плакаттар, баннерлер және қалқымалы хабарламалар,

вакцинациядан өту туралы тәжірибемен бөлісу және т.б.);

- ▶ Екпенің толық курсы алған қызметкерлерді ПТР талдамасынан босату;
- ▶ Бағалы жүлделер мен сыйлықтар ұтыс ойындарын өткізу;
- ▶ Вакцинация бойынша жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін сыйлықақы төлеу.

### АҚСАЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ АУРУХАНАНЫҢ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ САПАСЫН ЖАҚСARTU ЖӨНІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА **GRI 102-44, 203-1**

Ақсай ауруханасын жаңарту жобасы әлеуметтік инфрақұрылым жобаларын орындау шеңберінде бес жыл ішінде (2020–2025 жж.) халықаралық стандарттарға қол жеткізу жолымен аурухананың шұғыл және қарқынды медициналық көмек көрсету мүмкіндіктерін

жаңғырту мақсатында 2020 жылдың қаңтарында іске қосылды. Жоба жабдықтар мен инфрақұрылымды жетілдіруді, сондай-ақ қажетті құзыреттерді дамытуды және басқару жүйелерін енгізуді қамтиды.

Жобаны іске асыру барысында оңтайлы прогресс және клиникалық нәтижелерге (мысалы, хирургиялық өлім-жітім көрсеткіштері және жалпы өлім-жітім көрсеткіштері) елеулі әсер ету көрсетілді. Сынауудың тиімді нәтижелері жаңа әдістер мен хаттамалардың арқасында адамдардың өмірін сақтап қалудың мысалдарын растайды. Дәрігерлер мен жергілікті тұрғындар әлеуметтік желілерде көптеген оң пікір қалдырды.

КПО Денсаулық сақтау бөлімі, БҚО әкімдігінің денсаулық сақтау бөлімі және Ақсай аудандық ауруханасының басшылығы Бөрлі ауданы тұрғындары мен КПО қызметкерлерінің игілігі үшін жобаны бірлесіп басқаруда. Жобаны қадағалауды, техникалық консультацияларды бірлесіп ұсыну мақсатында құрылған медициналық сарапшылардан тұратын Операторлардың бірлескен комитеті (ОБП) жүзеге асырады..

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АУРУҒА ШАЛДЫҒУ ҚАУПІН БАСҚАРУ **GRI 403-3, GRI 403-6**

### МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

КПО қызметкерлеріне Қазақстан Республикасында кепілді тегін медициналық қызмет көрсету және міндетті медициналық сақтандыру шеңберінде ұсынылатын медициналық қызметтерді толықтыратын медициналық сақтандыру ұсынылады. Медициналық сақтандыру амбулаториялық көмек, стационарлық емдеу және дәрі-дәрмек пен стоматологиялық қызметтерге шығындарды өтеу бойынша бірқатар қызметтерді қамтиды. Созылмалы аурулары бар қызметкерлер тұрақты тексерулер мен емдеу үшін диспансерлік бақылауға жіберіледі.

### АВТОМАТТЫ СЫРТҚЫ ДЕФИБРИЛЛЯТОРЛАР

Жүрек тоқтаған кезде, кідірістің әр минутымен өмір сүру мүмкіндігі 10% төмендейді. КПО-да дефибрилляциялық көмекке дейінгі кідірістер 15 минутқа жетуі мүмкін. Автоматты сыртқы дефибрилляторлар (АСД) алғашқы медициналық көмек көрсететін тұлғаларға (яғни оқытылған, бірақ мамандырылмаған) пациентке дефибрилляция жасауға мүмкіндік береді. 2021 жылы келесі іс-шаралар орындалды:

- ▶ КПО-да алғашқы көмек көрсететін адамдарды қайта даярлау аяқталды;
- ▶ 10 АСД сатып алынып, КПО-ның Ақсай қаласындағы кеңселерінде орнатылды;

- ▶ Қосымша АСД жабдығын сатып алу үшін бюджет сұратылды.


### АУЫСЫМ АЛДЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Медициналық тексерудің электрондық жүйесі (АМТЭЖ) – бетпе-бет тексерулерді алмастыратын ауысым алдындағы медициналық тексеру процесін цифрландыру және оңтайландыру жобасы болып табылады. 2021 жылы АМТЭЖ жүйелері КПО-ның бес медициналық орталықтарында орнатылды.

## ДЕНСАУЛЫҚТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫС ОРНЫНДА БОЛМАУЫН БАҚЫЛАУ GRI 403-3, 403-10

2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы КПО қызметкерлерінің денсаулықтарына байланысты жұмыс орнында болмау көрсеткіштері аздап төмендеді.

### 5-сызба. КПО жұмыс орнында болмау көрсеткіштері, 2015–2021 жж.



Ескерту: КПО жұмыс орнында болмау көрсеткішін есептеу үшін келесі әдіс қолданылады:

- Жұмыс орнында болмау көрсеткіші = жұмыс орнында болмау салдарынан (ауруға шалдығу) жоғалған күндердің нақты саны x 100 / қызметкерлердің жалпы саны. Басқа себептер бойынша жұмыс орнында болмаған күндер туралы ақпарат жоқ.
- КПО-да жұмыс орнында болмау көрсеткіші қызметкерлердің саны негізінде (адам-сағат емес) есептеу әдістемесі қабылданған, өйткені бұл әдістеме реттеуші органдардың талабы болып табылады.



КПО денсаулық сақтау бөлімінің қызметкерлері реанимобиль жабдығын тексеруде

## КӘСІБИ АУРУЛАР GRI 403-2, 403-3, 403-10

Мұнай-газ өнеркәсібі денсаулыққа әсер етуді болдырмау үшін қатарлас қауіп-қатерлерді анықтауды, бағалауды және басқаруды талап ететін жұмыс орындарында бірқатар зиянды өндірістік факторлары (күкіртті сутек, химиялық заттар, шу мен діріл, климаттық, биологиялық, психикалық-әлеуметтік факторлар және т.б.) бар қауіпті өндіріс болып табылады. КПО өндірісінде бұл процестер жақсы жолға қойылған және бақылаудың сенімді тетіктерімен қамтамасыз етілген.

2021 жылы Эко-орталық нысанында денсаулыққа қауіпті факторларды бағалау жұмыстары жүргізілді. Бағалау нәтижелері бойынша одан әрі орындау үшін түзету іс-шараларының жоспары жасалды.

2021 жылы ешбір КПО қызметкеріне кәсіби ауруы бар екендігі туралы диагноз қойылмады.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСҚА ЖАРАМДЫЛЫҒЫН ТЕКСЕРУ GRI 403-2, 403-3, 403-6

КПО кез келген қолайсыз өзгерістерді қадағалайтын базалық деңгейді және мерзімдік медициналық тексерулерді қамтамасыз ететін жұмысқа қабылданар алдында денсаулық жағдайы бойынша кәсіби жарамдылығын бағалау арқылы қызметкерлердің өздері, компания немесе үшінші тұлғалар үшін жол берілмейтін қауіп-қатерлерсіз жұмысты қауіпсіз орындай алатын жағдайларды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік актілері, сондай-ақ Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) басты қағидаттары КПО-ның «Қызметкердің жұмысқа жарамдылығын анықтау қағидалары» процедурасы үшін құқықтық және техникалық негізді қамтамасыз етеді.

Негізгі элементтердің бірі – қызметкер жұмысқа жарамдылығын анықтау бойынша медициналық бағалау нәтижелерімен қанағаттанбаған жағдайда апелляцияға жүгіну мүмкіндігі болып табылады.

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ GRI 103-2 (3-3), 403-6

### ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызметкерлерге психологиялық көмек көрсету бағдарламасы КПО қызметкерлеріне психикалық денсаулығына байланысты, атап айтқанда мазасыздық, депрессия, өзін-өзі құлдырату және өзін-өзі өлтіру салдарынан зиян келтірудің алдын алуға бағытталған.

Бағдарлама мультимедиа құралдары арқылы, бейне байланыс немесе жеке кездесулер түрінде 24/7 жедел желі арқылы қол жетімді білікті үшінші тарап психологтарының құпия кеңестерін қамтиды. Бағдарлама сонымен қатар топтық сабақтар, дәрістер, пікірталастар және психикалық денсаулықты қалпына келтіруге арналған жаттығулар ұсынады. Шұғыл психологиялық көмек табиғи апаттар, көптеген адам құрбан болған жазатайым оқиғалар, терроризм және басқа оқиғалар салдарынан жарақаттан кейінгі күйзелу жағдайында көрсетіледі.

### ШАРШАУ ҚАУПІН БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Шаршау – бұл ұйқының жеткіліксіздігінен зейіннің болмауы. Мұнай және газ өнеркәсібінде шаршауға ықпал ететін бірқатар факторлар бар.

2021 жылы шаршау қаупін басқарудың пилоттық бағдарламасының нәтижелері талданып, Көлік бөлімі жүргізушілердің жұмыс кестесін жасау кезінде ескерілді. КПО шаршауға байланысты өндірістік жарақат немесе оқиғалар қаупін азайтатын басқару процестері сипатталған шаршауға байланысты қауіп-қатерлерді басқару процедурасын енгізді.

## ӨНДІРІС НЫСАНДАРЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІПТІК БАҚЫЛАУ GRI 403-3

КПО өндірістік нысандардың санитарлық-гигиеналық жағдайын үнемі қадағалап отырады. 17-кестеде соңғы үш жылда өткізген бақылау нәтижелері көрсетілген.

Нормативтік шектеулерді сақтамаудың әрбір жағдайы талдаудан өтіп, тиісті шаралар қабылданады. Мысалы, жарықтандыру деңгейі төмен болғандықтан люминесцентті шамдар қолданыстан шыға бастады.

Шу компрессорлық станциялар сияқты өндірістік нысандарға тән. КПО-да іске асырылатын «Есту қабілетін сақтау» бағдарламасы – жұмыскерлерге жоғары деңгейдегі шудың әсерін төмендетуге бағытталған бақылау шараларының бір мысалы болып табылады.

### ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДЫ АТТЕСТАТТАУ

Әрбір бес жыл сайын өткізілетін өндірістік нысандарды міндетті аттестаттау еңбек жағдайларын бағалауға бағытталған.

2021 жылы Эко-орталық нысанын аттестаттауды лицензияланған мердігерлік ұйым жүргізді. Жұмыс орындарындағы жағдайлар 14 лауазым бойынша бағаланды, олардың бесеуі зиянды деп танылды. Аттестаттау нәтижелері бойынша түзету іс-шараларының жоспарлары әзірленіп, оларды одан әрі орындау үшін жауапты тұлғаларға берілді. 2022 жылы еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауға ҚӨК, ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3 сияқты ірі нысандар жатады.

### 17-кесте. Өнеркәсіптік факторларды бақылау, 2019–2021 жж.

Өнеркәсіптік факторлар	2021		2020		2019	
	Зерттеулердің саны	Сәйкессіздіктердің саны	Зерттеулердің саны	Сәйкессіздіктердің саны	Зерттеулердің саны	Сәйкессіздіктердің саны
Шу	368	83	398	110	440	114
Тербеліс	63	12	63	15	78	25
Электромагниттік өрістер	3 676	50	3 500	35	4 164	36
Электрстатикалық өрістер	2 048	0	1 737	0	2 322	0
Жарық	2 743	730	2 861	660	3 085	703
Микроклимат	5 250	360	5 670	430	6 630	502
Жұмыс аймағының ауасы	12 342	0	11 607	0	15 741	0
<b>Барлығы</b>	<b>26 490</b>	<b>1 235</b>	<b>25 836</b>	<b>1 250</b>	<b>32 190</b>	<b>1 380</b>

## Бұл біз үшін неге маңызды?

Апаттық әрекет ету және дағдарысты жағдайларды басқару КПО компаниясын басқарудың негізгі элементі болып табылады, өйткені апаттық жағдай ушыққан жағдайда, КПО және мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері, жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары қауіпті және зиянды факторлардың ықтимал әсер ету аймағында қалуы мүмкін.

Төтенше жағдайларға дайындық және оларға әрекет ету ықтимал штаттан тыс жағдайлар мен апаттарды анықтауды, сондай-ақ осындай апаттар салдарының адамдарға, қоршаған ортаға, Компания активтері мен беделіне әсерін барынша азайту үшін ұйымдық құрылым мен ресурстарды қалыптастыруды жобалайды. Бұл ресурстар Бөрлі ауданының мемлекеттік апаттық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарына қоныстану аумақтарындағы және ауыл шаруашылығы жерлеріндегі өрттермен, сондай-ақ су тасқыны салдарымен күресте қолдау көрсету үшін пайдаланылады. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**

## АПАТТЫҚ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

**GRI 103-1 (3-3), 103-2 (3-3), 102-11 (2-23), 102-44**

КПО компаниясында оқиға, апат немесе төтенше жағдай туындаған жағдайда бірінші кезектегі іс-шараларды жүргізу, ТЖ ауқымын бағалау, ТЖ оқшаулау және жою, сондай-ақ салдарын жою жөніндегі іс-қимылдарды жоспарлау және жүзеге асыру үшін қажетті сенімді үш деңгейлі апаттық әрекет ету жүйесі жұмыс істейді. Графикалық түрде жүйе 9 суретте көрсетілген.

**9-сурет. КПО апаттық әрекет ету жүйесі GRI 103-2 (3-3), 403-5**



2021 жылы КПО компаниясы апаттық басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды енгізді. Атап айтқанда, кен орнындағы және Ақсай қаласындағы II деңгейдегі апаттық басқару топтары штаб жұмысының тиімділігін арттыру үшін бірыңғай командаға біріктірілді, сондай-ақ:

- ▶ қызметкерлер арасындағы байланыс жақсарды;
- ▶ ақпаратты қайталамай шешім қабылдау уақыты қысқартылды;
- ▶ функционалдық міндеттер бойынша еріктілердің жалпы резерві құрылды, бұл өз кезегінде ұзаққа созылған сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда қосымша персоналды жұмылдыру мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Сондай-ақ, апаттық-үйлестіру орталықтарының технологиялық әлеуетін арттыру бойынша жұмыс жалғастырылды. Ақсай қаласы мен кен орнындағы апаттық

басқару орталықтары арасында дөңгелек үстел форматында бейне байланыс жүйесі орнатылды. Осының арқасында штабтың жұмысын қатаң карантиндік шектеулер жағдайында жүзеге асыруға және қызметкерлердің бір бөлігін штаб жұмысына қашықтан қатыстыруға мүмкіндік туды.

I деңгейдегі күштер мен құралдарды дайындау шеңберінде, 2021 жылы Компанияның барлық қауіпті өндірістік нысандары ай сайын Апаттық басқару штабының (АБШ), апаттық-құтқару қызметтерінің және КПО мен мердігерлік ұйымдар персоналының қатысуымен апатқа қарсы жаттығулар өткізді.

2021 жылы бірінші деңгейдегі апаттық басқару штабтарының және апаттық-құтқару құрамаларының іс-қимылдарын пысықтау үшін КПО нысандарында 103 оқу-жаттығу сабақтары өткізілді (2020 жылы 80).



Өрт сөндіру қызметінің қатысуымен өткізілген оқу-жаттығу жұмыстары

**6-сызба. 2020–2021 жылдары өткізілген оқу-жаттығу сабақтары**



II және III деңгейдегі штаб мүшелері дайындық деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік берген келесі нақты мобилизациялар мен оқу-жаттығуларға қатысты: **GRI 103-3 (3-3)**

**18-кесте. 2021 ж. өткізілген II және III деңгейлі оқу-жаттығулары**

Оқу-жаттығу түрлері	Өткізілген күні	Міндеттері	Қатысушылар
«АВРОРА» кешенді оқу-жаттығуы	тамыз 2021 ж.	Қолданыстағы процедураларды тексеру, сондай-ақ жақында дайындықтан өткен апаттық басқару тобы мүшелерінің дағдыларын дамыту	II деңгейдегі апаттық басқару тобы, III деңгейдегі дағдарысты жағдайларды басқару тобы
Тактикалық-арнайы оқу-жаттығуы	тамыз 2021 ж.	ҚАТЖ-де апат кезінде мұнай дағын ұстап қалу үшін Көшім каналында бондық бөгеулерді жаю бойынша күштер мен құралдардың іс-қимылдарын пысықтау.	Үлкен Шаған МАС АБШ, өртке қарсы қызмет

2021 жылы барлық санитарлық нормалар мен әлеуметтік қашықтық талаптарын сақтай отырып, КПО апаттық-құтқару қызметтерін қатыстыра отырып, апта сайын теориялық және практикалық оқу-жаттығу сабақтары өткізілді, атап айтқанда:

- ▶ өрт сөндіру қызметтері;
- ▶ газдан құтқару қызметі;
- ▶ ерікті газдан құтқару құралымдары;
- ▶ медициналық қызметкерлер.



КПО қызметкерлері – Карашығанақ өңдеу кешенінде

Бұдан басқа, 2021 жылы КПО ҚР Заңнамасының талаптарына сәйкес электрондық оқыту жүйесі базасында азаматтық қорғау бойынша персоналды оқытуды жалғастырды.

2021 жылы КПО апаттық-құтқару қызметтері мен құралымдарының өкілдері ауыл шаруашылығы нысандарының, шаруашылық құрылыстарының дала өрттерін сөндіруге және орман белдеулерінің жануына қолдау көрсету үшін елді мекендерге 25 рет шықты.

**ТЖ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ХАЛЫҚПЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖҮРГІЗУ GRI 102-11 (2-23), 103-3 (3-3), 102-44**

КПО компаниясы ҚМГКК аумағында ТЖ болған жағдайда әрекет ету тәртібі туралы елді мекендер тұрғындарының хабардар болу деңгейін қадағалап отырады. 2021 жылы бекітілген жоспарға сәйкес кен орнының периметрі бойынша орналасқан ауылдық округ әкімдерімен және елді мекендердің тұрғындарымен 40 адамды қамти отырып, қараусыз жүрген мал-қауіп көзі, орталық мониторинг станциясының, апаттық хабарлау станциясының рөлі және олардың жабдықтарын зерттеу тақырыптары бойынша төрт кездесу өткізілді.

Елді мекендердегі апаттық хабарлау станцияларының тұрақты әзірлігін сақтау мақсатында 2021 жыл ішінде КПО апаттық әрекет ету тобының халықты қорғау жөніндегі мамандары мердігерлік ұйымның өкілдерімен бірлесіп, апаттық құлақтандыру дабылдары мен дауыс зорайтқыш байланыс жүйелерін ай сайын тестілеуден өткізді, сондай-ақ осы жабдыққа техникалық қызмет көрсетті. Аталмыш апаттық құлақтандыру станциялары кен орнының периметрі бойынша орналасқан сегіз елді мекенде орнатылды.

КПО әлі де су тасқыны, өрт қаупі болуы ықтимал және қысқы кезеңдерде жергілікті атқарушы органдармен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруда.

# ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

GRI 103-2 (3-3), 102-11 (2-23), 403-7, OG-13

КПО өндірістік қызметтеріне әсер етуі мүмкін ықтимал қауіптерді қадағалап, тосқауылдарды басқару жүйесі көмегімен өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету қауіп-қатерлер деңгейін төмендету жұмыстарын атқарып келеді. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі Қондырғылар бөлімдерімен бірге қауіпсіздік тосқауылдарының осал жерлерін анықтау, салдарларды азайту шараларын қабылдау және қандай да бір ірі

апатты болдырмау үшін осы тосқауылдарды бастапқы құрылымға дейін қайта қалпына келтіру.

Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету қауіп-қатерлер деңгейін төмендету үшін біз жаһандық деңгейдегі мақсаттарды белгіледік. Олардың нәтижелері келесі кестеде берілген.

**19-кесте. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етудегі міндеттер GRI 102-11 (2-23), 403-7, 103-2 (3-3)**



2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
Жаңа Тосқауылдар моделі құралын енгізу және КПО-ның барлық өндіріс шебіндегі қызметкерлерге хабардар ету сессияларын өткізу.	Кейінгі шаралары жоспарланып орындалды	Тосқауылдарды басқару процесінің бір бөлігі ретінде жаңа тосқауылдар моделі құралы енгізілді. Негізгі қызметкерлер үшін хабардар ету сессиялары өткізілді. Қондырғы бөлімдерімен бірге ай сайынғы шолу жиналыстары жүргізілді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>▶ Тосқауылдар моделі құралдарын әрі қарай енгізу, Қондырғы бөлімдерінің осы құралды жақсырақ түсінуі мен қолдануын жақсарту.</li> <li>▶ Тосқауылдар моделі құралдарының кеңейтілген функционалдығын одан әрі дамыту.</li> </ul>
Технологиялық қауіпсіздік жөніндегі хабардарлықты арттыру науқанын жалғастырып, қайта қаралған IOGP стандарттарына негізделген іс-шаралар жоспарын әзірлеу.	Кейінгі шаралары жоспарланып орындалды	2020 жылғы жаңа IOGP нұсқасына сәйкес Технологиялық қауіпсіздік негіздері (ТҚН) нұсқаулығы мен құжаттама жаңартылды, ТҚН бойынша электрондық оқыту іске қосылып, ТҚН бейнематериалдары әзірленді. КПО өндірістік және мердігер қызметкерлерге үлестірме материалдар таратылды.	Технологиялық қауіпсіздік негіздерін енгізудің тиімділігін талдау

Өндіріс тұтастығын басқарудың негізгі қағидалары – ірі апат қауіптерінің алдын алуға және Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін КПО, мердігер мен қосалқы мердігер қызметкерлері арасында өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету және технологиялық қауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыруға арналған процестер кешені.

Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі келесі басты процестерден тұрады:

- ▶ **Тосқауылдарды басқару** – құрылымдалған процесті қолдану және тосқауылдар моделі құралдары көмегімен қолдау арқылы

# Бұл біз үшін неге маңызды?

Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етудің басты мақсаты – ірі апаттардың алдын алу және қызметкерлерге, қоршаған ортаға, өндірістік нысандарға төнуі мүмкін, сондай-ақ Компания беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қауіп-қатерлерді азайту. Бұл дұрыс жобалау, құрылыс, пайдалану мен техникалық қызмет көрсетудің нәтижесі.

Өндіріс тұтастығы өндірістік нысандар құрылымдық және механикалық тұрғыдан жарамды болып, мақсаттарына сәйкес өндіру процестерін орындаған кезде қамтамасыз етіледі. Ірі апат қауіп-қатерінің деңгейін барынша төмендету мақсатында қондырғылармен, қызметкерлермен және процестермен байланысты барлық тосқауылдар анықталады. **GRI 103-1 (3-3), 102-15**

**ӨНІМНІҢ АҒЫП КЕТУІ/ТӨГІЛУІ**

**GRI 306-3**

2021 жылы Қарашығанақ кен орнының аумағында өнімнің айтарлықтай көлемде ағып кету оқиғалары тіркелген жоқ<sup>4</sup>.

<sup>4</sup> КПО оқиғалар жіктеліміне сәйкес, «елеулі ағып кету/төгілу» анықтамасы көмірсутектердің/химиялық реагенттердің топыраққа/су бетіне 1 000 литрдан асатын көлемде төгілуі салдарынан туындаған қоршаған ортаны ластаумен байланысты оқиғаға қатысты қолданылады.

- **Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету көрсеткіштерін талдау** – тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін пайдалану арқылы
- **Қолданыстағы нысандарды модификациялауға арналған өзгерістерді басқару жүйесі** – өзгерістерді басқару дерекқорын пайдалану арқылы
- **Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету** – талдаулар, аудиттер, растаулар мен бағалаулар жүргізу арқылы

- **Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етуді жақсарту мәдениетінің бастамалары** – Механикалық ажырату процедурасы, технологиялық қауіпсіздік негіздері мен тосқауылдар моделі процесі бойынша электрондық оқыту модульдерін шығару арқылы
- 2021 жылы Компания КПО-ның өндіріс тұтастығын қамтамасыз етудегі негізгі қауіп-қатерлер мен тосқауылдарға арналған бірқатар шараларды өткізді. Төмендегі кестеде 2021 жылы аяқталған және қазіргі кезде орындалып жатқан шаралардың статусы көрсетілген.

Бұл аяқталған шаралар ГҚДҚ-3-дағы қауіп-қатер деңгейін төмендетіп, кейбір технологиялық қауіпсіздік процестерінің тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Ал қазіргі кезде орындалып жатқан шаралар кен орнындағы технологиялық жабдықтардың қымтаулылығы мен тұтандыруды басқару қауіп-қатерлер деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

**20-кесте. Нысан тұтастығын қамтамасыз етудегі негізгі қауіп-қатерлерді немесе тосқауылдарды жоюға бағытталған іс-шаралар**  
**GRI 103-2, 103-3 (3-3)**

	Тосқауыл түрі – сипаттамасы – орын алған жері	Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етудегі үздіксіз жетілдіру шаралары
<b>2021 Жылы аяқталған шаралар</b>	Технологиялық жабдық қымтаулылығы – тұтастығы бұзылған 9 ыдыс және тозған бөлінген газ компрессорлары – ГҚДҚ-3	Өткен жылдары өндірістік алаңдар инспекциясы кезінде тұтастығы бұзылған 9 ыдыс анықталды. Олар 2021 жылғы күрделі жұмыстар барысында ауыстырылды. ГҚДҚ-3-дағы аса қауіпті аймақтардың бірі ретінде тұтастық мәселелері бар бөлінген газ компрессорлары анықталды. Олар 2021 жылы пайдаланудан алынып тасталды.
	Виртуалды тосқауыл – Қауіпсіздіктің негізгі элементтері (ҚНЭ) – ҚӨК/ҚГӨША	ҚӨК-гі ҚГӨША жобасы аяқталды, және өндіріс бөліміне тапсыру процесінің шеңберінде көпбейінді топ ҚГӨША жобасының тиісті ҚНЭ сәйкестендіру жұмыстарын жүргізді.
	Виртуалды тосқауыл – Механикалық ажырату процедурасы – ГҚДҚ-2 мен ГҚДҚ-3	КПО процедураларының сақталуын тексеру үшін механикалық ажырату процедурасына бағалау жүргізілді.
	Виртуалды тосқауыл – Қорғау жүйелерін айыру және кіріс және шығу сигналдарын блоктау – Үлкен Шаған, Атырау терминалы, ҚӨК және ГҚДҚ-2	КПО процедураларының сақталуын тексеру үшін Қорғау жүйелерін айыру және кіріс және шығу сигналдарын блоктау процедурасына бағалау жүргізілді.
<b>2021 Жылы басталып 2022 жылы орындалып жатқан шаралар</b>	Технологиялық жабдық қымтаулылығы – кіші көлемді серіппелі қауіпсіздік клапаны (СҚК) – кен орны аумағы	Жобалау бөлімі жүргізген қауіпсіздік элементтерін талдау жұмыстарының нәтижесінде өндірістік нысандардағы ықтимал кіші көлемді СҚК анықталды. Кіші көлемді СҚК анықталды, салдарларды азайту шаралары қолданылды, жобалау және сатып алу жұмыстары басталды, 2022 жылғы күрделі жөндеу жұмыстары барысында ауыстырылады.
	Технологиялық жабдық қымтаулылығы – Тыйым салынған материалдары бар клапандар – кен орны аумағы	Тыйым салынған материалдары бар клапандар тізімін жасақтау үшін өндірістік алаңдар инспекциясы жалғасуда. 2021 жылы бірнеше клапан ауыстырылды, қалғаны 2022 жылғы күрделі жөндеу жұмыстары барысында ауыстырылады.
	Тұтандыруды басқару – Жарылыстан қорғалған (ЖҚ) жабдық – кен орны аумағы	Барлық нысандарға қатысты ЖҚ элементтерін тексеру нәтижесінде сертификаттау мен техникалық қызмет көрсетудегі кейбір кемшіліктері бар жабдықтар анықталды. Өндірістік алаңдар инспекциясы аяқталды, аса маңызды элементтер жөнделді/ауыстырылды, қалған жұмыс көлемі қарастырылуда.

**ТОСҚАУЫЛДАР МОДЕЛІ**  
**GRI 102-11 (2-23), 103-2 (3-3), 403-2, 403-7**

2021 жылы КПО өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі тосқауылдар моделінің жаңа бағдарламалық жасақтамасын әзірлеумен жұмыстанды. Тосқауылдар моделінің жаңа бағдарламалық жасақтамасы жедел мәліметтерді көбірек пайдаланып, тосқауылдарды басқару процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында КПО талаптарына сай әзірленді. 2021 жылы тапсырылған ҚГӨША жобасы сияқты барлық жаңа жобалар аяқталған соң, осы тосқауылдар моделі бағдарламалық жасақтамасында қарастырылады.

**АЛҒАШҚЫ ҚОРҒАНЫШ ҚАБАТЫ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ**  
**GRI 403-2, OG-13**

Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы (АҚҚТБ) – алғашқы қорғаныш қабатынан кез келген заттың, соның ішінде уытты емес және жанбайтын заттардың жоспарланбаған немесе бақыланбайтын ағып (шығып) кетуі. 2021 жылғы Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайлары бойынша жылдық есепте келесілер тұрғысынан белгіленген қайта қалпына келтіру шараларымен бірге 2021 жылы орын алған АҚҚТБ жағдайларына талдау берілген:


- Негізгі себептері (оқиғалардың негізгі себептерін тергеудің әдістемесіне сәйкес),
- Технологиялық қауіпсіздік негіздері ережесіне сәйкестік деңгейі,
- Түзету шараларының статусы,
- Ағып кетулер, ағулар мен шығып (сіңіп) кетулерді тіркеу деректері.

Технологиялық қауіпсіздік жағдайларын талдау олардың ықтималдығы мен күрделілігін төмендету және алдын алудың жолы. Технологиялық қауіпсіздік жағдайы орын алғанда тергеу процесі басталып, оның басты себептері анықталып, оған ұсыныстар беріледі, содан соң Synergi дерекқорында бақыланады.

2019–2021 жылғы статистикалық талдау 2020 жылмен салыстарғанда 2021 жылы АҚҚТБ жағдайлар саны 44,4%-ке азайғанын көрсетті. ҚӨК-де 1-деңгейлі технологиялық қауіпсіздіктің бір жағдайы орын алды,

онда қымтаулылыққа сынау жұмыстары барысында КПО жетекші операторының бетіне каустикалық сода ерітіндісі шашырап кетті. Зардап шегуші апаттық душты пайдаланып, дереу көзін сумен шайып, алғашқы көмекке жүгінді және кейін медициналық тексерулерден өтті; көру қабілетіне зақым келмеді, бірақ оған еңбекке жарамсыздық парағы ашылды. 2021 жылы 2-деңгейлі АҚҚТБ жағдайы орын алған жоқ. 3-деңгейлі АҚҚТБ саны 2020 жылғы 17-ден 2021 жылы 7 жағдайға азайды.

**7-сызба. КПО технологиялық нысандарының алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайлары, 2019–2021 жж. OG-13**



Ескерту: Технологиялық қауіпсіздік (1, 2, 3-деңгейлі) оқиғалары сипаттамасын IOGP 456 халықаралық стандартынан қараңыз.

# Бұл біз үшін неге маңызды?

КПО өндірістегі нысандардың тұтастығын сақтай отырып және Қарашығанақ кен орнындағы мердігер ұйымдардың қызметкерлерін қоса алғанда, барлық қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақсыздыққа әсер ететін кез келген ықтимал қауіп-қатерлерді азайту үшін барынша күш салады. **GRI 103-1 (3-3), 102-15**

ҚЖАҚЕҚ оқытумен қамту

100%

КПО экспорттық құбырларына бөтен тараптардың заңсыз қосылуы

0

## ҚАУІПСІЗДІК

Компания қызметінің нәтижесінде туындайтын қауіп-қатерлер мен жағымсыз әсерді барынша азайту мақсатында біз бірқатар міндеттерді белгіледік, оларды іске асыру нәтижелері төменде ұсынылған.



### 21-кесте. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттеріміз GRI 103-2 (3-3)

2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
КПО экспорттық құбыржолдарына заңсыз қосылу жағдайларын болдырмау	Орындалды	Экспорттық құбыржолдарды жүйелі бақылау мобильді патрульдер күшімен және «Sintela» бақылау және хабарлау жүйесімен жүргізілді.	КПО экспорттық құбыржолдарына заңсыз қосылу жағдайларын болдырмау
Заңсыз әрекеттердің алдын алу мен оқиғалар деңгейін төмендету бойынша бірқатар шараларды жүргізу	Орындалды	Жыл бойы реттеуші ережелер жаңартылды, оқу-жаттығу іс-шаралары өткізілді.	Алып өтуге тыйым салынған заттарды болдырмау және қызметкерлердің физикалық жағдайын қадағалау мақсатында ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3 және ҚӨК нысандарындағы «қызыл аймақтардың» бақылау-өткізу пункттерінде металл детекторлық сканерлер мен тыныс алу ортасын бақылау автоматты жүйелерін орнату
Күзет қызметкерлерін қауіпсіздіктің және адам құқықтарының ерікті қағидаларына (ҚЖАҚЕҚ) оқытуды жалғастыру	Орындалды	2021 жылдың соңында күзет ұйымдарының қызметкерінің 100 % аталмыш оқудан өтіп шықты. <b>GRI 410-1</b> 2016 жылдан бері ҚЖАҚЕҚ оқыту туралы ереже қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтерін көрсету бойынша жаңа келісімшарттар талаптарына енгізілген.	Күзет қызметкерлерінің қауіпсіздіктің және адам құқықтарының ерікті қағидалары (ҚЖАҚЕҚ) бойынша білімдерін жаңартуды жалғастыру және жаңадан қабылданатын қызметкерлерді оқыту
<ul style="list-style-type: none"> <li>▶ Электронды қауіпсіздік жүйесін сатып алу және оны Компания нысандарында орнатуға кірісу</li> <li>▶ Үлкен Шаған МАС-дағы ықтимал қауіпсіздік қызметін көрсетушіні анықтау.</li> </ul>	Жартылай орындалды	<ul style="list-style-type: none"> <li>▶ Сатып алуға белгіленген жабдықтардың бағаларының өзгеруіне байланысты қауіпсіздік жүйелерінің аяқталған жобасы негізінде бюджетті қайта бағалау туралы шешім қабылданды.</li> <li>▶ Үлкен Шаған МАС-да қауіпсіздік жүйелерін жобалау қызметтерін ұсыну бойынша тендер үдерісі сәтті өтті</li> </ul>	ҚӨК, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3 және мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) нысандарына қауіпсіздік жүйелерін жеткізуші мен орнатушыны анықтау жөніндегі тендер үдерісін аяқтау. Жобаны нақты іске асыруға кірісу.

### 21-кесте. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттеріміз (жалғасы)

2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
	Жаңа міндет		Қауіпсіздікті басқару жүйесінің жобасы шеңберінде келесі нысандар бойынша жұмыс көлемді анықтау: Үлкен Шаған МАС, Пилот қалашығы, және қалдықтарды кәдеге жарату орталығы
Бірнеше әртүрлі және қолданыстағы электронды бейдждерді/сертификаттарды біріктіру	Орындалды	Түрлі карталарды біріктіру бойынша пилоттық жоба сәтті өткізілді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>▶ Қарапайым электронды карталарды электронды чипі бар карталарға ауыстыруды жалғастыру;</li> <li>▶ Жобаны одан әрі іске асыру үшін электронды тіркеуіштердің қажетті санын анықтау және сатып алу.</li> </ul>

2021 жылғы КПО қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өндірістік қатынастар бөлімі қызметінің қорытындысы бойынша 992 бұзушылық анықталып, құқық қорғау органдарына жолданған 4 өтінішпен қоса 17 ішкі қызметтік тексеру жүргізілді.

2021 жылы Компания 40 млн. астам теңгені құрайтын КПО және мердігер ұйымдар активтерін рұқсатсыз шығару/алып кету фактілерін анықтап, оларды болдырмады.


Экспорттық құбыржолдарда кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтерін көрсететін күзет ұйымының қызметкерлері БҚО құқық қорғау органдарына ҚР мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өткен тұлғаларды ұстауға көмектесті.

«Sintela» қауіпсіздік жүйесінің жаңа бағдарламалық жасақтамасын қолдану жалпы бақылау сапасын едәуір жақсартты, соның ішінде қатерлер нақтырақ таныла бастады және патрульдеу сапасы жақсарды. **GRI 103-3 (3-3)**

2022 жылдың қаңтарында форс-мажор күш жағдайлары мен төтенше жағдай кезеңінде компания өндірістік нысандардың қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша төмендегідей шаралар кешенін іске асырды:

- ▶ КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлерін Ақсай қаласы мен КПО нысандары арасында қауіпсіз тасымалдау ұйымдастырылды;
- ▶ күзет бекеттерінде және БӨП күзет қызметкерлерінің санын арттыру, бақылау-өткізу тәртібін күшейту, кірме жолдарды уақытша бұғаттау/жабу, мобилді патрульдерді қайта топтастыру, жедел әрекет ету топтарын жұмылдыру сияқты нысандардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қосымша шаралары қабылданды;
- ▶ құқық қорғау және билік органдарымен тығыз өзара әрекеттесу арқылы қоғамдық тәртіпті тұрақсыздандыруға жол бермеу жөніндегі іс-шаралар кешені орындалды. **GRI 102-44**

### 8-сызба. 2021 жылғы бұзушылық фактілері



- ▶ Тауарлық-материалдық құндылықтарды тасымалдау ережелерін бұзу (48 жағдай)
- ▶ Ішімдікке қарсы саясат ережелерін бұзу (7 жағдай)
- ▶ Кен орны периметрі шекарасын бұзу (33 жағдай)
- ▶ H<sub>2</sub>S байланысты апат кезінде адамдарды қорғау стратегиясын бұзу (904 жағдай).

“ 2021 жылы Компания 40 млн. астам теңгені құрайтын КПО және мердігер ұйымдар активтерін рұқсатсыз шығару/алып кету фактілерін анықтап, оларды болдырмады. “

## Бұл біз үшін неге маңызды?

Қарашығанақ кен орнын игеру және пайдалану үшін мұнай саласының инженерлері мен техниктерден бастап бухгалтерлер мен логисттерге дейін мыңдаған білікті, жұмысына адал және талантты әртүрлі мамандық иелері болып табылатын қызметкерлер қажет.

Қызметкерлеріміз – біздің жетістігіміздің негізі. Акционер компаниялардың шетелдік тәжірибесін қабылдап және үлгі етіп, қажетті оқытулар ұйымдастырып және айтулы білім мекемелерін тарта отырып, Компания өзінің қазақстандық қызметкерлерінің дамуына инвестиция салады. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**


2021 жылдың соңында қызметкерлердің жалпы есептік саны

**4 076**  
адамды құрады

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ

2021 жылдың соңында Компаниядағы КПО қызметкерлерінің жалпы есептік саны, уақытша жобаларда жұмыс істейтіндерді қоса алғанда, 4 076 адамды құрады, оның 3 878 – қазақстандық және 198 – шетелдік қызметкерлер.


**9-сызба. КПО-дағы қызметкерлер саны, 2019–2021 жж. GRI 102-7, 102-8 (2-7), 405-1(b)**



● Жергілікті қызметкерлер ● Жалпы саны  
● Шетелдік қызметкерлер

Кестеде есепті кезеңнің соңындағы компаниядағы қызметкерлердің жалпы тізімдік саны мен қызметкерлердің сандық арақатынасы еңбек қатынастарының ерекшеліктері ескеріліп және жылдарға бөлініп көрсетілген.

**10-сызба. КПО қызметкерлерінің еңбек шартының түріне қарай бөлінісі, 2019 – 2021 жж. GRI 102-8 (2-7, 2-8)**




● КПО штаттағы (тікелей келісімшарт бойынша жұмыс істейтін) қызметкерлері  
● Жіберуші тараптардың (кадрлар агенттіктерінің) қызметкерлері  
● Бас компаниялардың іссапарға жіберілген қызметкерлері  
● ЕАЭО\* мүшесі емес елдердің азаматы болып табылатын жіберуші тараптардың (кадрлар агенттіктерінің) қызметкерлері  
● Жалпы саны

\* ЕАЭО-Еуразиялық экономикалық одақ – бұл Еуразиялық аймақтың бірнеше мемлекеттерінің-Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Беларусь және Арменияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастығы шеңберіндегі бірлестік.

11-сызбада қызметкерлер жынысы бойынша бөлініп көрсетілген. 2021 жылы КПО-да 2 968 ер адам және 1 108 әйел адам жұмыс істеген. **GRI 102-8 (2-7)**

**11-сызба. КПО қызметкерлерінің жынысына қарай бөлінісі, 2019 – 2021 жж. GRI 102-8(2-7), 405-1(b)**




2021 жылдың соңында уақытша қызметкерлер<sup>5</sup> саны 73 адамды құрады. **GRI 102-8 (2-7), 405-1(b)**

<sup>5</sup> Уақытша қызметкерлер – ақы төленбейтін немесе жүктілікке байланысты демалыстағы, немесе құрушы компанияға уақытша жұмысқа жіберілген негізгі қызметкерді ауыстыру мақсатында шектеулі мерзімге жұмысқа алынатын сыртқы қызметкер.

Картада Қазақстан өңірлері бойынша КПО қызметкерлері санының пайыздық арақатынасы көрсетілген.


**10-сурет. КПО қызметкерлерінің аймақтар бойынша бөлінісі, 2021 ж. GRI 102-8 (2-7), 103-1 (3-3)**



КПО қызметкерлері - 2021 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы үлесі үшін марапаттау рәсімінде

12-сызбада келісім-шарт түріне қарамастан, жас топтары бойынша бөлінген 2021 жылға арналған жергілікті қызметкерлердің тұрақтамауы көрсетілген. **GRI 401-1**

**12-сызба. Кадрлардың тұрақтамауының жас санаты бойынша бөлінісі, 2021 ж. (жергілікті қызметкерлер) GRI 401-1, 405-1(б)**




13-сызбада қызметкерлердің тұрақтамауы бойынша 2021 жылғы көрсеткіштер қызметкерлердің жынысы бойынша бөлініп көрсетілген. 2020 жылы КПО-да жұмысқа жаңадан алынған қызметкерлер саны қызметкерлердің орташа тізімдік санының 2,3%-ын құраса, 2021 жылы 2,6%-ын құрады. Жұмыстан шыққан қызметкерлер үлесі 9,1%-ды құрады.



2022-2024 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қою

**13-сызба. Кадрлардың тұрақтамауының жынысы бойынша бөлінісі, 2021 ж. (жергілікті қызметкерлер) GRI 401-1**




- Осы гендерлік санаттағы жұмыстан кеткен қызметкерлердің саны
- Осы гендерлік санаттағы жұмысқа орналасқан қызметкерлердің саны
- Осы гендерлік санаттағы қызметкерлердің жалпы саны

2020 жылы кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші 1,1% болса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 0,7%-ды құрады (14-кестені қараңыз). **GRI 401-1**

ҚР еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті қызметкерлердің тұрақтамауының динамикасын көрсеткенде, тек өз еркімен жұмыстан босатылған қызметкерлер ғана ескеріледі.

**14-сызба. Жергілікті қызметкерлердің тұрақтамауының динамикасы, 2019 – 2021 жж. GRI 401-1, 103-3 (3-3)**



Ескерту: Жергілікті кадрлардың тұрақтамау көрсеткішін есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі: кадрлардың тұрақтамауы = есеп жылы компаниядан өз еркімен жұмыстан шыққан қызметкерлер саны / сол кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны x 100.

**ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ GRI 102-44**

**КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС**

Ұжымдық келіссөздер жүргізу – Компания жұмысының маңызды бір бөлігі. Қызметкерлерді қолдау және олардың құқықтарын қорғауда негізгі рөлдердің бірін кәсіподақтар атқарады. Кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарының түрлі тақырыптары ескерілетін Ұжымдық шарт жобаларын әзірлейді және қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту туралы компаниямен келіссөздер жүргізеді. КПО қызметкерлерінің мүдделерін үш кәсіподақ білдіреді:

- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компания жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ;
- «КПО Б.В. және мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің Қарашығанақ жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ
- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы «TRUST» және мердігерлер компаниялары жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ

2021 жылдың аяғында кәсіподақтар мен жұмыс беруші арасында 2022–2024 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды. КПО Ұжымдық шарты кәсіподақтарға мүше ретінде тіркелген не тіркелмегеніне қарамастан, КПО штатына қабылданған барлық қызметкерлерді қамтиды. **GRI 102-41 (2-30)**

Жаңа Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес бірқатар әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер өсірілді және жаңалары қосылды. Атап айтсақ, алғытөлем, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған қызметкерлердің отбасыларына көрсетілетін әлеуметтік көмек, 3 және одан да көп мектеп жасындағы балаларды (18 (он сегіз) жастағы балаларды қоса алғанда) тәрбиелеп отырған қызметкерлердің отбасыларына көрсетілетін көмек, сондай-ақ басқа қызметкердің қызметін қоса атқарғаны үшін төленетін төлемнің проценті мөлшері

арттырылып, айлық базалық еңбекақының кемінде 10% мөлшерінде қылып бекітілді. Сонымен қатар, «Карачаганакгазпром» АҚ немесе компания құрамында қызмет етіп жүріп зейнеткерлікке шыққан ардагерлерге бірқатар жеңілдіктер беріледі, соның ішінде мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне төленетін сыйлықақы мөлшерін арттырылады деп келісілді.

Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес, Компания таратылып, кейін жұмыс орындары қысқартылатын болса немесе жүйе өзгеретін жағдайда, немесе еңбекақы мөлшері қызметкерлердің жағдайының нашарлауына әкелетіндей өзгеретін жағдайда, КПО кәсіподақтары 2 ай (8 апта) бұрын хабардар етуге міндеттенеді. **GRI 402-1**

Сонымен қатар, Еңбек қатынастары жөніндегі сектор кәсіподақтардың әлеуметке бағытталған, мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру шараларын ұйымдастыру үшін Ұжымдық шарт шеңберінде бөлінген қаражатты бақылау қызметін атқарады.

**КЕРІ БАЙЛАНЫС МЕХАНИЗМДЕРІ GRI 102-17 (2-26), 103-2, 103-3 (3-3)**

Қазір Компанияда кері байланыстың бірнеше механизмі бар: Еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе кәсіподақ арқылы және «Жедел желі» арқылы хабарласу.

2021 жылы Еңбек ресурстары басқармасына шағымдарды қоса алғанда 97 өтініш келіп түсті. Келіп түскен шағымдарда еңбек тәртібінің бұзылуы, жұмысқа орналасу, дауларды шешу, қызметтік өкілеттікті асыра қолдану, мердігер қызметкеріне қатысты заңсыз әрекет мәселелері қозғалған. Келіп түскен барлық шағымдар қаралды және шешілді, шағымдардың бір бөлігі сотқа дейінгі тәртіпте және іс келістіру комиссиясында қаралғанға дейін шешімін тапты.

**Бұл біз үшін неге маңызды?**

Еңбек қатынастары дегеніміз қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы қызметкердің еңбек функциясын орындауы және жұмыс берушінің тиісті жағдай туғызуы мен еңбекақы төлеуі туралы келісімге негізделген қатынастар.

КПО-дағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі. Еңбек шартының талаптарын не қызметкер, не жұмыс беруші орындамаған жағдайда, адамның әділ және қолайлы еңбек жағдайларында жұмыс істеу, жұмыссыздықтан қорғалу құқықтарына, бірдей еңбекке бірдей ақы алу құқығына, жұмысы үшін әділ және жеткілікті төлем алу құқығына, өз мүдделерін қорғау үшін кәсіптік одақтар құру және оларға кіру құқығына, жұмыс күнінің тиісті жөнді шектелу және ақылы еңбек демалысын алу құқығына нұқсан келу қаупі туындайды. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**

“ 2021 жылы еңбек ресурстары басқармасы 97 өтініш алды, оның ішінде еңбек тәртібін бұзу, жұмысқа орналастыру тақырыптарына шағымдар, жанжалды жағдайларды шешу, қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану және т. б. “



## ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН ЕРІКТІ ТҮРДЕ БҰЗУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Компания ұжымдық шарт және ҚР 2017 жылғы Еңбек кодексі (52-бап) шеңберінде әрекет ететін еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзу бағдарламасын қолдануды қолдайды. Бағдарлама 58 бен 63 жас аралығындағы ер адамдарға және 53 пен 58 жас аралығындағы әйел адамдарға қатысты қолданылады. 2021 жылы компанияның 43 қызметкері еңбек қатынастарын өз еркімен бұзу туралы өтініш берді (2021 ж. – 43 қызметкер, 2020 ж. – 42 қызметкер, 2018 ж. – 24 қызметкер, 2017 ж. – 45 қызметкер).

Шығындарды оңтайландыру, тиімділікті арттыру және компанияның бәсекеге қабілеттілігін қолдау мақсатында 2021 жылдың аяғында Компания еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзудың бір жолғы бағдарламасын («ЕҚЕТББ») қайталады. 2021 жылы осы бағдарлама бойынша 20 өтініш қанағаттандырылды.

”

*Компания ұжымдық шарт және ҚР 2017 жылғы Еңбек кодексі (52-бап) шеңберінде әрекет ететін еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзу бағдарламасын қолдануды қолдайды.*

“

## ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАР GRI 102-11 (2-23), 407-1

Мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің құқықтарының бұзылуына жол бермеу мақсатында еңбек ұжымдарындағы жағдайға әсер ететін ықтимал факторларды, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы бұзушылыққа, қызметкерлердің заңды құқықтарына қысым жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау, түзету тұрғысынан мониторинг және талдау тұрақты негізде жүргізіледі. Қолайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың болмауы және мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарда құқық нормаларының сақталмауы мұндай қауіптің алғышарты болуы мүмкін.

Адам/қызметкер құқықтарының бұзылуын тексеру барысында КПО өтініштерді кешенді және жедел қарауды, сондай-ақ мәселелерді уақтылы шешуді қамтамасыз етуге ұмтылады. Қарау барысында барлық тараптардың пікірлері ескеріледі және талданады, ҚР заңнамасына және компанияның процедурларына сәйкес қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін қолдан келген шаралар қабылданады.

Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік міндеттер және одан әрі кеңейту жобаларын іске асыру жөніндегі жұмыстар негізінен мердігерлік ұйымдардың көмегімен жүзеге асырылады. Осыған байланысты, алға қойылған міндеттер мен өндірістік көрсеткіштердің сәтті орындалуы КПО және тартылған мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың ұжымдарында еңбек қатынастарының қаншалықты үйлесімді құрылғанына байланысты.

2021 жылы өндірістік қатынастар бөлімінің қызметкерлері 260-тан астам жұмыс алаңдары мен ықшамды тұру орындарына шығу арқылы 177 көшпелі тексеру жүргізді. Сонымен қатар, 19 бірлескен аудит жүргізілді.

2021 жылы мердігер компания қызметкерлері тарапынан түрлі мәселелер бойынша барлығы 19 шағым түсіп, жабылды. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар бағаланды: жұмыс орындары, тамақтану орындары

және т.б. Жалпы алғанда, мониторинг, аудит нәтижесі және өндірістік қатынастар секторы жетекшілік ететін 43 мердігерлік ұйымнан келіп түскен өтініштерді қарау қорытындысы бойынша тұрғын жай сапасы мен еңбек жағдайларын жақсарту шаралары іске асырылды. Бұл өз кезегінде еңбек ұжымдарында тұрақты моральдық және психологиялық ахуалды сақтауға оң әсерін тигізді.

Қызметкерлердің / жұмыскерлердің құқықтарына қысым жасауды болдырмау бойынша жүргізілетін жұмыс шеңберінде мәлімделген еңбек жағдайларына сәйкестік мониторингі, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету жүзеге асырылып жатыр. Көрсетілген жұмыс барысында кешенді тәсіл қолданылады: әрбір өтініш/жүгіну талдау және мәліметтердің толықтығын қамтамасыз ету арқылы қаралады.

Осындай мысалдардың бірі мердігер ұйым қызметкерінің еңбек заңнамасын бұзу фактісі бойынша КПО-ға жүгінуі болды, атап айтқанда, оның КВИ-ге қарсы вакцинациясының болмауына байланысты жұмысқа жіберілмеуі және жалақысының көтерілмеуі. Жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша, өтініш берушінің жұмыс берушісі қызметкерді жұмыс орнына жіберді және жалақысын 25%-ға көтерді.

Қарашығанақ кен орнындағы тауарлар мен қызметтердің жергілікті жеткізушілерін қолдау шеңберінде КПО 2020 жылдың соңынан бастап санитарлық-шектену шараларын қамтамасыз ету талаптарына сәйкес мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің міндетті ПТР талдамасынан өтуді іске асыруға ықпал етті. 2021 жыл ішінде компания осы шығындарды өз есебінен толық көлемде өтеуді жалғастырды.

Сондай-ақ, көшбасшы және үлгі тұтар компания ретінде, КПО вакцинациядан өткен мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің санын арттыруға ықпал етті.

## ЕҢБЕК АҚЫСЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Кез келген бизнестің жетістікке жетуі көбіне ұжымның біліктілігіне байланысты болады, сондықтан КПО кадрлық саясаты кәсіптік ұжымды құру және оны дамыту, сондай-ақ оның ынтасын арттыру арқылы нарықта алған жетекші орынды нығайтуға және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

Қызметкердің біліктілігіне, қызметінің күрделілігіне, орындалған жұмысының саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес ақы алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында КПО мынадай құралдарды қолданады:

- ▶ еңбекақы мөлшерін белгілеудегі бірізді тәсілге негізделген еңбекақы төлеу жүйесі, бұл барлық қызметкерлерге әділ жалақы төлеуді қамтамасыз етеді;
- ▶ ұйымдық құрылымды тиімді басқару үшін, сондай-ақ төленетін еңбекақының негізділігін қамтамасыз ету үшін лауазымдарды бағалау процесін регламенттеу; қызметкерлердің жұмысты орындауын және дамуын жыл сайынғы бағалау (ҚЖОДБ) процесін қолдану;
- ▶ әр түрлі жеңілдіктерді қолданып, лайықты еңбек жағдайларын сақтау.

Компаниямен еңбек шарты бар барлық қызметкерлерге ақшалай төлемдер мен ақшалай емес сыйақылардан тұратын жеңілдіктер жиынтығы ұсынылады. КПО-да кадрлық агенттіктер арқылы жұмыс істейтін қызметкерлерге сол агенттіктердің ұжымдық шарттары қолданылады. **GRI 401-2, 2-30b**

Жеңілдіктердің басым бөлігі ұжымдық шартпен қамтылған. 2019 жылдан 2021 жылға дейін 2019 жылы

қол қойылған шарттың нұсқасы күшінде болды, 2021 жыл бойы Ұжымдық шарттың жаңа нұсқасына қол қоюға дайындық жүрді және 2021 жылдың желтоқсанында келісімге қол жеткізілді. Жаңа нұсқаға қызметкерлердің әлеуметтік жағдайларына қатысты бірқатар жақсартулар енгізілген. Бұл ұжымдық шарт 2022–2024 жылдар аралығын қамтиды.

### **GRI 102-41 (2-30)**

Қолданыстағы процедураларға сәйкес, КПО өз қызметкерлерінің еңбекақысын жыл сайын қайта қарап отырады. Бұл инфляцияның жылдық деңгейі ескерілген жыл басындағы еңбекақыны көтеруді, жыл бойы орындаған жұмысының қорытындысы бойынша оң баға алған қызметкерлерге жыл сайынғы сыйлықақыны төлеуді, сонымен қатар еңбекақыны жекелей көтеру және қосымша бір жолғы төлемдерді қамтиды.

2021 жылғы қаңтарда алдыңғы жылдағы инфляция деңгейі ескеріліп, еңбекақы жалпы 8%-ке өсірілді.

Құбылмалы экономикалық ахуалға қарамастан, 2021 жылы Компания қызметкерлер санын қысқартқан жоқ, бұл ретте ескеретіні – ұйымдық құрылымды оңтайландыру мақсатында өтемақы пакеті қоса ұсынылатын еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзу бағдарламасы өз жалғасын тапты.

КПО компаниясындағы еңбекақылардың Қазақстанның мұнай-газ саласындағы нарықтық еңбекақы деңгейіне сәйкестігін жыл сайынғы талдау негізінде 2021 жылы КПО қызметкерлерінің орташа еңбекақысы Батыс Қазақстан облысы (БҚО) бойынша орта көрсеткіштен 3,3 есе жоғары екені анықталды. Осы талдау нәтижелері бойынша 2021 жылы еңбекақыға қосымша түзетулер енгізілмеді. **GRI 202-1**

## Бұл біз үшін неге маңызды?

Білікті және талантты мамандарды тарту, сондай-ақ оларды компанияда сақтап қалу – компаниядағы негізгі қауіп-қатерлер. КПО Қазақстандағы мұнай өндіру саласындағы компаниялар арасындағы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жағдай қамтамасыз етуге ұмтылады, бұл болашағынан үміт күттіретін үміткерлерді жұмысқа тартуға ықпал етеді және қызметкерлердің компанияда тұрақтамау қаупін төмендетеді.

КПО-ның жұмыс беруші ретінде тартымдылығының себептерінің бірі – Компанияның өзіне алған міндеттемелерін орындайды және қызметкерлердің еңбек құқықтарын сақтайды. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**

”

*Тағы бір атап өтер жетістік – 2021 жылдың желтоқсанында Компания корпоративтік әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін «Парыз-2021» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі республикалық конкурсының бас жүлдесіне ие болды.*

“

## Бұл біз үшін неге маңызды?

КПО кадрлар бөлімінің жергілікті қамтуды арттыру процесіне стратегиялық көзқарасы шетелдік қызметкерлерді жергілікті кадрлармен алмастыруды ғана емес, сонымен қатар жергілікті персоналды оқыту және дамыту процесін тиімді жоспарлау мен іске асыруды да қамтиды. Бұл барлық жұмыстардың жөнді, сапалы және халықаралық стандарттарға сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді. Осы тәсіл шетелдік қызметкерлерді ауыстыру барысында өндірістік қызметке мейлінше аз қауіп-қатер төндіруге және қойылған мақсаттарға сапаның ең жоғары деңгейін қамтамасыз етіп қол жеткізуге ықпал етеді.

Егер кадрларды даярлау бойынша жыл сайынғы жоспар болмаған жағдайда, КПО компаниясына келесі қауіп-қатерлер төнуі мүмкін:

- ▶ Өз міндеттемелерін ӨБТК талаптарына сәйкес орындай алмау.
- ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы заңнама талаптарын сақтамау.
- ▶ Компанияның ресурстарға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін керек білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі.
- ▶ Кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру бойынша қойылған мақсаттарды орындай алмау немесе орындаудағы кідірістер. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУЫН ЖӘНЕ ДАМУЫН БАҒАЛАУ GRI 404-3, 103-3 (3-3)

Қызметкерлердің жұмысты орындауын және дамуын бағалау (ҚЖОДБ) кері байланыс беру құралдарының бірі болып табылады және еңбек өнімділігінің көрсеткіштерін қадағалау мен жақсартуға бағытталған. Жұмыстардың орындалуын бағалау және қызмет-

## ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУЫ

**GRI 405-1, 103-3 (3-3)**

Қызметкерлерді кәсіби дамыту – бұл КПО компаниясында үздіксіз жүзеге асырылатын процесс. КПО қызметкерлерінің кәсіби біліктілік деңгейін сақтау және одан әрі арттыру оқытудың және дамытудың қолданыстағы жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

2020 жылы КПО Өкілетті органмен бірлесіп 2020–2025 жылдарға арналған кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру бағдарламасын бекітті. Аталмыш бағдарламаны әзірлеу барысында оған дейін жүзеге асырылған бағдарлама нәтижелері ескерілді.

Осылайша, 2021 жылы шетел мамандары иемденген 13 лауазымға жергілікті қызметкерлер тағайындалып, 45 лауазым қысқартылды. 2021 жылдың желтоқсан айындағы мәліметке сәйкес, Компания ұжымының 95%-ін жергілікті қызметкерлер құрады. Жалпы, 1999–2021 жылдар аралығында 246 шетелдік қызметкер жергілікті мамандармен алмастырылған, ал шетел қызметкерлері иемденген 284 лауазым қысқартылған. 22-кестеде көрсеткіштер санат бойынша бөлініп көрсетілген. **GRI 103-2 (3-3)**

керлерді дамыту процесі КПО-да кемінде жарты жыл жұмыс істеген қазақстандық қызметкерлерге қатысты қолданылады.


ҚЖОДБ бағалау шкаласы «өте жақсы», «тиімді» және «жақсартуды қажет етеді» болып бөлінеді.

Жетекші лауазымдағы қызметкерлер үшін тиімділіктің негізгі жылдық көрсеткіштеріне жетуді бағалаудың бөлек процесі бар.

Сонымен қатар аталмыш бағдарлама мақсаттарына сәйкес КПО Батыс Қазақстан облысында тіркелген мердігер ұйымдардағы жергілікті қамту статистикасын қосымша қадағалайды. 2021 жылы 43 компания тоқсандық, жарты жылдық және жылдық негізде кадрлардағы жергілікті қамту үлесі туралы мәліметтерді ұсынды. Бұл ұйымдардағы жергілікті қамту көрсеткіштері келесідей болды: «Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері» санатында 90%, ал «Мамандар/білікті жұмысшылар» санатында 97%. 2021 жылы КПО-да және мердігерлік ұйымдарда жергілікті қамту үлесінің артуы шетелдік қызметкерлердің елге келуін қиындатқан коронавирус инфекциясына қатысты енгізілген шектеулерге және бірнеше ірі жобалардың аяқталуына байланысты болды.

15-сызбада жасы және гендерлік сипаты бойынша Компанияның жергілікті және шетелдік жоғары және орта буын басшыларының жалпы саны берілген. Ол жалпы КПО ұйымдық құрылымын, сондай-ақ уақытша жобаларды қамтиды.


### 15-сызба. Жергілікті және шетелдік басшылардың санының жасы және жынысы бойынша жіктелуі, 2021 жыл GRI 405-1(a)




### 22-кесте. КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру көрсеткіштері (қызметкерлер санаты бойынша) GRI 202-2, 103-3 (3-3)

Санаты	Сипаттамасы	ҚР заңнамалық талабы	Кадрлардағы жергілікті қамту көрсеткіші		
			2021 ж.	2020 ж.	2019 ж.
1+2	Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері	70% кем емес	85%	83%	79%
3+4	Мамандар / білікті жұмысшылар	90% кем емес	98%	97%	96%

### Жергілікті және шетелдік менеджерлердің гендерлік санаттары бойынша пайыздық үлестері



### Жергілікті және шетелдік менеджерлердің жас санаттары бойынша пайыздық үлестері



Ұңғымалық операциялар бөлімінің қызметкерлері



# Бұл біз үшін неге маңызды?

Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту бойынша міндеттер қатарына қызметкерлердің біліктілігін арттыру және олардың алған білімдерін іс жүзінде қолдануы, сондай-ақ халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестік пен озық әлемдік тәжірибені игеру кіреді. Кадрларды даярлау бойынша жыл сайынғы жоспар әр қызметкердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Оқу бағдарламаларын ұсыну арқылы Компания:

- ӨБТК-нің 7-қосымшасында келтірілген Қазақстандық қызметкерлерді даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға қатысты талаптарды мұнай-газ өнеркәсібіндегі озық халықаралық тәжірибелерге, сондай-ақ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және өнеркәсіптік гигиена талаптарына сәйкес орындайды.
- Кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыруға бағытталған және ұйымды білікті және құзыретті қызметкерлерді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды жүзеге асырады.
- Өндірістік мақсаттар мен міндеттерге жету үшін оқыту шараларын өткізеді.
- Компания қызметкерлеріне ҚР заңнамасының, Компанияның ішкі процедураларының және үздік халықаралық тәжірибелердің талаптарына сәйкес ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша арнайы және міндетті оқытулар өткізеді. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ GRI 103-1, 103-3 (3-3)

Жыл сайын КПО келесі бағыттар бойынша оқыту бағдарламаларын ұйымдастырады:

- Лауазымдық міндеттерді орындау шеңберінде қызметкерлердің жеке құзыреттерін дамытуға, өндірістік мақсаттарды орындауға, сондай-ақ қызметкерлерді мансап тұрғысынан дамытуға бағытталған бағдарламалар.
- Қауіпті өндірістік нысандарда жұмыстарды орындау үшін міндетті білім мен дағдыларды алуға бағытталған бағдарламалар. Оқыту бойынша міндеттемелер ҚР заңнамасымен, сондай-ақ Компанияның процедураларымен реттеледі.

2021 жылы Компанияның жергілікті қызметкерлерінің 91 % біліктілікті арттырудың, кәсіби даярлаудың, қайта даярлаудың түрлі бағдарламалары бойынша оқытулардан өтті, сондай-ақ онлайн семинарлар мен конференцияларға қатысты.

Бұдан басқа, 2021 жылы КПО қызметкерлерін арнайы халықаралық бағдарламалар (23-кестеде көрсетілген), тіл үйрету курстары, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша кәсіптік және міндетті курстар бойынша оқытуды жалғастырды.

### 23-кесте. 2018–2021 жж. халықаралық сертификатталған бағдарламалар шеңберінде оқытылған КПО қызметкерлерінің саны

	2018	2019	2020	2021
Газ, мұнай мен су бөлінген жағдайда ұңғыманы басқару/ұңғыманың қысымын қадағалау (IWCF)	39	59	13	61
Денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы халықаралық сертификат (NEBOSH)	30	33	3	13
OPITO стандарты бойынша төтенше жағдайда әрекет ету бойынша MEMIR курсы	11		10	13
OPITO сарапшысының біліктілігін бағалау	43	19		17
Сертификатталған ішкі аудитор (CIA)		11	12	9
CIPS институтының (сатып алу және жеткізу саласындағы лицензияланған институт) халықаралық дипломы		2	3	
Бұзбай сынау бойынша сертификаттау (NDT)		15		
Халықаралық қаржылық есептілік бойынша ACCA сертификаты бойынша оқыту			3	2
Бизнесті ұйымдастыру магистрі (MBA)			1	1
API (Америкалық мұнай институты) техникалық стандарттары бойынша сертификаттау			6	10
Жобаны кәсіби басқару бойынша сертификаттау (PMP) ®				1
Экологиялық менеджмент саласындағы IEMA халықаралық сертификаты				1

## ОҚЫТУ БОЙЫНША СТАТИСТИКА GRI 404-1, 403-5

КПО жыл сайын өз қызметкерлерін, сонымен қатар мердігер ұйымдардың қызметкерлерін де қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті оқытуды қамтамасыз етеді.

2021 жылы 405 221 адам-сағат оқыту өткізілді (2020 жылы – 445 122 адам-сағат), оның ішінде 250 581 адам-сағат КПО қызметкерлеріне тиесілі (2020 жылы – 295 495 адам-сағат). Оқытудың қалған 154 640 адам-сағаты мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқыту өткізуге жұмсалды (2020 жылы – 201 128 адам-сағат).


2021 жылы барлығы 20 169 адам оқытылды, оның ішінде 3 644 қызметкер – КПО қызметкерлері және 16 525 қызметкер – мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері. Компаниядағы оқытулардың сағаттарының орташа саны 16-кестеде келтірілген.

Компания қызметкерлері үшін 2021 жылы ұйымдастырылған оқытулар 24-кестеде санат бойынша бөлініп келтірілген.

### 24-кесте. 2019 – 2021 жылдары оқытылған қызметкерлердің әр санат бойынша саны GRI 404-1

Санаты	2021	2020	2019
1. Жоғары және орта буын жетекшілері	121 адам (1 жұмыскерге 34,72 сағат)	92 адам (1 жұмыскерге 73,99 сағат)	161 адам (1 жұмыскерге 66,60 сағат)
2. Білікті мамандар / топ жетекшілері	1 636 адам (1 жұмыскерге 49,35 сағат)	1 439 адам (1 жұмыскерге 81,93 сағат)	1 250 адам (1 жұмыскерге 88,96 сағат)
3. Техникалық қызметкерлер	1 715 адам (1 жұмыскерге 94,01 сағат)	1 484 адам (1 жұмыскерге 113,01 сағат)	2 044 адам (1 жұмыскерге 111,73 сағат)
4. Кеңселік-әкімшілік қызметкерлер	172 адам (1 жұмыскерге 25,72 сағат)	119 адам (1 жұмыскерге 25,81 сағат)	150 адам (1 жұмыскерге 86,53 сағат)

### 16-сызба. КПО ұсынған қызметкерлердің 2021 жылы бір курсқа жұмсаған орташа сағат саны мен оның оқыту түрлері бойынша жіктелуі GRI 404-1



### ЖЕДЕЛ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ GRI 404-2

Еңбек ресурстарын үздіксіз жоспарлау және кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру мақсатында Компанияда қызметкерлерді жедел дамыту бағдарламасы жолға қойылған.

2021 жылдың екінші жартысында КПО осы бағдарламаның 2021–2024 жылдарға арналған төртінші легін бастады. Бөлім басшылары кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру жоспарына негізге алып, қабілеттері жоғары қызметкерлердің кандидатураларын іріктеу кезеңдеріне одан әрі қатысуға ұсынды. Бағдарламаның келесі кезеңдерін 2022 жылы іске асырылады деп жоспарланған.

## Бұл біз үшін неге маңызды?

Біз үшін сенім, өзара түсіністік, ынтымақтастық және жергілікті тұрғындардың құқықтарын құрметтеу Компанияның табысты жұмыс істеуінің негізгі факторлары болып табылады.

Жергілікті халықпен тату көршілік қарым-қатынас пен сындарлы диалог орнату – КПО компаниясының «Тұрақты даму кодексінің» ажырамас бөлігі. Сондай-ақ, бұл бағыттағы жұмыс компанияның өндірістік қызметіне қоғамдық келісімді сақтауға көмектесетіндіктен, компания үшін зор маңызға ие. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**

КПО өз қызметін іске асыру кезінде теріс әсердің алдын алуға немесе оны барынша азайтуға, сондай-ақ жергілікті халықтың экономикалық өсуіне және өркендеуіне жағдай жасап, олармен өзара әрекеттесуді жақсарту арқылы өз қызметінен барынша артықшылық беруге тырысып келеді.

Әлеуметтік жауапкершілік бастамаларын жүзеге асыру үшін КПО халықаралық қаржы корпорациясының тиімділік стандарттарына негізделген саясаттарды, стандарттарды және процедураларды қолданады. **GRI 102-12**

## ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС **GRI 102-44, 103-1 (3-3), 103-2 (3-3), 413-1, OG-12**

Жоғарыда келтірілген кестедегі міндеттер негізінен Бөрлі ауданына қарасты үш ауылдық округте – Қарашығанақ кен орнының айналасындағы Приурал, Жарсуат және Успен ауылдарында, сонымен қатар Ақсай қаласында тұратын жергілікті халықты қолдауға бағытталған.

Өзара әрекеттесу және әлеуметтік және инфрақұрылымдық көмек көрсету саласында жергілікті халықпен барынша тиімді диалог жүргізу мақсатында КПО құрамына компания қызметкерлері мен ауылдық округтердің өкілдері кіретін Консультативтік кеңестер отырысы түрінде кездесулер мен кеңестер өткізеді.

2021 жылы Приурал, Жарсуат және Успен ауылдық округтерінде Консультативтік кеңестердің тоғыз отырысы өтті, оның үшеуі КВИ-19 шектеулеріне байланысты онлайн режимінде ұйымдастырылды. Кездесулер барысында жергілікті тұрғындар КПО-ның 2021 жылға арналған қоғамдастықты дамыту бағдарламалары, КПО-ның экологиялық мониторинг бағдарламасы туралы, сондай-ақ осы Компанияның шәкіртақы бөлу бойынша бағдарламасы аясында ауылдық округтерден Орал қаласындағы колледждер мен университеттерде екінші курста оқып жатқан жеті студенттің жетістігі туралы ақпарат алды. Жалпы, осы бағдарлама жұмыс істеп келе жатқан 2010–2021 жылдар аралығында 18 жергілікті тұрғын білім алды.



### 25-кесте. Жергілікті халықпен қарым-қатынас бойынша қойылған міндеттер **GRI 103-2 (3-3)**

2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
Мақұлданған бюджетке сәйкес ауылдық округтерді дамытуға жәрдемдесу бағдарламасын орындау	Орындалды	КВИ-19 пандемиясы бойынша шектеулерге байланысты балалардың жазғы лагерьдегі демалысы тоқтатылды, ал «Ақжайық» шипажайындағы зейнеткерлердің демалысы ішінара жүзеге асырылды. Ауыл түлектеріне шәкіртақы бөлу бағдарламасы табысты жалғасуда.	2022 жылға мақұлданған бюджетке сәйкес ауылдық округтерді дамытуға жәрдемдесу бағдарламаларын орындау
Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша үш ауылдық округте 9 Консультативтік кеңес отырысын өткізу	Орындалды	2021 жылы жергілікті тұрғындар көтерген дамудың әлеуметтік және экологиялық аспектілері бойынша үш ауылдық округте (Приурал, Жарсуат және Успен) Консультативтік кеңестердің 9 отырысы өткізілді. Осы ретте, аталған үш ауылдық округ тұрғындарының сауалдарына жауап алу мақсатында консультативтік кеңес отырысынан тыс уақытта да кездесулер өткізілді.	Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша үш ауылдық округте 9 (Приурал, Жарсуат және Успен) консультативтік кеңес отырысын өткізу
Халықтың шағымдары мен өтініштерін қарастыру және уақытылы жабу	Орындалды	Барлық келіп түскен шағымдар уақытылы қарастырылып, жабылды	Халықтың шағымдары мен өтініштерін уақытылы қарастыру және жабу

Жергілікті халықтың дамуына жәрдемдесу бағдарламасы аясында КПО сонымен қатар Бөрлі ауданының зейнеткерлеріне «Ақжайық» шипажайында демалуға 65 жолдама берді. Коронавирустық пандемия кезіндегі қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, екпе алған зейнеткерлерге жолдамалар берілді.

### ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАСТЫРУ **GRI 103-2, 103-3, 413-1**

КПО компаниясының «Жергілікті халықтың шағымдары мен өтініштерін қарастыру процедурасына» сәйкес ҚМГКК іргелес жатқан ауылдық округтер тұрғындарынан 10 шағым келіп түсті, оның ішінде үш шағым газ иісіне байланысты болса, қалған жеті шағым түрлі сипатта болды. Осы өтініштер аясында Компания ауылдық округтерге қыста ауыл ішіндегі жолдарды тазалау үшін техникамен қамтамасыз етуге көмек көрсетті.

Газ иісіне қатысты шағымдар бойынша өнеркәсіптік экологиялық бақылау тобы тексеріс жүргізді. Бұл тексерістердің нәжесінде жабдықтың ақаулары, ағындылар/шығарындылар немесе ШРК-дан асып кету фактілері анықталған жоқ. Тексеріс аяқталған соң, шағымданған тұрғындарға кері байланыс берілді.

### КӨШІРІЛГЕН ТҰРҒЫНДАР МОНИТОРИНГІ **OG-12**

2017 жылдың аяғында Березовка және Бестау ауылдарының алғашқы тұрғындары Аралтал шағын ауданына және Ақсай қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлерге қоныс аударғалы Компания жыл сайын қоныстанған отбасылардың табыс көздерін қалпына келтіру барысын қадағалап отырады. Аралтал тұрғындарымен кездесу барысында сауалнама аясында тұрғындар Аралталдағы салынған 100 үй мен мектеп маңында жауын-шашын суын ағызуда арналған кәріз жүйесінің жоқтығына шағымданды.

Тұрғындардың өтініштері Компания тарапынан Бөрлі ауданы мен Батыс Қазақстан облысының жергілікті билік органдарының назарына жеткізілді. КПО-ның жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысының нәтижесінде Березовка және Бестау ауылдарын қоныстандырудан кейінгі жобаларын, оның ішінде Ақсай қаласындағы Аралтал ауылында дренаждық жүйені орнату жобасын және бұрынғы Березовка және Бестау ауылдарын бұзу және жерін қалпына келтіру жобасын жүзеге асыруға қосымша қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа Қаулысы (01.04.2021 ж. № 203) қабылданды.

2021 жылдың соңында КПО Аралталдағы 100-ге жуық үй мен мектеп айналасындағы кәріз жүйесін орнату жобасын аяқтады. Алты айға созылған құрылыстың барлық кезеңінде КПО-ның қоғаммен байланыс бөлімінің қызметкерлері Аралтал тұрғындарымен жоба туралы консультативтік жиналыстар өткізіп, оларды жобаның жоспарымен таныстырып, тұрғындарға құрылыс барысы туралы хабарлап отырды. Сондай-ақ құрылыс мердігер компанияны мәселелерді шешуге тарта отырып, жазбаша және ауызша өтініштер мен шағымдарға жедел жауап берді. Құрылыс кезеңінде КПО қызметкерлерінің тұрғындармен тұрақты байланысының арқасында мердігер тұрғындардың барлық ескертулері мен өтініштерін ескерді. Жалпы алғанда, кәріз жүйесінің құрылысы кезінде Компанияның қоғаммен байланыс қызметкерлері Аралтал тұрғындарымен жобаға қатысты мәселелерді талқылау және шешу мақсатында 97 кездесу өткізді.

Компанияның Бөрлі ауданының тұрғындарымен және жергілікті билік органдарымен нәтижелі ынтымақтастығы тұрғындар мәселелерін дер кезінде шешуге және осы жобаны жүзеге асыруға байланысты 94 арыз-шағымның жабылуына, жұмысты кестеге сәйкес аяқтай алмау қауіп-қатерлерін азайтуға ықпал етті. Сәтті өзара әрекеттестіктің бұл мысалы жергілікті халықпен сенімді қарым-қатынасты сақтауға және компанияның Қарашығанақ кен орнындағы қызметіне

байланысты әлеуметтік және экологиялық қауіп-қатерлерін азайтуға қосқан үлесі болып табылады.

Компания келесі жылдың есебінде оқырмандарға көшірілген Березовка және Бестау ауылдарын бұзу және жерін қалпына келтіру жобасының жүзеге асырылуы туралы хабарлайды.

### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР **GRI 102-44**

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат жергілікті тұрғындарға облыстық және аудандық газеттерде, сондай-ақ Компания вебсайтында жариялау арқылы жеткізіледі. 2020 және 2021 жылдардағы коронавирустық инфекция пандемиясына байланысты қоғамдық тыңдаулар сауалнама жүргізу үлгісінде өткізілді. КПО мен жергілікті атқарушы билік органдары халықтан кері байланысты КПО вебсайтында тұрғындар үшін дайындалған құжаттар пакетінде бірге берілген сауалнама парақтарын алу арқылы жүргізуге келісті.

2021 жылы Бөрлі ауданы әкімдігінің қолдауымен КПО компаниясы әртүрлі нысандардың құрылыс жобасы бойынша сауалнама жүргізу үлгісінде төрт қоғамдық тыңдау өткізді. Қоғамдық тыңдаулар барысында көтерілген мәселелер қатарына кәсіптік және технологиялық құбыржолдар, ұңғымалар құрылысы, сондай-ақ топырақты қалпына келтіру жатты.

2021 жылы қоғамдық тыңдаулар талқылауына салынған барлық жобалар тыңдауларды өткізу процедурасына сәйкес мақұлданып, олардың тиісті хаттамалары толтырылған. Қоғамдық тыңдаулар құжаттар пакетін Бөрлі ауданы әкімдігінің вебсайтынан және КПО вебсайтынан <https://kpo.kz/kz/> сілтемесі бойынша «Тұрақты даму/Әлеуметтік жауапкершілік/Халықпен өзара әрекеттесу/Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде көруге болады.

## ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 1: GRI 102-44

### МЕКТЕП ШӘКІРТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

#### МӘСЕЛЕНІҢ МАЗМҰНЫ / ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ:

Компания аудан тұрғындарымен тату көршілік қарым-қатынасты нығайту мақсатында оларға қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі туралы үнемі хабарлап отырады. Осы орайда 2021 жылы Қарашығанақ кен орнына іргелес ауылдық округтердегі жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын кеңес беру үдерісіне тарту міндеті қойылды.

Қарашы айында КПО қызметкерлері Успен, Жаңаталап, Приурал және Жарсуат ауылдарының шәкірттері үшін экологиялық тақырыптар бойынша бірқатар сыныптан тыс іс-шаралар өткізді.



#### ЖАҒДАЙДЫҢ ШЕШІМІ / ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘРЕКЕТТЕР:

Сабақтардың тақырыптары өскелең ұрпақтың табиғи ресурстарды құрметтеу, «жасыл ойлауды» дамыту, саналы тұтыну және экологиялық жауапкершілікті тәрбие туралы хабардарлығын арттыру мақсатында таңдалды.

Сабақтар экологиялық ойын түрінде өтті: сабақ барысында жаһандық климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы, планетадағы адамның экологиялық ізін азайту мәселелері талқыланды. Қалдықсыз өндіріс концепциясы саналы тұтынуды, бір рет қолданылатын пластик бұйымдарды пайдаланудан бас тартуды қамтиды. Бір рет қолданылатын полиэтилен пакеттерден бас тартудың айқын мысалы ретінде сессия соңында барлық қатысушыларға екінші аяқ киімге арналған мата қалталары берілді.

#### НӘТИЖЕСІ:

Экологиялық мәдениетті дамыту, экологиялық сауатты және қауіпсіз тәртіп дағдыларын адам санасында ерте жастан бастап қалыптастыру қажет. Осындай бастамалар арқылы КПО қоғамға мектеп қабырғасынан өскелең буынға табиғатпен қарым-қатынас құндылықтарын меңгеруге үлес қосады.



## ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 2: GRI 102-44

### ЖЕРГІЛІКТІ МАМАНДАРДЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

#### МӘСЕЛЕНІҢ МАЗМҰНЫ / ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ:

Бөрлі ауданының жергілікті билігі бірнеше жылдан бері ауыл мектептері мен ауруханаларында жұмыс істейтін білікті мамандардың жетіспеушілігі мәселесін көтеріп келеді. Осы мәселені ескере отырып және «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес КПО 2010 жылдан бастап Қарашығанақ кен орнындағы Успен, Жарсуатский және Приурал – 3 ауылдық округтерінің ауыл мектептерінің түлектеріне арналған шәкіртақы бөлу бағдарламасын жүзеге асыруда.

Осы бағдарламаның мақсаты ауылдық елді мекендерде тұратын әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан мектеп түлектеріне Батыс Қазақстан облысының білім беру ұйымдарында орта арнаулы және жоғары білім алуларына қаржылық қолдау көрсету сондай-ақ Бөрлі ауданын білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы білікті кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады.

#### ЖАҒДАЙДЫҢ ШЕШІМІ / ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘРЕКЕТТЕР:

Бұл Бағдарлама БҚО Бөрлі аудандық білім басқармасы мен жергілікті билік органдары тарапынан қолдау тауып, мақұлданып, студент, білім басқармасы, оқу орны және КПО арасындағы төртжақты келісімнің талаптары бойынша жүзеге асырылуда.

Осы бағдарламаға қатысушылардың бірі Успен ауылының тұрғыны Исқалиева Айданас. Айданас бағдарламаға 2013 жылы қабылданды. Тоғызыншы сыныпты аяқтаған соң, Айданас Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогикасы факультетіне оқуға түседі.

Шәкіртақы бағдарламасының шарттарына сәйкес, КПО студенттердің оқу ақысын және студенттердің тамақ, жол және тұру шығындарын жабатын ай сайынғы шәкіртақыны төлейді.

2017 жылы колледжді сәтті тәмамдаған Айданас сол жылы Успен ауылындағы туған ауыл мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналасып, 2019 жылға дейін жұмыс істеді. Қазіргі таңда Айданас Успен ауылындағы балабақшада тәрбиеші-әдіскер болып жұмыс істейді. Айданастың бағдарламаға қатысуы туралы ойы келесідей: «Мен кішкентай кезімнен

балаларды қатты жақсы көретінмін және бастауыш сыныпта мұғалім болуды армандайтынмын. КПО маған төрт жыл бойы армандаған мамандық бойынша оқуға бірегей мүмкіндік берді. Тәрбиеші ретінде жұмыс істеу маған балалардың дүниетанымын қалыптастыруға және оларды мектептегі оқу сияқты маңызды кезеңге дайындауға қатысуға мүмкіндік беретіндіктен мені шабыттандырады. Еңбек жолымды туған мектебімнен бастағанымға қуаныштымын, әрі қарай да туған ауылымның игілігі үшін өмір сүріп, еңбек етуді жоспарлап отырмын».

#### НӘТИЖЕСІ:

2021 жылы мектеп жасына дейінгі тәрбиешілер арасындағы Батыс Қазақстан облыстық байқауында Айданас екінші орын алды.

Қазіргі уақытта ауыл жастары қалаларға жұмыс іздеп кетуде, ал жастар мұнай саласында жұмыс іздеп жатқан кезде КПО шәкіртақылық бағдарламасы тұрғындардың білім алуына және олардың білімді мамандарға жоғары сұранысы бар ауылдарға оралуына көмектеседі.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

# 04

- 74 Көміртегі шығарындылары бойынша бейтараптыққа көшу
- 75 Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары
- 78 Санитарлық қорғау аймағы
- 80 Экологиялық сәйкестікті қамтамасыз ету
- 81 Қоршаған орта мониторингі
- 84 Атмосфераға тасталатын шығарындылар
- 88 Энергиялық тиімділік
- 92 Су тұтыну және сарқынды суларға қатысты шаралар
- 97 Қалдықтарды басқару
- 103 Биотүрлілікті сақтау

КПО Компаниясы Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнын қоршаған ортаға ең аз әсермен игеруді көздейді. Біз өндірістік қызметімізді тұрақты даму қағидалары негізінде және ҚОҚ саласындағы жоғары стандарттарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық кодексіне бекітілген қолайлы қоршаған ортаға әркімнің құқығы қағидатын сақтай отырып жүргіземіз.

Компанияның еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатының негізгі экологиялық міндеттемелері келесі маңызды міндеттерді қамтиды: **GRI 103-1, 103-2 (3-3)**

- ▶ қоршаған орта ластануының алдын алу,
- ▶ парниктік газдар шығарындыларын азайту,
- ▶ биотүрлілікті және экожүйелерді сақтау,
- ▶ табиғи ресурстарды қорғау,
- ▶ қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді үздіксіз жақсарту.

ҚОҚ саласындағы міндеттер аясында Компания заманауи әдістемелер мен озық әлемдік деңгейдегі қолжетімді технологияларды қолданады.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген ҚР жаңа Экологиялық Кодексі көптеген өзгерістер енгізді, өзгерістердің қатарына қоршаған ортаға әсер етуді бағалаудың жаңа тәсілдері, нысан операторының қоршаған ортаға әсер етуге кешенді рұқсат алуы, эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйелерін енгізу, ең үздік қолжетімді техникаға көшкен жағдайда эмиссия үшін төлемнен босату, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және басқа да бастамалар бар. 2022 жылы КПО өзінің табиғатты қорғау қызметіне жаңа Экологиялық кодекстің талаптарын енгізу бойынша іс-шаралар жоспарын қабылдады.

Жаңа Экологиялық кодекске сәйкес Қарашығанақ кен орнының операторы ретінде КПО кен орнының аумағындағы жұмыстарға тартылатын мердігерлердің эмиссиялары үшін экологиялық жауапкершілікті өз мойнына алады. 2021 жылы Компания 2021 жылдың соңында алынған қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсатына қосу үшін мердігерлердің эмиссияларын есепке алу бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Сондай-ақ, Компания эмиссиялары қоршаған ортаға әсер етуге жалпы экологиялық рұқсатқа енгізілген мердігерлік ұйымдардың экологиялық бақылау бойынша жұмыс процестерін қарап тексеруде. **GRI 308-1**

”

*Компания 2021 жылдың соңында алынған қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсатына қосу үшін мердігерлердің эмиссияларын есепке алу бойынша үлкен жұмыс жүргізді.*

“

## Бұл біз үшін неге маңызды?

Компания өндірістік қызметі барысында қоршаған ортаға елеулі әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мынадай экологиялық аспектілерді сәйкестендірді:

1. Атмосфераға ЛЗ және парниктік газдар шығарындылары;
2. Газдың, конденсаттың, көмірсутектердің және химиялық заттардың шығып кетуі;
3. Өнеркәсіптік сарқынды суларды қалыптастыру және көму;
4. Қалдықтардың түзілуі және оларды өңдеу;
5. Заңсыз төгілген қоқыстардың пайда болуы, қоршаған ортаға рұқсатсыз қалдықтарды орналастыру;
6. Шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды тазарту және ағызу;
7. Табиғи ресурстарды пайдалану (су, энергия, топырақ).

Компания әр аспект бойынша қауіп-қатер деңгейін азайту мақсатында қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шаралар жоспарын дайындайды. **GRI 103-1, 103-2 (3-3), 102-15**



«Энергия үнемдеу балалар көзімен» байқауының 12 жастан 17 жасқа дейінгі жас тобындағы «Үздік сурет» номинациясы бойынша жеңімпазы Даниал Нұраддинның (13 жас) салған суреті

## КӨМІРТЕГІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША БЕЙТАРАПТЫҚҚА КӨШУ

Климаттың өзгеруі мәселесін шешу – бүгінгі күні бүкіл әлемнің алдында тұрған ең үлкен сын. ҚР жаңа экологиялық кодексі ел экономикасын көміртектендіру мен экологиялық «жасыл» дамуды ынталандыруға бағытталған.

Өз кезегінде КПО ел экономикасын көміртектендіруге өз үлесін қосуға тырысады. 2021 жылдың соңында КПО басшылығы «365 жобасын» құрғаны туралы жариялады, Аталмыш жоба бірқатар биік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған үш бағытты қамтиды – әртараптықпен мен табысты ұлғайту, шығындарды азайту және «жасыл» бетбұрыс.

2021 жылдың қыркүйегінде КПО барлық бас компаниялардың қатысуымен «жасыл» бетбұрыс тақырыбында тікелей семинар өткізді. Осы іс-шараның қорытындысы бойынша КПО-ның Қарашығанақ кен орнын көміртектендіру бойынша ұмтылысы айқындалды – 2037 жылға дейін 1 және 2 қамту аяларында көміртегі шығарындылары бойынша бейтараптыққа қол жеткізіп, әлемдегі ең ірі, тиімді және тұрақты көмірсутектер мен энергия өндіруші болу. Бұдан басқа, КПО өзінің алдына 2023 жылдың соңына қарай көміртегі шығарындылары бойынша бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі нақты стратегияны әзірлеп, парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі барлық аралық кезеңдерді айқындауды мақсат етіп қойды.

### ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАР КӨЛЕМІН АЗАЙТУ GRI 305-5

2037 жылға дейін көміртегі шығарындылары бойынша бейтараптыққа (1 және 2 қамту аялары) қол жеткізу жөніндегі мақсатты қолдау мақсатында Компания ПГ шығарындыларын одан әрі азайту мүмкіндігін зерттеу бойынша ауқымды жұмысқа кірісті. 2021 жылы бірнеше нұсқаны зерттеу басталды, оның ішінде: пайдаланылған газдардан шығатын жылуды кәдеге жарату, CO<sub>2</sub> тұту және сақтау, жаңартылатын энергияны жеткізу, көміртегі шығарындыларына квоталарды сатуға қатысу, энергия тиімділігін арттыру және басқалар. Жұмыс қазір жалғасуда және 2022 жылы жұмыстың аясын кеңейту жоспарда бар.

” Климаттың өзгеруі мәселесін шешу – бүгінгі күні бүкіл әлемнің алдында тұрған ең үлкен сын.

“

## ҚОҚ БОЙЫНША 2021 ЖЫЛҒЫ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ GRI 103-2 (3-3), 102-44

Қоршаған ортаны қорғау саласында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін КПО жыл сайын Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – ҚОҚШЖ) әзірлейді. Жоспарда айқындалған шаралар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ҚОҚ саласындағы әдістер мен технологияларды жетілдіруге, табиғат қорларын тиімді пайдалануға және ISO 14001 мен ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейін сақтап тұруға бағытталған.

2021 жылы КПО өндірістік қызметін қоршаған ортаға эмиссияға берілген рұқсаттар және келісілген ҚОҚШЖ негізінде жүргізген болатын. 2021 жылы ҚМГКК және ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыры нысандарына эмиссиялардың әр түрі бойынша тоғыз рұқсат алынды. Алынған рұқсаттардың әрқайсысы бойынша ҚОҚШЖ әзірленіп, келісілді.

2021 жылғы ҚМГКК-да КПО-ның ҚОҚ шараларын жүзеге асыруға арналған жалпы нақты шығыны 5,97 млрд теңгені құрады, яғни игерілген қаржының 88%-ы және жоспарланған жұмыс көлемінің 96%-ын құрайды. 2021 жылғы ҚМГКК бойынша жоспарланған шығын көлемі – 6,8 млрд теңгені құрады. 2021 жылғы жоспарланған және нақты шығындар арасындағы шамалы айырмашылық қаражатты неғұрлым ұтымды пайдаланумен, сондай-ақ жекелеген іс-шаралар бойынша жоспарланған жұмыс көлемінің толық орындалмауымен түсіндіріледі. Мысалы, экологиялық мониторингтің екі станциясының орын ауыстыруына жоспарланғаннан 47%-ға аз көлемде қаражат жұмсалды; бұл ретте жұмыстар 100%-ға орындалды.

### 26-кесте. КПО-ның қоршаған ортаны қорғау бойынша 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспары және эмиссияға берілген рұқсаттар

№	2021 жылға арналған ҚОҚ бойынша келісілген іс-шаралар жоспары	2021 жылға арналған қолданыстағы рұқсаттар	Рұқсат беретін орган
1	ҚМГКК-де КПО-ның ҚОҚ бойынша 2021 жылғы іс-шаралар жоспары	ҚО-ға эмиссияға рұқсаттар (қолданылу мерзімі 2021 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін): 1. Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларына; 2. 01.01-12.05.21 аралығында жарамды № 1, № 2 полигондарда ҚМГКК жерасты қабаттарына сарқынды суларды айдау кезінде ластаушы заттардың төгінділеріне; 3. 13.05-31.12.2021 аралығында жарамды № 1, № 2 полигондарда ҚМГКК жерасты қабаттарына сарқынды суларды айдау кезінде ластаушы заттардың төгінділеріне.); 4. ҚМГКК № 1 және 2 ӘҚК жинақтаушы тоғандарына сарқынды суларды ағызуға; 5. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға.	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті
2	ҚӨК – Үлкен Шаған – Атырау экспорттық конденсат құбырының 2021–2030 жылдарға арналған ҚОҚШЖ (БҚО)	2020 жылы ҚО-ға эмиссияларға рұқсат (қолдану мерзімі: 2021 жылғы 1 қаңтар мен 2030 жылғы 31 желтоқсан аралығы): 1. Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларына; 2. Ағынды сулармен шығарылатын ластаушы заттардың төгінділеріне.	БҚО әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
3	2021–2030 жылдарға арналған КПО ҚОҚШЖ (Атырау облысы)	ҚО-ға эмиссияға рұқсат: 1. Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларына; 2. Ағынды сулармен шығарылатын ластаушы заттардың төгінділеріне.	Атырау облысының әкімдігі, Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы



27-кестеде КПО-ның ҚОҚ бойынша 2021 жылғы іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру бөлімшелер бойынша берілген.

**27-кесте. 2021 ж. ҚОҚ іс-шаралар жоспарын орындау, % GRI 102-44, 103-2 (3-3)**

№	ҚОҚ іс-шаралар жоспарының бөлімшелері	КПО іс-шараларын орындау проценті:		
		- Қарашығанақ кен орнында	- ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыр желісінде (БҚО)	- ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыр желісінде (АО)
1	Әуе бассейнін қорғау	97%	100%	100%
2	Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану	83%	ШҚ*	ШҚ*
3	Жер ресурстарын қорғау	0%**	ШҚ*	ШҚ*
4	Жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	93%	ШҚ*	ШҚ*
5	Флора мен фаунаны қорғау	100%	ШҚ*	100%
6	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу	141%	ШҚ*	ШҚ*
7	Радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік	20%***	ШҚ*	ШҚ*
8	Басқару жүйелерін және үздік қауіпсіз технологияларды енгізу	100%	ШҚ*	ШҚ*
9	ҚОҚ саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-іздіктеу жұмыстары	100%	100%	100%
10	Экологиялық ағарту жұмыстары және насихаттау	98%	100%	100%
БАРЛЫҒЫ:		96% (5,97 млрд теңге)	100% (10,343 млн теңге)	100% (10,984 млн теңге)

\* ШҚ – шаралар қарастырылмаған.

\*\* ҚМГКК ҚОҚ бойынша 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспарына ҚГӨША уақытша қалашығының учаскесін қалпына келтіру бойынша іс-шара енгізілді. Алайда, компания басшылығы осы учаскені ҚӨК қажеттіліктеріне одан әрі пайдалану туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты, 2021 жылы бұл учаскені қалпына келтіру қажеттілігі болған жоқ.

\*\*\* ҚМГКК ҚОҚ бойынша 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспарында 5 ұңғымада күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін сорғы-компрессорлық құбырларға радиологиялық зерттеу жүргізу жоспарланған болатын. 2021 жылға арналған Ұңғымаларды күрделі жөндеу бағдарламасының қысқартылуына байланысты жыл бойы сорғы-компрессорлық құбырлардың бір ғана тобына ғана радиациялық бақылау өткізілді.

ҚОҚШЖ іс-шараларын жүзеге асырудың экологиялық әсері 28-кестеде көрсетілген.

**28-кесте. 2021 ж. КПО компаниясының ҚОҚ іс-шараларын жүзеге асыру бойынша экологиялық әсері**

<b>Атмосфераға тасталатын шығарындылар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Төрт ұңғыманы игеру барысында газдың жоғары көлемдік үлесі бар өнімдерді айдау үшін жер үсті сорғысын пайдалану шығарындыларды жоспарланған 194 тоннадан 2 571 тоннаға азайтуға әкелді;</li> <li>Бір ұңғыманы игеру кезінде жоғары қысымды сепараторларды пайдалану атмосфераға тасталатын ЛЗ көлемін жоспарланған 4 559 т-дан 223 т-ға азайтуға мүмкіндік берді, бұл пандемия салдарынан бұрғылау бағдарламасының қысқартылуымен байланысты;</li> <li>Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды (Latix немесе Deisel) пайдалану атмосфераға тасталатын ЛЗ көлемін күтілген 259 тоннадан 16 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді, бұл да пандемия салдарынан бұрғылау бағдарламасының қысқартылуымен байланысты.</li> </ul>
<b>Қалдықтарды және ағынды суларды басқару</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>2021 жылы қайта пайдалануға жарамсыз 793 тонна өндірістік және тұтыну қалдықтары жоғары температурада жағу жолымен жойылды, оның ішінде ҚТҚ сұрыптаудан кейін алынған қалдықтар, азық-түлік қалдықтары және эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар (медициналық қалдықтар, тұнба орындарындағы сусыздандырылған тұнбалар);</li> <li>Қайта өңдеуге және (немесе) қайта пайдалануға мамандандырылған кәсіпорындарға беру үшін сұрыптауға келіп түскен коммуналдық қалдықтардың жалпы массасынан алынған пайдалы компоненттер:                         <ul style="list-style-type: none"> <li>макулатура – 103 тонна,</li> <li>пластик – 221 тонна,</li> <li>метал сынықтары – 8 тонна,</li> <li>әйнек қалдықтары (әйнек сынықтары) – 6 тонна.</li> </ul> </li> <li>Сұйық қалдықтарды өңдеу көлемі 6 110 мың тоннаны құрады;</li> <li>ҚМГКК техникалық және өндірістік қажеттіліктері үшін қайталама пайдаланылған тазартылған сарқынды сулардың көлемі 31 699 м³ құрады. Қоншыбай жырасынан техникалық суды тұтыну көлемі 313 714 м³ құрады. Тиісінше, Қоншыбай жырасынан тұтынылған техникалық су көлемінен қайта пайдаланылатын тазартылған су көлемі жоспарланған 10% көлемнің 10,1%-ын құрады. Бұрғылау бағдарламасы бойынша жұмыстарды қысқарту себебінен бұрғылауға қажетті тазартылған сарқынды сулар аз көлемде пайдаланылды. Тазартылған ағынды сулардың негізгі көлемі жылы мезгілде құрылыс алаңдарындағы шаңды басу үшін, сондай-ақ ҚӨК-тің техникалық қажеттіліктері үшін пайдаланылды.</li> </ul>
<b>Топырақты қалпына келтіру GRI 304-3</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>2021 жылы Өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы аясында қалпына келтіруге жоспарланған 7,4 га аумақты ЖЖЖ кезінде ҚӨК өндірісінің қажеттіліктері үшін пайдалану туралы шешім қабылданды.</li> </ul>

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ**

2020 жылы цифрландыру жөніндегі жол картасы шеңберінде қағазды көп жұмсалатын процестерді барынша қысқарту және оңтайландыру мақсатында КПО EnvAR атты экологиялық аспектілер тізілімдерін басқарудың электрондық жүйесін жасады. Жасалған жүйе экологиялық аспектілерді басқаруда ыңғайлы құрал болып табылады және оларды анықтау процесін барынша жеңілдетті. Аспектілердің тізімі жоғарыда тараудың басында келтірілген.

2020 жылдың IV тоқсанынан бастап КПО 24 бөлімшесі электронды жүйеде экологиялық аспектілермен жұмыс істеуге толығымен көшті. Әрбір экологиялық аспект бойынша бақылау шаралары таңдап алынды, қауіп-қатерлер деңгейіне бағалау жүргізілді және неғұрлым маңызды экологиялық аспектілердің жиынтық тізілімі жасалды. Әрбір экологиялық аспект тізілімі иесімен келісуден өтеді. Экологиялық аспектілердің тізілімдері жыл сайын қайта қаралады.

2021 жылдың соңында барлық бөлімшелер экологиялық аспектілердің тізілімін қайта қарап шығып жаңартты. Барлық маңызды экологиялық аспектілер бойынша қосымша іс-шаралар ұсынылды, оларды орындау қауіп-қатерлер деңгейінің төмендеуіне әкеледі деп күтіледі.

Компанияның кез-келген қызметкері EnvAr электрондық жүйесімен оқып таныса алады. КПО қызметкерлері бөлімшелердің барлық экологиялық аспектілері туралы, сондай-ақ компанияда енгізілген экологиялық аспектілерді бақылау шаралары туралы ақпарат ала алады.




# САНИТАРЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ

Жаңа есепті санитарлық қорғау аймағы (СҚА) ҚМГКК аумағында 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрекет етеді.

2018–2021 жылдар ішінде КПО қолданыстағы он сегіз ауа экологиялық мониторинг станциясының он бірін көшіруді сәтті аяқтады. Аталған станцияларды көшіру СҚА-ның өзгеруіне байланысты ауаның үздіксіз мониторингін сәйкес көрсеткіштерін қамтамасыз ету және ҚР заңнамалық талаптарын сақтау үшін жоспарланған болатын.

«ҚМГКК есепті санитарлық қорғау аймағын ұйымдастыру және абаттандыру» жобасы шеңберінде КПО жаңа ағаш екпелерін отырғызу және қолда бар орман екпелерін күту бойынша жұмыстарды жобалауды жүргізуде. Сондай-ақ, жергілікті халықты және қызметкерлерді ақпараттандыру үшін КПО СҚА шекарасында ақпараттық белгілерді орнатуды көздейді.

11-сурет. ҚМГКК-ның 2021 ж. аяғында СҚА көрсетілген карта-сызбасы



- ↔ Автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС)
- Елді мекендерден жиынтық сызық шегіне дейінгі қашықтық
- Елді мекендерден жобаны санитарлық қорғау аймағына дейінгі қашықтық
- ★ Мемлекеттік шекара
- Жиынтық сызық шегі
- Есептелген санитарлық қорғау аймағы (қолданысқа 2018 ж. 1 қаңтарында енді)
- Санитарлық қорғау аймағы
- КПО өндіріс нысандары
- Елді мекендер
- Тас жолдар

Тарихи-мәдени мұра объектілерін ықтимал теріс әсерден қорғау мақсатында жоба сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының шекараларында тиісті белгілер орнатуды көздейді. Осыдан бұрын, 2019 жылы КПО осы тақырып бойынша ауқымды археологиялық зерттеулер ұйымдастырды (2019 жылғы КПО тұрақты даму туралы есебінің 85-88 беттерін қараңыз).

2021 жылы осы жоба аясында Компания келесі жұмыстарды атқарды:


- ▶ ҚМГКК және оның СҚА шегінде КПО-ның барлық орман көшеттерін заттай түгендеу орындалды;
- ▶ аймақтар анықталды және қолданыстағы көшеттерді күту бойынша іс-шаралар ұсынылды;
- ▶ далалық зерттеулер жүргізілді және жаңа орман көшеттерін отырғызу жобаланды;
- ▶ СҚА шекараларын межелеу бойынша ақпараттық белгілерді орнату жобаланды;
- ▶ тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының шекараларында ақпараттық белгілерді орнату бойынша ұсыныстар әзірленді;
- ▶ жобаның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері анықталды.

2022 жылы СҚА ұйымдастыру жобасының үшінші, қорытынды кезеңін аяқтау – «СҚА көгалдандырудың бірінші кезегі және есепті СҚА шекараларын межелеу» жұмыс құжаттамасын әзірлеу көзделіп отыр. Жобаны толықтай іске асырудың жалпы мерзімі 2023 жылдың көктемінен бастап 2028 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Бүкіл жобалау кезеңінде жасыл құрылысқа жоспарланған аймақтардың жалпы ауданы 249 га құрайды, оның 151 га бар көшеттер, ал 97,25 га – жаңа көшеттер. Жобаны іске асыру процесінде күрделі объектілерді салу көзделмейді. Жұмыстарды мердігерлік ұйым күшімен жүргізу көзделуде.

Жобаны келісу барлық мүдделі тараптармен: мемлекеттік органдармен, шаруашылық жүргізуші ұйымдармен, ауыл шаруашылығы өндірушілерімен жүргізілетін болады.

12-сурет. 2023–2028 жж. кезеңіне арналған ҚМГКК СҚА ұйымдастыру мен абаттандырудың негізгі жобалық шешімдері

- Қолданыстағы орман жолақтары
- Жобаланатын орман жолақтары
- Ақпараттық қалқандар
- Бағана-көрсеткіштер
- Тарихи-мәдени мұра объектілері



# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЫППҰЛДАР GRI 307-1 (2-27)

КПО өз қызметін Қазақстан Республикасының (ҚР) экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Өндірістік қызметі шеңберінде Компания жыл сайын ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне ластаушы заттар шығарындыларына, төгінділеріне және өндірістік және тұтыну қалдықтарын орналастыруға шектеу белгілейтін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат сұранымын жіберіп, сол уәкілетті органнан рұқсат алады.

2021 жылы КПО компаниясы рұқсаттарда белгіленген эмиссиялардың жалпы шектеулерінен аспады. Жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша есепті кезең ішінде Компания әкімшілік жауапкершілікке тартылған жоқ. Сондай-ақ, 2021 жылы ҚОҚ саласында азаматтық істер қозғалған жоқ.

## ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКС ТАЛАПТАРЫН ЕНГІЗУ GRI 102-44

2021 жылы жаңа Экологиялық кодекс аясында Компания қызметкерлерінің күшімен өндіріс үшін маңызды мәселелер заңнамалық деңгейде шешілді, атап айтқанда:

- ▶ 2022 жылға әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу;
- ▶ ҚР жаңа Экологиялық кодексі талаптарын енгізу жоспары шеңберінде іс-шараларды орындау бойынша жұмыс;
- ▶ ҚР ҚОҚ саласындағы 90-нан астам жаңа заңға тәуелді актілерінің ережелерін талдау және «ҚР жаңа экологиялық кодексі» тақырыбында компания қызметкерлері үшін онлайн-семинарлар

өткізу арқылы қызметкерлерді ҚОҚ саласындағы негізгі талаптар туралы хабардар ету;

- ▶ Жаңа экологиялық талаптарды әзірлеуге қатысу және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы жанындағы жұмыс топтарының құрамында КПО қоршаған ортаны қорғау мамандарымен бірге ҚОҚ саласындағы ҚР нормативтік құқықтық және заңға тәуелді актілерінің 120-дан астам қаралған жобаларына ескертулер мен ұсыныстар беру.

# ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ GRI 103-2 (3-3), 413-1

КПО өндірістік қызметінің барлық аспектілерін қамтитын қоршаған ортаны қорғау бойынша бірқатар бағдарламаларды жүзеге асыруда. Осындай бағдарламалардың негізгісі – Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасы. Бұл бағдарлама ҚР Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес және келесі міндеттерді атқару мақсатында әзірленген:

- ▶ кәсіпорындардың шығарындылары және өндірістік қызметінің қоршаған ортаға әсері туралы сенімді ақпарат алу;
- ▶ қоршаған ортаға және адамның денсаулығына әсерді барынша қысқарту;
- ▶ оқыс жағдайларда шұғыл алдын алу шараларын жүргізу;
- ▶ кәсіпорынның экологиялық қызметі туралы және халықтың денсаулығына төнетін қауіптер жөнінде мүдделі талаптарға (жергілікті халыққа, мемлекеттік бақылаушы органдарға, серіктес компанияларға) хабарлау.

Аталмыш бағдарлама аясында қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға – яғни шығарындыларды, ағын сулар мен қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыруға, сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына – атмосфералық ауаға, жер үсті және жер асты суларға, топыраққа бақылау жүргізіледі.

ӨЭБ аясындағы топырақ, жер асты және жер үсті суларының сапалық күйін бақылау 2021 жылғы анықталған көрсеткіштер шоғырлануы өткен жылдардағы бақылаулар деңгейінде екендігін көрсетті. ҚМГКК қызметінің қоршаған орта компоненттеріне кері әсері анықталмаған.

Сонымен қатар КПО тұрақты негізде кен орны аумағындағы қалдықтарды орналастыру нысандарындағы қоршаған ортаның жай-күйіне өндірістік экологиялық бақылау жүргізеді. 2021 жылы Экоорталықтың қатты өнеркәсіптік қалдықтарын көму полигонында, сұйық бұрғылау қалдықтарын уақытша сақтау алаңында, сондай-ақ 35А және 35Б чектерде жер асты сулары мен топырақты бақылау нәтижесінде қоршаған орта компоненттеріне тікелей теріс әсер байқалмайды. Қалдықтардың қозғалысын сандық бақылау көму көлемін, сондай-ақ қалдықтардың жиналу көлемі мен уақытын есепке алу мақсатында жүзеге асырылады.

Ауа сапасын қадағалау аккредиттелген зертхананың сынамалар алуы және талдауы арқылы, сондай-ақ 18 стационарлық автоматты экологиялық мониторинг станциясы (ЭМС) көмегімен жүргізіледі. Атмосфералық ауаның сапасын бағалау үшін санитарлық-гигиеналық нормативтер немесе рұқсат етілген шекті шоғырлану (РШШ) талабы қолданылады. Атмосфералық ауаның ластану деңгейін анықтау үшін бақыланатын компоненттердің тіркелген шоғырлануын РШШ-мен салыстырып, бөлшектеп көрсетіледі.

2021 жылы ӨЭБ үдерісі аясында 100 мыңнан астам сынама алынып, 115 мың зертханалық талдамалар және 28 мыңға жуық өлшеулер өткізілді.

Компания кен орны аумағындағы, әсіресе санитарлық қорғау аймағының шекарасындағы және Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердегі атмосфералық ауа сапасына ерекше мән береді.

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫНА АВТОМАТТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ СТАНЦИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ GRI 413-1

ҚМГКК және СҚА периметрі бойынша орналасқан 18 автоматты экологиялық мониторинг станциясы (ЭМС 001-018) қоршаған ортаны қорғау бірыңғай автоматты жүйесіне біріктірілген.

18 ЭМС-ның төртеуі кен орнының аумағы мен СҚА шегінде орналасқан. 005 – 018 станциялары ЭМС-ын жаңа санитарлық қорғау аймағы шекарасына тасымалдау 2021 жылдың желтоқсанында аяқталды. 2021 жылдың соңына қарай РС33 шекарасында 13 ЭМС орнатылды: 006-018; ЭМС-005 Ақсай қаласының маңындағы учаскеге ауыстырылды.

ЭМС тіркеген бақыланатын компоненттердің 2021 жылғы ҚМГКК СҚА шекарасындағы орташа жылдық шоғырлануы 29-кестеде келтірілген. Бұл кестенің «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы әрбір ЭМС-ке бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

**29-кесте. 2021 ж. ЭМС тіркелген бақыланатын компоненттер шоғырлануының орташа жылдық мәндері**

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м³	РШШ м.б. <sup>6</sup> , мг/м³	РШШ артуы м.б.*
H <sub>2</sub> S	0-дан 0,001-ге дейін	0,008	жоқ
SO <sub>2</sub>	0,002-ден 0,005-ге дейін	0,5	жоқ
NO <sub>2</sub>	0,002-ден 0,006-ға дейін	0,2	жоқ
CO	0,1-ден 0,2-ге дейін	5,0	жоқ

\* СҚА шекарасында ауа сапасының өлшем шарты РШШ м.б. болып табылады. ЭМС РШШ м.б. көрсеткіштен асқан жағдайда белгі беретіндей етіп баспалған.

Барлық ЭМС төрт негізгі ластанушылар (H<sub>2</sub>S, SO<sub>2</sub>, NO<sub>2</sub>, CO) бойынша үздіксіз, яғни тәулігіне 24 сағат бойы өлшеу жүргізеді.

Экологиялық мониторинг станцияларынан 2021 жылы алынған мәлімет бойынша нақты орташа тәуліктік, орташа айлық, орташа тоқсандық, орташа жылдық бақыланатын компоненттердің шоғырлануы белгіленген санитарлық-гигиеналық нормативтерден аспады. Дегенмен, 2021 жылдың 31 тамызында ЭМС-016 станциясында азғантай уақыт – 20 минут бойы өлшенген күкіртсутегі мөлшерінің РШШ максималды бір мезгілдік артуы тіркелген. ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес (130-баптың 1-тармағының 6-тармақшасы) компания БҚО бойынша экология департаментіне ЭМС-016 станциясында тіркелген артып кету фактісі туралы хабарлама жолдады.

**30-кесте. 2021 ж. ЭМС тіркелген РШШ м.б. мөлшерінің арту жағдайлары**

ЭМС №.	Бақыланатын компоненттер	2020 ж. тіркелген нақты максималды бір мезгілдік шоғырланулар, мг/м³	РШШ м.б., мг/м³	РШШ м.б. артуының жиілігі	Арту саны
ЭМС-016	H <sub>2</sub> S	0,010	0,008	1,25	1

<sup>6</sup> РШШ м.б. – елді мекендердің атмосфералық ауасындағы химиялық заттектің максималды бір мезгілдік рұқсат етілген шекті шоғырлануы [мг/м³]. Бұл шоғырлану 20-30 минут бойы тыныс алу кезінде адам ағзасында рефлекторлық реакцияны қоздырмауы тиіс (тыныс алудағы іркіліс, көздердің шырышты қабығының, жоғарғы тыныс жолдарының тітіркенуі, т.б.).

Ауа сапасын бақылау туралы барлық 18 автоматты ЭМС-нан алынған деректер Батыс Қазақстан облысының қоршаған ортаны қорғау департаментіне «Экомонитор» порталы арқылы онлайн жіберіледі.

**ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНА ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН АУЫЛДАРДЫҢ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫН БАҚЫЛАУ GRI 413-1**

Кен орнының маңайында орналасқан 6 елді ауылда: Жарсуат, Жаңаталап, Димитрово, Қарашығанақ, Приурал, Успен және Ақсай қаласында ауаны бақылаудың тұрақты станциялары бар. Ауа сынамаларын алу күніне 4 рет (MEMCT сәйкес 01:00, 07:00, 13:00 және 19:00 уақытында) мердігерлік зертхананың аталмыш ауылдарда тұратын тұрақты қызметкерлерімен жүргізіледі. 2021 жылы аталмыш бекеттерде 52 мың атмосфералық ауа сынамасы алынып, талдаудан өтті.

Алынған сынамалар Ақсай қаласындағы зертханаға жеткізіліп, мемлекеттік стандарт және басшылыққа алынатын құжаттарға сәйкес негізгі бес компоненттің құрамына химиялық тұрғыдан талданады: (H<sub>2</sub>S) күкірт сутегі, (SO<sub>2</sub>) күкірт диоксиді, (NO<sub>2</sub>) азот диоксиді, (CO) көміртек оксиді және (CH<sub>3</sub>SH) метилмеркаптан. Одан басқа, ауа құрамындағы ұшқыш органикалық байланыстарға, атап айтқанда бензол (C<sub>6</sub>H<sub>6</sub>), ксилол (C<sub>8</sub>H<sub>10</sub>), толуол (C<sub>7</sub>H<sub>8</sub>) мезгіл сайын (10 күнде 1 рет) бақылау жүргізіледі.

Ауа сапасын бақылаудың ай сайынғы нәтижелері жергілікті бұқаралық баспа ақпарат құралдарында жарияланады және ақпараттық тақтаға орнатылу үшін ауылдарға таратылады, сонымен қатар КПО вебсайтында ай сайын жарияланады. Жергілікті тұрғындардан газ иісіне байланысты шағымдар түскен жағдайда тұрақты станцияларда кезектен тыс сынамалар алынады.

2021 жылы елді мекендер атмосфералық ауасында бақыланатын көрсеткіштердің орташа тәуліктік РШШ асуы тіркелген жоқ.

2021 жылы, Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендер тұрғындарынан газ иісіне қатысты үш шағым түсті. Елді мекендерде жоспардан тыс атмосфералық ауа сынамалары алынды, олардың талдамасының нәтижесі бойынша бақыланатын компоненттер шоғырлануы бекітілген РШШ м.б. көрсеткіші-

нен аспағанын көрсетті. Газ иісіне қатысты әр шағым бойынша шағымданушыларға кері байланыс берілді.

31-кестеде жеті елді мекендегі атмосфералық ауасында бақыланатын компоненттердің 2021 жылғы орташа шоғырлануы келтірілген. «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасында бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндері көрсетілген. Елді мекендердегі ауа сапасын бағалау критерийі ретінде РШШ т.о. көрсеткіші қолданылады.

**31-кесте. ҚМГКК жақын орналасқан елді мекендердің атмосфералық ауасындағы бақыланатын компоненттер концентрациясының орташа жылдық мәні, 2021 жыл GRI 413-1**

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м³	РШШ т.о. <sup>7</sup> , мг/м³	РШШ т.о. артуы
H <sub>2</sub> S	0,001 – 0,002	0,008**	жоқ
SO <sub>2</sub>	0,003	0,05	жоқ
NO <sub>2</sub>	0,022-ден 0,025-ке дейін	0,04	жоқ
CO	0,428 – 0,432	3,0	жоқ
C <sub>6</sub> H <sub>6</sub>	0,173-тен 0,188-ге дейін	0,3**	жоқ
C <sub>7</sub> H <sub>8</sub>	МАШ мәнінен төмен*	0,6**	жоқ
C <sub>8</sub> H <sub>10</sub>	МАШ мәнінен төмен*	0,2**	жоқ
CH <sub>3</sub> SH	тіркелмеді	0,006**	жоқ

\* Тіркелген деректер минималды анықтау шегінен (МАШ) төмен. Бақыланатын компоненттер үшін МАШ келесідей: C<sub>6</sub>H<sub>6</sub> – 0,14 мг/м³; C<sub>7</sub>H<sub>8</sub> – 0,14 мг/м³.

\*\* РШШ б.м. – Күкіртсутегі және метилмеркаптан үшін РШШ т.о. мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін РШШ б.м. қолданылады; сондай-ақ РШШ б.м. атмосфералық ауа құрамындағы бензол, толуол және ксилол шоғырлану деңгейін бағалау үшін қолданылады, себебі осы компоненттер үшін сынамаларды алу және талдау жиілігі – 10 күнде 1 рет.

<sup>7</sup> РШШ т.о. – елді мекендердің ауасында рұқсат етілген химиялық заттектердің тәуліктік орташа шекті шоғырлануы, мг/м³. Бұл шоғырлану анықталмаған ұзақ уақыт (жылдар) бойы дем алу кезінде адамға тікелей немесе жанама зиянды әсер етпеуі тиіс.



Стационарлық экологиялық мониторинг станциясы

## Бұл біз үшін неге маңызды?

КПО сияқты өнеркәсіптік мекемелердің қызметі зиянды заттардың атмосфераға тасталуымен әрдайым байланысты болады. Уытты заттардың қоршаған ортада үлкен көлемде шоғырлануы экологиялық тепе-теңдіктің нашарлауына әкеледі. Компанияның бұл тұстағы мақсаты – өзінің қызметінен туындаған теріс әсерді барынша азайту.

2021 жылы компания ұңғымаларды игеру кезінде көмірсутек шикізатын жағу көлемін төмендету бойынша жаңа әдістерді тестілеуді жалғастырды. Жоғары қысымды сепараторы бар 4 ұңғыманы сынау технологиясының нәтижесінде 2020 жылы (3 ұңғыма) және 2021 жылы (1 ұңғыма) ~24 мың тонна CO<sub>2</sub>-экв шығарындыларын азайтуға және қосымша ~53 мың баррель өндіруге қол жеткізілді. **GRI 305-5, 102-15, 103-1 (3-3)**

## АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР


КПО компаниясы атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың көлемін әсер етуге берілген экологиялық рұқсатта белгіленген лимиттер негізінде реттеп басқарады.

17-кестеде көрсетілгендей шығарындылардың негізгі көлемі газды алауларда (37%), инсинераторларда (21%), газ турбиналық қондырғыларда (20%), қазандықтарда, технологиялық пештерде және компрессорларда (12%), сондай-ақ ұйымдастырылмаған көздерден (10%) жағу нәтижесінде пайда болады.

КПО-да парниктік газдардың (ПГ) тікелей шығарындыларын реттеу қолданыстағы квоталар саудасының ұлттық жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

2021 жылы атмосфераға шығарындылардың жалпы көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 37%-ға азайып, 4 798 тоннаны құрады. Шығарындылардың азаюы, негізінен, 2021 жылы ұңғымалардың алауларында көмірсутектердің жануымен жүретін ұңғымаларды пайдаланудың болмауына байланысты ұңғымалық операциялардың болмауына байланысты болды.

**17-сызба. Атмосфераны ластаудың негізгі көздері бойынша 2021 жылға КПО-ның ластағыш заттар шығарындыларының жіктелуі**



**32-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз GRI 103-2 (3-3)**

2021 жылға біздің міндеттеріміз	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға арналған міндеттер
Парниктік газдардың меншікті шығарындылар көрсеткішін көмірсутектерді өндірудің бір мың тоннасына шаққанда 67 тонна CO <sub>2</sub> көрсеткішінен асырмау	Орындалды	Парниктік газдардың меншікті шығарындылар көрсеткіші өндірілген көмірсутектердің бір мың тоннасына шаққандағы 63 тонна CO <sub>2</sub> құрады	
Өндіріс шығынын 3,82%-дан асырмау	Орындалды	Өндіріс шығыны 3,54%-дан асқан жоқ	
	Жаңа міндеттер		2022–2025 жылдарға арналған ПГ шығарындыларына квота алу үшін нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу және тексеру/валидациялау 2022–2025 жылдарға ПГ шығарындыларына квота алу

33-кестеде 2019–2021 жылдардағы КПО-ға рұқсат етілген және нақты шығарындылары туралы ақпарат берілген.

**33-кесте. Ластағыш заттар шығарындыларының рұқсат етілген және нақты көлемі, 2019–2021 жж. GRI 305-7**

Ластағыш заттар шығарындыларының жылдық көлемі, тоннамен:	2021	2020	2019
<b>ЛЗ эмиссияларына рұқсат бойынша</b>	<b>13 219</b>	<b>17 527</b>	<b>18 544</b>
<b>Нақты, оның ішінде:</b>	<b>4 798</b>	<b>7 591</b>	<b>7 597</b>
Азот оксиді	1 197	1 637	1 636
Күкірт диоксиді	1 989	3 315	3 281
Көмірқышқыл оксиді	1 039	1 145	1 205
Ұшпа органикалық қоспалар	452	1 352	1 329
Күкіртсутегі	3	3	3
Қатты бөлшектер	71	74	80
Басқалары	47	65	63



Ескерту: Шығарындылар көлемі туралы деректер «2-ТП Ауа» статистикалық есептерінің деректеріне сәйкес берілген.

КПО-дағы ластаушы заттар шығарындыларын есептеу шығарындылар нормативтерінің жобасында айқындалған және ҚР-да қолдануға ұсынылған әдістемелер бойынша жүзеге асырылады.


2021 жылы өндіріс бірлігіне шаққандағы меншікті шығарындылар өндірілген көмірсутек шикізатының бір мың тоннасына 0,18 тоннаны құрады. 2020 жылмен

салыстырғанда 2021 жылы меншікті шығарындылардың төмендеуі жалпы шығарындылардың азаюына, көмірсутек шикізатын жағуды талап ететін ұңғымаларда жұмыстардың болмауына, сондай-ақ жалпы шығарындыларға негізгі үлес қосатын жабдықтың жұмыс уақытының қысқаруына байланысты болды.


**18-сызба. 2019–2021 жж. көмірсутек шикізатын өндіру және ластаушы заттар шығарындыларының көлемі**



19-сызба. Жағылған ілеспе газ көлемі, 2019–2021 жж. (млн м³)



20-сызба. Газды кәдеге жарату және жағу, 2021 ж.



- Газды айдау
- Жанармай газы
- Орынбор газ зауытына жеткізілім
- Жағылған газ

## ГАЗДЫ АЛАУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНДА ЖАҒУ OG-6

2021 жылы газды алауларда жағудың жалпы көлемі өндірілген газдың жалпы көлемінен 0,06% (2020 жылы 0,08%) немесе өндірілген көмірсутек шикізатының мың тоннасына шаққанда 0,38 тоннаны құрады. IOGP 2020 жылғы есебінде көрсетілгендей, артық газды өртеу нәтижесінде шығарындылардың мұндай елеусіз қарқындылығы бір мың тоннаға 8,0 тонна орташа әлемдік өнеркәсіптік көрсеткішпен және мың тоннаға 2,4 тонна орташа<sup>8</sup> еуропалық көрсеткішпен салыстырғанда өндірістік көрсеткіштердің жоғары деңгейін көрсетеді. 2020 жылмен салыстырғанда газ жағу көлемінің азаюы 2021 жылы көмірсутек шикізатын жағумен байланысты ұңғымалық операциялардың және толық ЖЖЖ болмауымен байланысты.

### ГАЗДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ OG-6

2021 жылы КПО газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,94%-ды (2020 жылы 99,92%-ды) құрады. Бұл ретте ілеспе газды өңдеуді дамытудың 2021 жылға арналған бағдарламасы шеңберінде ҚР уәкілетті органы бекіткен нысаналы көрсеткіш 99,69%-ды құрайды.

2021 жылы КПО газды кәдеге жарату көрсеткіші

**99,94%-ды**  
құрады.

<sup>8</sup> Деректер көзі – «Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығы» (IOGP) ұйымының жыл сайынғы есептері – «Экологиялық көрсеткіштер бойынша 2020 жылғы деректер».

### ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ GRI 305-1, 305-7

КПО-дағы парниктік газдардың (ПГ) тікелей шығарындылары қолданыстағы ұлттық квоталар сауда жүйесі аясында реттеледі. 2021 жылы КПО 2 369 945 тонна көлемінде шығарындылардың үлестік коэффициенттері (бенчмарктер) негізінде парниктік газдар шығарындыларына (CO<sub>2</sub>) квота алды. 2021 жылы нақты шығарындылар көлемі 1 727 683 тонна CO<sub>2</sub> эквивалентін құрады, бұл алынған квота көрсеткішінің 73%-ын құрады.

ПГ шығарындыларын есепке алу көміртек диоксиді (CO<sub>2</sub>), метан (CH<sub>4</sub>) және азоттың шала тотығы (N<sub>2</sub>O) бойынша есептеу әдісімен мекеме қызметі туралы мәліметтер (жанармай шығысы және жанармай құрамы бойынша зертханалық мәліметтер) негізінде жүргізіледі.

2021 жылғы ПГ шығарындыларын түгендеу туралы верификацияланған есепке сәйкес ПГ шығарындыларының жалпы көлемі CO<sub>2</sub> эквивалентінде **1 745 768** тоннаны құрады, оның ішінде CO<sub>2</sub> үлесіне CO<sub>2</sub>-экв 1 727 683 тонна келеді (99%), CO<sub>2</sub>-экв-да CH<sub>4</sub> – 9 586 тонна үлесіне (0,5%), CO<sub>2</sub>-экв-да N<sub>2</sub>O үлесіне – 8 499 тонна (0,5%).

ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы туралы ақпарат 34-кестеде берілген. 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы парниктік газдардың жалпы шығарындыларының шамалы төмендеуі (4%-ға) есепті жылы көмірсутектерді өндіру қуатының төмендеуіне байланысты жабдықты пайдалану уақытының қысқаруымен байланысты.

34-кесте. КПО өндірістік қызметінің салдарынан ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы, 2019–2021 жж.

Парниктік газ шығарындыларының жалпы көлемі (CO <sub>2</sub> эквивалентінде, тоннамен)					
Отынды тұрақты көздерде жағудан	Отынды алаулар мен инсинераторларда жағудан	Ұйымдастырылмаған шығарындылар*	<b>2021 жылғы ПГ жалпы шығарындылары</b>	2020 жылғы ПГ жалпы шығарындылары	2019 жылғы ПГ жалпы шығарындылары
1 602 469	136 211	7 088	<b>1 745 768</b>	1 821 604	1 870 324


\* ҚР ЭГТРМ түгендеу мақсатында қолдануға рұқсат етілген ұйымдастырылмаған көздерден парниктік газдардың шығарындыларын есептеудің жеке әдістемесін қолдануды ескере отырып, 2021 жылы ұйымдастырылмаған ПГ шығарындыларының көлемі 2018–2019 жылдары ПГ шығарындыларын түгендеу кезінде қолданылған әдістеме бойынша CO<sub>2</sub> эквивалентінде 151 916 тоннаны құрады.

### ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ МЕНШІКТІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ GRI 305-4

2021 жылы өндірілген көмірсутек шикізатының мың тоннасына шаққандағы ПГ меншікті шығарындылары 63 тонна CO<sub>2</sub> құрады, бұл – өндірілген көмірсутек шикізатының мың тоннасына шаққандағы ПГ меншікті шығарындыларын 67 тонна CO<sub>2</sub> асырмау көрсеткішін сақтау бойынша мақсаттарға толықтай сәйкес келеді.

21-сызбада КПО ПГ меншікті шығарындылар динамикасы Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығымен берілген меншікті шығарындылар көрсеткіштері салыстырылған. КПО ПГ нақты меншікті шығарындылар деңгейі еуропалық көрсеткіштер деңгейінен 23%-ға, ал халықаралық көрсеткіштер деңгейінен 44%-ға төмен болды.

21-сызба. Көмірсутек шикізаты өндірісінің бірлігіне шаққанда ПГ меншікті шығарындыларының динамикасы\*



- КПО мәліметтері – CO<sub>2</sub> тоннасы/өндірілген КСШ мың тоннасы
- IOGP мәліметтері – CO<sub>2</sub> тоннасы/өндірілген КСШ мың тоннасы (еуропалық көрсеткіштер)
- IOGP мәліметтері – CO<sub>2</sub> тоннасы/өндірілген КСШ мың тоннасы (халықаралық көрсеткіштер)

\* Деректер көзі ретінде IOGP Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының «Экологиялық тиімділік көрсеткіштері – 2020 жылғы деректер» атты жыл сайынғы есептері пайдаланылды. Салыстыру үшін 2021 жылы 2020 жылғы деректер пайдаланылды, өйткені 2021 жылғы IOGP есебі осы басылымды дайындау кезінде әлі басылып шығарылмаған.

## Бұл біз үшін неге маңызды?

Бүгінгі таңда КПО компаниясының алдында тұрған күрделі міндеттердің бірі – төмен көміртекті технологияларға көшуді жүзеге асыра отырып, энергия ресурстарын өндіруді қамтамасыз ету.

Біздің міндеттеріміз – ең озық қолжетімді технологияларды, энергия үнемдейтін жабдықтарды, материалдарды пайдалана отырып, энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды жалғастыру және оларды бағалау. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**

## ЭНЕРГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК

Энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар шеңберінде КПО энергетикалық талдау және энергия тиімділігіне мониторинг жүргізеді. Талдау нәтижелері бойынша КПО компаниясының энергия сыйымдылығы 2014–2020 жылдар аралығында салыстырмалы түрде тұрақты болды, ал ауытқулар 1-2% шегінде болды. 2021 жылы КПО энергия сыйымдылығының 2014 жылмен салыстырғанда 6,5%-ға артқаны байқалады, бұл өсім Оренбург мұнай өндеу зауытына газ жеткізу бойынша шектеулерге және ГҚДҚ-2 нысанының тоқтатылуына байланысты көмірсутектерді өндірудің төмендеуімен байланысты.

Салыстырмалы талдау нәтижесі КПО энергия сыйымдылығы IOGP-ге есеп беретін компаниялардың энергия сыйымдылығының орташа көрсеткішінен төмен екенін көрсетті. Осы талдау нәтижелері энергетикалық саясатты айқындау және компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі мақсаттарын, міндеттері мен іс-шараларын белгілеу үшін негіз болып табылады. **GRI 103-3 (3-3)**

Энергия тиімділігі және Компанияның әсері бойынша қауіп-қатерлерді барынша азайту мақсатында біз бірқатар міндеттер айқындадық. Төменде осы міндеттерді іске асыру нәтижелері көрсетілген.



### 35-кесте. Энергиялық тиімділік саласындағы міндеттер GRI 103-2 (3-3)

2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
Энергия бойынша аудитті аяқтау және энергияны үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру бойынша бес жылдық жоспарды әзірлеуді аяқтау	Ішінара орындалды	Энергия бойынша аудит аяқталды. Энергияны үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру бойынша бес жылдық жоспарды әзірленді	Компанияда жүргізілетін жыл сайынғы энергетикалық талдауды өткізу және КПО энергия сыйымдылығына айтарлықтай әсер ететін жабдықтар/ процестердің энергия тиімділігі көрсеткіштеріне мониторингті жалғастыру
Энергия менеджменті жүйесінің ISO 50001:2018 стандарты талаптарына сәйкестігін тексеру бойынша аудит өткізу	Орындалды	2021 жылдың тамызында ISO 50001:2018 стандарты талаптарына сәйкестікті тексеру бойынша аудит сәтті өткізілді	Энергия менеджменті жүйесінің ISO 50001:2018 стандарты талаптарына сәйкестігін тексеру бойынша аудит өткізу

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ GRI 103-2, 103-3 (3-3)

ISO бойынша сертификаттау КПО-ның іскерлік беделін одан әрі нығайтады – заңнамалық талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдау арқылы компания Қазақстан Республикасының сенімді серіктесі екенін көрсетеді.

2021 жылдың тамызында КПО-да ISO 50001:2018 стандарты талаптарына сәйкестікті тексеру бойынша аудит сәтті өткізілді. Аудит нәтижесінде КПО-ның энергетикалық менеджмент жүйесінің тиісті халықаралық стандарттарға сәйкестігі расталды.

### ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ GRI 302-1

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнама талаптарына сәйкес компания бес жыл сайын міндетті энергетикалық аудит жүргізеді.

Энергетикалық аудиттің басты мақсаты – компанияның отын және энергетикалық ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалау және энергетикалық ресурстарды ұтымды тұтынуды қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлеу болып табылады.

2021 жылы арнайы компания КПО-да міндетті энергия аудитін өткізді, аудит нәтижелері бойынша КПО-ның энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы қызметі «өте жақсы» деп бағаланады. Энергия аудитінің нәтижелері бойынша экономикалық жағынан

тиімді және қызметте пайдалануға болатын энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұсынылды, олардың бірі – газ турбиналы электр станциясында шыққан жылуды кәдеге жарату қазандығын орнату бойынша іс-шаралар, аталмыш шараларды КПО 2022–2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру іс-шаралар жоспарына енгізуді жоспарлап отыр.


2020 жылы 1 067 135 тонна шартты отын (т.ш.о.) тұтынылған болса, 2021 жылы энергия ресурстарын жалпы тұтыну 1 029 538 тонна шартты отынды құрады. Энергия ресурстарын тұтынудың төмендеуінің себебі электр энергиясын өндіретін турбиналардағы жөндеу жұмыстарына байланысты. 36-кестеде әр энергия түрі бойынша көрсетілген тұтынылатын энергия көлемі келтірілген.

### 36-кесте. 2019–2021 жылдары КПО-ның энергия ресурстарын тұтыну мөлшері GRI 302-1

Энергия түрі	Өлшем бірлігі	Энергияны тұтыну, физикалық өлшем бірліктері			Энергия тұтыну, шартты отын тоннасы (ш.о.т)			Энергия тұтыну, ГДж		
		2021	2020	2019	2021	2020	2019	2021	2020	2019
Отын газы	мың м³	<b>832 863</b>	863 029	826 806	<b>1 026 088</b>	1 063 251	1 018 625	<b>30 074 639</b>	31 163 893	29 855 886
Электр энергиясы (сатып алынған)	МВт*сағ	<b>6 710</b>	6 236	7 244	<b>825</b>	767	891	<b>24 181</b>	22 482	26 115
Дизель жанармайы	м³	<b>705</b>	1 188	739	<b>888</b>	1 498	932	<b>26 027</b>	43 905	27 468
Бензин	м³	<b>228</b>	199	226	<b>251</b>	220	249	<b>7 357</b>	6 439	7 301
Жылу (жалға алынған кеңселерде)	Гкал	<b>10 388</b>	9 781	8 731	<b>1 486</b>	1 399	1 249	<b>43 555</b>	40 994	36 595
БАРЛЫҒЫ					<b>1 029 538</b>	1 067 135	1 021 946	<b>30 175 759</b>	31 277 713	29 953 365

2021 жылғы энергияны жұмсау көрсеткіші бір тонна көмірсутекке шаққанда 1,10 Гдж құрады, бұл Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына<sup>9</sup> (1,4) есептерін берген компаниялардың энергияны жұмсау орта көрсеткіштерінен төмен.

22-сызба. Энергияны жұмсау динамикасы, 2019–2021 жж. GRI 302-3



2021 жылғы желтоқсанда КПО компаниясы «Жасыл кеңсе 2021» II Республикалық байқауының өнеркәсіптік кәсіпорындар номинациясында жеңіске жетті

## ЭНЕРГИЯНЫ САҚТАУ ШАРАЛАРЫ

КПО-ның энергияны сақтау мен тиімділігін арттыру бойынша бекітілген жоспарына сәйкес 2021 жылы келесі шаралар жүзеге асырылды:

- ▶ Өндірістік және қосалқы нысандарда шамдарды жарықдиодты шамдарға алмастыру жұмыстары жалғасты. 2021 жылы шамдардың 4 917 данасы ауыстырылды. Шамдарды ауыстыру шараларының нәтижесінде жылына үнемделген электр энергиясының есептелген көрсеткіші шамамен 754 600 кВт\*сағ құрады. 2019–2021 жылдар аралығында 10 385 шам ауыстырылып, 1 271 230 кВт\*сағ көлемінде энергия үнемделді.
- ▶ Отын газы бойынша есеп беру процесін жақсарту бойынша жұмыстар жалғастырылды:
  - ▶ ҚӨК нысанының 5-340 учаскесінде ультрадыбыстық шығын өлшегішті орнату – 2022 жылдың 3 тоқсанына жоспарланған;
  - ▶ кері айдау компрессорларының газ турбинасында отын газының шығын өлшегішін орнату.
- ▶ Өндірістік бөлімдердің қызметкерлеріне арнап ISO 50001:2018 энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша оқыту сессиялары өткізілді.

<sup>9</sup> Деректер көзі – «Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығы» (IOGP) ұйымының жыл сайынғы есептері – «Экологиялық көрсеткіштер бойынша 2020 жылғы деректер».

# ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 3: GRI 102-44

## КПО «ЖАСЫЛ» КЕҢСЕСІ

### МӘСЕЛЕНІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ:

2021 жылы КПО «Жасыл» кеңсе қағидаттарын енгізу бойынша жұмысын жалғастырды. «Жасыл» қағидаттарды іске асыру экологиялық мәдениетті қолдап, арттыруға, қызметкерлердің экологиялық мәселелердің маңыздылығын түсінуіне және қоршаған ортаға саналы түрде қамқорлық жасауына ықпал етеді.

Сонымен қатар, «Жасыл» кеңсе тұжырымдамасы қызметкерлерді волонтерлік жобаларға қатысуға және экологиялық әдеттерді дамытуға ынталандырады.

### МАҚСАТЫ:

«Жасыл кеңсе 2021» бағдарламасының міндеттері:

- ▶ Компания кеңселерінің «экологиялық ізін» азайту, экологиялық идеяларды ілгерілету және
- ▶ қызметкерлер арасында «жасыл» технологиялар мен тәжірибелерді енгізуге ниеттестікті арттыру.

### ЖАҒДАЙДЫҢ ШЕШІМІ / ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘРЕКЕТТЕР:

2021 жылы «КПО Жасыл кеңсесі» пилоттық жобасын іске асыру бойынша нысаналы топқа Орал қаласындағы «Құрманғазы» кеңсесі мен Ақсай қаласындағы «Қарашығанақ» бизнес орталығы кірді. Аталмыш кеңселерде кейіннен қайта өңдеуге тапсыру мақ-

сатында пластикалық қалдықтарды бөлек жинау тәжірибесі енгізілген болатын.

Бұл жоба түрлі тренингтерді өткізу және эко-еріктілер командасын құру арқылы іске қосылды. 2021 жылы Компанияның 200-ден астам қызметкері экологиялық тренингтен өтті, атап айтқанда:

- ▶ Эко-еріктілерге арналған «Жасыл» кеңсе бағдарламасы аясындағы оқыту модульдері, ал олар өз кезегінде алған білімдерімен жұмыстағы әріптестерімен бөлісіп отырды.
- ▶ Кеңселердегі «экологиялық ізді» азайту және әр қызметкердің кеңселерді экологияландыруға қосқан үлесі туралы өзекті мәселелер талқыланған эко-үзілістер.
- ▶ Мотивациялық спикер, экология және СӨС жаттықтырушысы қатысуымен «Қалдықтарды басқару арқылы шығындарды басқару немесе ең тиімді эко-әдеттер» тақырыбындағы экологиялық семинарлар. Семинар қорытындысы бойынша көптеген қызметкерлер өз ұжымдарында эко-ерікті болуға ниет білдірді.

Таңдалған кеңселердің экологиялық тиімділігін бақылау мақсатында төмендегідей көрсеткіштер анықталды:

- ▶ Электр энергиясын тұтыну (кВт);
- ▶ Суық суды тұтыну (м³);
- ▶ Түзілген пластикалық қалдықтар саны (кг);
- ▶ Макулатура саны (кг);
- ▶ Пайдаланылған пластикалық ыдыс саны (дана).

### НӘТИЖЕЛЕРІ:

2021 жылдың желтоқсан айында КПО компаниясы «Жасыл кеңсе 2021» II Республикалық байқауының өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін номинациясында жеңімпазы атанды.

«Жасыл кеңсе 2021» байқауы «Жасыл» экономика және G-Global-ды дамыту Коалициясының бастама-сымен, Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің және ЕҚЫҰ бағдарламалық кеңсесінің қолдауымен өткізілді. Аталмыш сайыстың міндеттері экологиялық өмір салтын, «жасыл» және төмен көміртекті технологияларды насихаттау, қоршаған ортаға зиянсыздықты арттыру, озық тәжірибені және технологиялық шешімдерді тарату, сондай-ақ қоршаған ортаға тілектестік негізіндегі қарым-қатынасты қалыптастыру үшін қолайлы еңбек жағдайларын жасауға жәрдемдесу болып табылады. Аталған байқауға 100-ден астам ұйым қатысты.

2022 жылы «Жасыл» кеңсе қағидаттарын енгізу бойынша жұмыстар компанияның басқа да кеңселерінде жалғасын таппақшы.

«Жасыл кеңсе» жобасы бірінші кезекте сәнді әлеуметтік тренд қана емес, бұл – адамдар мен ұйымдар қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту қажеттілігі.

## Бұл біз үшін неге маңызды?

Суды шамадан тыс және тиімсіз тұтыну су қорларының сарқылуына, өндірістік және шаруашылық қажеттіліктерге арналған судың тапшылығына, су экожүйелерінің нашарлауына және су нысандарының табиғи көбею және тазару қабілетінің төмендеуіне қатысты әсерлерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Компанияның міндеті – су қорларын сақтау мақсатында оларды тиімді пайдалану. КПО су қорларын сақтауға бағытталған шаралар кешені арқылы кәсіпорында таза су тұтынуды реттейді және мүмкіндігінше тазартылған суларды екінші рет пайдаланады. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**

## СУ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ САРҚЫНДЫ СУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ШАРАЛАР **GRI 303-1**

Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану – бүкіл адамзаттың, сондай-ақ компаниямыздың алдында тұрған маңызды және басым міндет. Су – өмір көзі және құнды өнеркәсіптік шикізат.

Компанияның су қорларын пайдалануға өндірістің әсерінің қаупін барынша азайту бағытындағы жұмысымыздың нәтижелері төменде көрсетілген.



### 37-кесте. Сарқынды суларды басқару бойынша міндеттер **GRI 103-2 (3-3)**

2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
№ 2 өнеркәсіптік ағындарды айдау полигонының аймағына геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жобасына сәйкес қосымша барлау жұмыстарын аяқтау	Орындалды	№ 2 полигонның аймағында барлық барлау геологиялық-гидрогеологиялық жұмыстар жүргізіліп, коллектор қабаттардың өнеркәсіптік ағын сулардың ұлғайтылған көлемін қабылдай алатынын дәлелдеуге мүмкіндік берді. Өнеркәсіптік ағындарды айдау бойынша негізгі жобалық шешімдер ҚОҚ жөніндегі уәкілетті органға ұсынылды. Қоршаған ортаға әсерді бағалау қажеттігі туралы қорытынды берілді.	Сарқынды суларды айдау жобасына № 3 толықтыру әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізу

2021 жылы Компанияның жалпы су тұтынуы 395 386 м<sup>3</sup> құрады, оның ішінде техникалық су 314 127 м<sup>3</sup>, ауыз су 81 259 м<sup>3</sup> құрады. **GRI 303-3, 303-5**

2021 жылы КПО 2020 жылмен салыстырғанда техникалық суды 16%-ке аз тұтынған. Тұрмыстық қажеттіліктерге жұмсалған судың көлемі де 2020 жылға қарағанда азырақ болды. Пайдаланылатын судың көлемінің төмендеуі бұрғылау бағдарламасының қысқаруына, тасымалдау кезінде су шығынын бақылаудың жақсаруына, Қоншыбай жырасындағы № 1 су қоймасындағы су деңгейінің төмендеуіне байланысты су тұтынуды оңтайландыру жөніндегі шараларға, су жинақтағыш тоғандардағы тазартылған сарқынды суларды, ирригациялық лагуналардағы және жерасты ұңғымала-

### 23-сызба. 2019–2021 жж. КПО бойынша су тұтыну **GRI 303-3**



рындағы жаңбыр және еріген қар суларын техникалық қажеттіліктерге екінші рет пайдалануға байланысты.

Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік мақсаттарға қажетті сумен қамтамасыз етуші негізгі су көзі – Қоншыбай жырасындағы № 1 су қоймасы, ал шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер су Жарсуат тоғанынан алынады. Шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктеріне сумен қамтамасыз ету көзі ретінде Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы (МАС) үшін Серебряков су тоғаны, ал Атырау терминалы МАС үшін Қиғаш су тоғаны пайдаланылады.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2014 жылғы (№ 325) қаулысына сәйкес Қоншыбай жырасы балық шаруашылығы су қоймаларының тізіміне кірмейді. Қоншыбай жырасы жерасты суларымен қоректенбейді, ол көктемгі еріген қар мен жауған жаңбырдан толып отырады.

Суды өнеркәсіп қажеттілігі үшін 24.05.2025 ж. дейін пайдалануға берілген рұқсатқа сәйкес КПО-ның Қоншыбай жырасынан жыл сайын ала алатын су көлемі 741 432 м<sup>3</sup>-мен шектелген. Рұқсатты «Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» РММ берді. Қоншыбай жырасындағы № 1 су қоймасын пайдалану су пайдаланудың оңтайлы режимін қамтамасыз етуге, құрылыстарды жарамды күйде ұстауға, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған пайдалану қағидаларына және су қоймасының гидротехникалық құрылыстарын қауіпсіз пайдалану, техникалық қызмет көрсету жөніндегі технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

2021 жылы өңірдегі ұзаққа созылған құрғақшылық пен қардың аз түсуі № 1 су қоймасындағы су деңгейінің күрт төмендеуіне алып келді. Осыған байланысты, 2021 жылы КПО техникалық суды тұтынуды оңтайландыруға және тазартылған сарқынды суларды, жаңбыр мен еріген суларды қайта пайдалануды арттыруға мүмкіндік беретін бірқатар іс-шаралар өткізді. Сонымен қатар, ұңғымаларда тәжірибелік-сүзгілік зерттеулер жүргізгеннен кейін жерасты сулары техникалық мақсаттарда қайта пайдалану үшін өндірістік нысандарға жіберілді. Балама көздерден су пайдалану тұжырымдамаларын іздеу және әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді және әлі де жалғасуда. **GRI 303-1**

38-кестеде КПО-дағы су тұтыну көздері бойынша ақпарат ұсынылған.

### 38-кесте. КПО су тұтынуы су көздері бойынша, 2019–2021 жж., м<sup>3</sup> **GRI 303-3, 303-5**

№	Су көздері	Нысан	Су сапасы	2021	2020	2019
1	Жарсуат су тоғаны (тұрмыстық қажеттіліктерге)	ҚМГКК	жер асты, ауыз су	79 852	80 957	91 851
2	Серебряков су тоғаны	Үлкен Шаған МАС	жер асты, ауыз су	1 407	1 472	1 605
	тұрмыстық қажеттіліктерге			868	938	924
	өндірістік қажеттіліктерге			539	534	681
3	Қоншыбай жырасының су тоғаны (өндірістік қажеттіліктерге)	ҚМГКК	жер үсті, техникалық	310 352	384 453	431 616
4	Қиғаш су тоғаны	Атырау МАС	жер үсті, техникалық	3 775	3 719	2 781
	тұрмыстық қажеттіліктерге			808	759	777
	өндірістік қажеттіліктерге			2 967	2 960	2 004

Ескертпе: пайдаланылған су көлемі есептеу құралдарының көмегімен есептеледі, құралда көрсетілген көрсеткіштер есепке алу журналына тіркелді және әрі қарай КПО тұтынатын суды есепке алу дерекқорына енгізіледі.



### ТАЗАРТЫЛҒАН САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫҢ ТӨГІНДІЛЕРІ GRI 303-2

Тазартылған шаруашылық-тұрмыстық суларды жинау үшін, өндірісте пайдаланылған сарқынды сулар және жауыннан түскен, еріген суларды шығару үшін Компания арнайы салынған нысандарды пайдаланады. Бұл нысандар топыраққа және жер асты суларына ластаушы заттардың түсуіне жол бермейді, сондай-ақ тазартылған сарқынды суларды әрі қарай техникалық қажеттіліктерге қайта пайдалану үшін жинап, пайдалануға алынатын таза су мөлшерін қысқартуға мүмкіндік береді. Сарқынды суларды жинауға арналған нысандардың түрлері [2018 жылғы Тұрақты даму туралы есепте](#) ұсынылды (40-кесте, 105-бет).

Көмірсутек шикізатымен бірге өндірілетін қойнауқаттағы ілеспе сулар және өндірістік сарқынды сулар тазартылады және ҚМГКК № 1 және № 2 өнеркәсіптік сарқынды суларды жерастына көму полигондарының терең жатқан жерасты қабаттарына айдалады. Сарқынды суларды жер қойнауына айдау – сарқынды суларды жоюдың әлемдік тәжірибесі, осындай жолмен суларды тазалау кезіндегідей бетінде тұзды қалдықтардың пайда болуына жол берілмейді. Қабаттардың жөнді оқшауланғандықтан, топырақтың қасиеттері сарқынды суларды айдау үшін өте қолайлы болғандықтан сарқынды сулар жоғарғы сулы қабаттарға көтеріле алмайды.

Сарқынды сулардың төгінділерінің көлемі және шығарылатын ластауыш заттардың мөлшері ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Компанияның жобалау құжаттамасында есептеліп, негізделеді және арнайы рұқсаттармен реттеледі. КПО шаруашылық және өндірістік қызметі нәтижесінде пайда болған сарқынды сулар табиғи су нысандарына ағызылмайды.

39-кестеде 2019–2021 жж. сарқынды сулар санаттары бойынша КПО төгінділерінің және қабылдаушы нысанның көлемі келтірілген.

2020 жылмен салыстырғанда Компанияның сарқынды су төгінділерінің көлемі 2021 жылы 12,38%-ке ұлғайды. Оның ішінде, 2021 жылы айдалатын өнеркәсіптік ағын сулардың көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 12,35%-ке артты. Өнеркәсіптік ағын сулардың көлемінің ұлғаюы өндірілген ілеспе сулар көлемінің артуымен байланысты. Тазартылған сарқынды сулардың түрлері және олардағы ластаушы заттар [2017 жылғы Тұрақты даму туралы есепте](#) ұсынылды (93-бет).

2021 жылы 58 981 тонна ластаушы заттар ағызылды (2020 жылғы 46 006 тоннаны құрады, яғни 28,2%-ке артық). Оның 58 166 тоннасы шекті рауалы төгінде (ШРТ) нормативтері шегінде, 815 тоннасы нормативтен тыс.

Ластаушы заттардың нормативтен тыс ағызылуы № 1 және № 2 өндірістік сарқынды суларды жерасты көму полигондарына айдалатын сарқынды сулардағы

күкіртсутегі, хлоридтер және метанол бойынша ШРТ нормативінен шамалы асып кету нәтижесінде болды. Аммоний азоты, хлоридтер және фосфаттар бойынша шамалы асып кетуді қоспағанда, жинағыш тоғандарға шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар бойынша ЛЗ нормативтен тыс ағызулар болмады. ҚР салық заңнамасының талаптарына сәйкес ЛЗ төгінділері үшін Компания қажетті төлемдерді жасады.

Жалпы, жер асты қабаттарына сарқынды суларды айдау топырақ, өсімдік және жануарлар әлемі сияқты қоршаған орта компоненттеріне әсер етпейді, өйткені су минералдығы жоғары және шаруашылық-ауыз су, бальнеологиялық және техникалық қажеттіліктер, суландыру және мал шаруашылығы үшін пайдаланылмайтын сенімді оқшауланған терең жатқан қабаттарда жүргізіледі.

### 39-кесте. 2019–2021 жж. сарқынды сулардың санаты мен қабылдаушы нысан көрсетілген төгінділердің және олардағы ластаушы заттардың (ЛЗ) жалпы көлемі, м³ GRI 303-4

Қабылдайтын нысан	Сарқынды сулардың санаты	2021		2020		2019	
		Төгінділер көлемі, м³	Ластаушы заттар көлемі, тонна	Төгінділер көлемі, м³	Ластаушы заттар көлемі, тонна	Төгінділер көлемі, м³	Ластаушы заттар көлемі, тонна
Жинақтағыш тоғандар	Тазартылған шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар	72 123	44,51	64 244	34,38	68 763	35,72
Өнеркәсіптік ағын суларды жерастына көму полигондары	Өндірістік-жауын сарқынды сулар, технологиялық және ілеспе-қабаттық сарқынды сулар	780 755	58 935	694 893	45 970	628 819	39 645
Үлкен Шаған МАС және Атырау МАС жер бедері	Еріген қар сулары және жаңбыр сулары	2 538	1,595	1 982	1,56	3 546	2,05
<b>Төгінділердің жалпы көлемі</b>		<b>855 415</b>	<b>58 981</b>	<b>761 119</b>	<b>46 006</b>	<b>701 128</b>	<b>39 683</b>

Ескертпе: төгінді су көлемі есептеу құралдарының көмегімен есептеледі, құралда көрсетілген көрсеткіштер есепке алу журналына тіркеледі және әрі қарай КПО тұтынатын суды есепке алу дерекқорына енгізіледі. Ластаушы заттар төгінділерінің көлемі ағызу алдындағы ластаушы заттардың нақты шоғырлануының төгінділердің нақты көлеміне көбейтіндісі ретінде есептеледі.

### ТАЗАРТЫЛҒАН САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ЖӘНЕ БАСҚА СУЛАРДЫ ЕКІНШІ РЕТ ПАЙДАЛАНУ GRI 303-3 (2016)

Бұрғылау, бұрғылау ерітінділерін дайындау, орман көшеттерін суару, жолдар мен салынып жатқан алаңдардағы шаңды басу сияқты операциялар мен жұмыс түрлеріне табиғи техникалық судың алынуын қысқарту мақсатында КПО тазартылған тұрмыстық, өндірістік-жаңбыр және нөсер сарқынды суларды пайдаланады. Компания нысандарында сарқынды суларды қайталап пайдалану 2018–2022 жылдарға белгіленген Технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

### 40-кесте. 2019–2021 жж. тазартылған сарқынды сулар мен жер асты суларын екінші рет пайдалану, м³

	2021	2020	2019
<b>Жалпы екінші рет пайдалану, оның ішінде:</b>	<b>35 061</b>	<b>18 313</b>	<b>38 545</b>
Бұрғылау ерітінділерін дайындау және бұрғылау қажеттілігіне	5 317	3 482	30 117
Өсімдіктерді суару мақсатында гидросынаулар және өрт резервуарларын толтыру	8 465	335	1 088
Шаңды басу	17 917	14 496	7 340
ҚМГКК өндірістік нысандарының техникалық қажеттіліктері	3 362		

Ескертпе: қайта пайдаланылған су көлемін есепке алу бақылау талонын толтыра отырып, м³ (мотосағаттар, автоцистерна көлемі, рейстер саны, сорғылардың өнімділігі және т.б.) жанама әдіспен айқындалады және деректер есепке алу журналына енгізіледі.

2021 жылы ұңғымалардан алынған тазартылған сарқынды сулар, жаңбырдың суы және еріген сулар, сондай-ақ жерасты сулары өндірістік нысандардың техникалық қажеттіліктеріне де пайдаланылды.

2021 жылы КПО техникалық қажеттіліктеріне екінші рет пайдаланылған сарқынды сулардың көлемі Қоншыбай жырасынан тұтынылған техникалық су көлемінің 11,3%-ін құрады. 2021 жылы Компания 35 061 м³ тазартылған сарқынды суды техникалық қажеттіліктерге қайта пайдаланды, олардың негізгі көлемі шаңды басуға пайдаланылды. 40-кестеде тазартылған сарқынды сулар мен суларды пайдаланатын жұмыс түрлері келтірілген.



Кен орнында су сыналасын алу сәті



## ӨНЕРКӘСІПТІК АҒЫН СУЛАРДЫ БАСҚАРУ GRI 303-2

Қарашығанақ кен орнындағы қойнауқаттық суларды және өндірістік ағын суларды кәдеге жарату – Компанияның маңызды міндеттерінің бірі.

КПО-ның өндірістік ағындарды басқару стратегиясы жер асты суларын пайдалану тұрғысынан өндірістік шектеулерді алып тастауға, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігін, жабдықтың тұтастығын және экологиялық талаптарды сақтауға бағытталған бірқатар өзара байланысты жобаларды жүзеге асыру болып табылады.

Компания 2-полигонда қабатқа кері айдалатын көлемді 2023 жылдан 2037 жылға дейін жылына 1 100 мың м<sup>3</sup>-ге дейін ұлғайту мақсатында полигондарға айдау жобасын толықтыру туралы шешім қабылдады. Қабатқа кері айдау жобасының 3-қосымшасында өнеркәсіптік кері айдалатын ағынды сулардың жоспарланған көлемін ұлғайту, сондай-ақ айдау ұңғымаларының әлеуетін арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтылатын болады. Аталған жұмыстар аяқталғаннан кейін 3-толықтыруға қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалау

ды (ҚОӘБ) әзірлеп, кейін қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

2021 жылы екі жоспарланған жоба аяқталды: өнеркәсіптік ағындарды тиімдірек жою үшін екінші сіңіргіш ұңғыманы күрделі жөндеу және каустик содамен өңдеу процесін автоматтандыру үшін модификацияланған газолінді меркаптаннан тазарту қондырғысын іске қосу.

2022 жылы жобаларды әрі қарай зерделеу және іске асыру бойынша жұмыстар, оның ішінде пайдаланылған каустикті бейтараптандыру блогын жаңғырту жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады. Сондай-ақ, 2022 жылы ЖЖЖ кезінде өнеркәсіптік ағындарды мұнайдан тазарту үшін қажетті газарындық флотациялық қондырғы мен келбеу пластиналы сепаратордың ыдыстарын ауыстыру жоспарлануда. Бұл ыдыстарды ауыстыру нысанның тұтастығын және жоғары өткізу қабілетін сақтауды қамтамасыз етеді, нәтижесінде мұнайды судан бөлу сапасы артады, бұл терең қабаттарға айдау алдында сарқынды суларды дайындаудың бүкіл жүйесінің жұмысына оң әсер етеді.

### 41-кесте. 2021 ж. өнеркәсіптік ағын суларды басқару саласында орындалған жобалар GRI 303-2

Жоба	Бизнес-фактор	Ескертпе
Модификацияланған газолінді меркаптаннан тазарту қондырғысын іске қосу	Өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Жобаны іске асыру кейіннен бейтараптандыру блогына түсетін пайдаланылған каустик соданың түзілуін оңтайландыруға мүмкіндік берді. Процесті автоматтандырудың арқасында қызметкерлер үшін қауіпті реактивтермен әрекеттесу қаупі едәуір азайтылды.
Екі айдау ұңғымасын күрделі жөндеу	Өндіру деңгейін қолдау	Жер қойнауқатын проппантты қолданып, сумен ажырату арқылы екі сіңіргіш ұңғыманы күрделі жөндеу айдау көлемін ұлғайту үшін өндірістік ағындарды кері айдау ұңғымаларының қабылдау әлеуетін едәуір арттыруға мүмкіндік берді.

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

КПО-дағы қалдықтарды басқару іс-әрекеті компанияның өндірістік қызметінің нәтижесінде түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қауіпін азайтуға бағытталған.

Міндетіміз – нысандарымыздағы қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату, полигондарға шығарылатын қалдықтар көлемін және көмілген қалдықтардың кері

әсерін азайту, сондай-ақ жаңа әдістер мен технологияларды зерттеу және қолдану.

Компания қалдықтарының қоршаған ортаға өндірістік әсер ету қауіп-қатерін азайту бойынша жұмысымыздың нәтижелері төмендегі кестеде және мәтінде берілген.



### 42-кесте. Қалдықтарды басқару саласындағы міндеттеріміз GRI 103-2 (3-3)

2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
2021–2023 жылдарға арналған КПО қалдықтарын басқару бағдарламасына сәйкес 2021 жылға жоспарланған 10 іс-шараны жүзеге асыру	Орындалды	Қалдықтарды басқару бағдарламасы бойынша 2021 жылға жоспарланған барлық іс-шаралар жыл бойы орындалды.	ҚМГКК үшін қалдықтарды басқару бағдарламасына, сондай-ақ Үлкен Шаған МАС және Атырау МАС қалдықтарын басқару бағдарламаларына сәйкес 2022 жылға жоспарланған іс-шаралардың орындалуын жүзеге асыру.
Сазды бұрғылау шламын жартылай өндірістік сынақтан өткізу жұмыстарын орындау	Кейінге қалдырылды	Туындаған ұйымдастырушылық және қаржылық қиындықтарға байланысты 2021 жылы жартылай өндірістік сынақтар бойынша жұмыстар жүргізілген жоқ.	

КПО шикізатты өндіру, дайындау және тасымалдау процестері, сондай-ақ арнайы жабдықтарды, материалдарды және осыған қажетті басқа да ресурстарды пайдалану қалдықтардың пайда болуымен байланысты.

КПО қабылдайтын түзілген қалдықтардың көлемін қысқарту бойынша шаралары, қалдықтарды жинау және сақтау, оларды жинау және тасымалдау кезінде экологиялық қауіпсіздік қағидаларын сақтау, қалдықтарды сұрыптау, қайта пайдалану, қайта өңдеу

және қауіпті қасиеттері мен көлемін азайту бойынша шаралары, оларды ҚО үшін қауіпсіз көму адамдарға және қоршаған ортаға теріс әсерін едәуір азайтуға ықпал етеді. **GRI 103-2 (3-3), 306-1**

КПО-ның 2021–2023 жылдарға арналған қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасында жинақталған және түзілетін қалдықтардың көлемі мен қауіпті қасиеттер деңгейін біртіндеп азайту бойынша көрсеткіштер


## Бұл біз үшін неге маңызды?

Қауіпті өндірістік қалдықтар, сондай-ақ оларды жинау және орналастыру орындары қауіпсіз айналыста болмаған кезде қоршаған ортаға қауіп төндіреді және атмосфералық ауаны, жер асты және жер үсті суларын, топырақ пен өсімдіктерді ластаудың ықтимал көзі бола тұра қоршаған орта мен адам денсаулығының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін.

Қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алу экологиялық заңнама талаптарын сақтау, яғни қалдықтарды арнайы жабдықталған орындарында ғана көму және жинақтау, қалдықтардың нормативтен тыс көму мен жинақтауға жол бермеу, сондай-ақ қалдықтарды жинақтау орындарынан уақтылы шығару арқылы жүзеге асырылады.

Мониторингтің жұмыс бағдарламасына сәйкес, КПО тұрақты негізде кен орны аумағында қалдықтарды көму және жинақтау нысандарындағы қоршаған ортаның жай-күйіне өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) жүргізеді. 2021 жылы бақылау нәтижесінде қоршаған орта компоненттеріне тікелей теріс әсер байқалмады. ӨЭБ шеңберінде орналастыру көлемдерін, сондай-ақ қалдықтардың жинақталу көлемі мен уақытын есепке алу мақсатында қалдықтардың қозғалысына сандық бақылау жүзеге асырылады. **GRI 306-1, 102-15, 103-1 (3-3)**

**24-сызба. 2019–2021 жж. КПО нысандарындағы түзілген қалдықтар мөлшері, тонна GRI 306-3**



Ескерту: Тұрмыстық қалдықтар өндіріс қалдықтарымен салыстырғанда олардың көлемінің аз болуына (6%-дан кем) байланысты осы есептеуде ескерілмеген. Тұрмыстық қалдықтар төменде қалдықтарды басқару әдістері туралы кестеде берілген.

” КПО Экоорталығында қалдықтарды өңдейтін бес қондырғы және оларды қауіпсіз орналастыру полигоны бар.

2021 жылы түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері **19 660** ТОННАНЫ құрады

мен шаралар қарастырылған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады:

- ▶ қалдықтарды өндіріс үдерісіне қайта жіберу;
- ▶ қалдықтарды Экоорталық қондырғыларында қайта өңдеу;
- ▶ қалдықтарды Экоорталық нысандарына орналастыру;
- ▶ қалдықтарды кейінгі орналастыру, қайта өңдеу және жою үшін мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға жіберу. **OG-7**

2021 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 19 660 тоннаны құрады.

**ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ GRI 306-2, 306-4, 306-5**

Компанияның өндірістік және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу қалдықтарды кәдеге жарату кешені және Экоорталық нысандарында жүргізіледі. Бұл нысан қатты қалдықтар мен сұйықтықтарды тиімді және экологиялық қауіпсіз кәдеге жарату мен қайта өңдеуді қамтамасыз етеді, және Батыс Қазақстан аймағындағы бұрғылау қалдықтарын басқаруда озық практиканың анық мысалы болып есептеледі.

Бұрғылау қалдықтарды қайта өңдеу қалдықтардың көлемін азайтуға және қауіптілігін төмендетуге мүмкіндік беретін, сонымен қатар қалдықтардан құнды бөлшектерді бөліп алатын, және оларды қайта пайдалану үшін өңдей алатын технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Компанияда қолданылатын қалдықтарды өндіріс процесіне қайтару түзілген қалдықтарды қайта пайдаланудың оңтайлы әдісі болып табылады.

2020 жылмен салыстырғанда КПО-ның 2021 жылғы қалдықтар көлемі 13 518 тоннаға азайған. Қалдықтардың түзілу көлемінің төмендеуі, негізінен, ҚМГКК аумағындағы бұрғылау бағдарламасының қысқаруымен, сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдеу бойынша айналмалы пеш қондырғысын жөндеу мақсатында тоқтатылуымен байланысты. 24-сызбада КПО қалдықтарының барлық түрлері көрсетілген.

Біріңғай республикалық қалдықтар бойынша есеп берудің ақпараттық жүйелер формасына сәйкес 2021 жылғы түзілген қалдықтардың жалпы көлеміне түзілген қалдықтар, сондай-ақ қайта өңделген қалдықтар да жатады.

КПО Экоорталығында қалдықтарды өңдейтін бес қондырғы және оларды қауіпсіз орналастыру полигоны бар.

2021 жыл ішінде КПО қалдықтарын басқарудың 2021–2023 жылдарға арналған бағдарламасы аясында жоспарланған барлық іс-шараларды, соның ішінде қондырғының кейбір технологиялық учаскелерін жоспарланбаған ұзақ мерзімді жөндеуге байланысты айналмалы пеште қатты қалдықтарды қайта өңдеуді қоспағанда, қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау, қайта пайдалану, қайта өңдеу, қалдықтардың көлемі мен қауіпті қасиеттерін азайтуды орындады. Ірі металл сынықтарын «Капиталнефтегаз» РММ-не қайталама шикізат ретінде беру 2022 жылға шегерілді.

2021 жылы Экоорталықта келесі шаралар жүзеге асырылды:


**43-кесте. Қалдықтарды өңдеуге арналған шаралар және Экоорталық қондырғылары**

Экоорталықтың қондырғылары	2021 жылы қалдықтарды қайта өңдеу бойынша іс-шаралар
<b>Шламды термомеханикалық тазалау қондырғысы (ШТТҚ)</b>	Мұнай негізіндегі қайта өңделген бұрғылау шламдарынан базалық май мен суды бөлу технологиясының арқасында 2021 жылғы КПО-ның қалдықтарды орналастыру мөлшері бастапқы түзілген көлемнен 13%-ға азайды.  2021 жылы 6 638 тонна қалдық өңделді, 882 тонна базалық май мен су бөлек өңделді, ал термомеханикалық өңдеуден кейін 5 756 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонында жинақталды.
<b>Жалпы мақсаттағы пеш (ЖМП)</b>	Қалдықтарды жалпы мақсаттағы пеште жағу нәтижесінде пештен шығу кезіндегі қалдықтар көлемі 89%-ке қысқарды. 2021 жылы 793 тонна қалдық жағуға жіберіліп, кейін 86 тонна күл қатты қалдықтарды көму полигонында орналастырылды.
<b>Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы (СҚТҚ)</b>	2021 жылы 6 110 тонна сұйық қалдықтар өңделді. Өңделгеннен кейін қайта пайдалану үшін, яғни тұздықтар мен бұрғылау ерітінділерін дайындау үшін 4 287 тонна тұздықтар мен ерітінділер тазартылды.
<b>Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы (ҚСҚ)</b>	2021 жылы 1 128 тонна қатты тұрмыстық қалдықтардың 790 тоннасы жалпы мақсаттағы пештерде жағуға жіберілсе, 180 тонна қалдық, соның ішінде макулатура, металл сынықтары, әйнек және пластик мамандандырылған ұйымдарға қайта өңдеуге және қайта пайдалану мақсатында жіберілу үшін сұрыпталды. 217 тонна көлеміндегі қатты тұрмыстық қалдықтар ҚТҚ полигондарында орналастыру үшін мамандандырылған ұйымдарға берілді. 129 тонна көлеміндегі тамақ қалдықтары мамандандырылған ұйымдарға өңдеуге берілді.
<b>Қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигоны</b>	2021 жылдың аяғында қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында 16 ұяшық жабылды.

2021 жылы Компания ескі қатты қалдықтарды сақтау алаңында жиналған қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау сұйықтарын сақтау алаңынан қалдықтарды алу, оларды шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысы мен айналмалы пеште өңдеп, кейін қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында орналастыру жұмыстарын жалғастырды. Қалдықтарды полигонда орналастыру ҚР экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2021 жылы қатты қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау сұйықтықтарын сақтау алаңынан 4 308 тонна (2020 жылы 1 220 тонна) өңдеуге жіберілді. ШТТҚ қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы бұрғылау қалдықтарының түзілуін азайтуға және алаңнан қалдықтардың көп мөлшерін қайта өңдеуге қабылдау мүмкіндігіне байланысты болды. 2022 жылы қалдықтарды ескі алаңнан алып, кейін қайта өңдеу жоспарлануда. **GRI 306-4**

«Энергия үнемдеу балалар көзімен» байқауының «Өзіндік идеясы бар туынды» номинациясындағы жеңімпазы Мороз Сергейдің (12 жас) салған суреті



Компания қалдықтарының басым бөлігі ұңғымаларды бұрғылаудан және жөндеуден түзіледі. Бұл ретте, қолданылатын бұрғылау ерітіндісі түріне байланысты су немесе мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау шламы түзіледі. 2021 жылы түзілген қатты және сұйық бұрғылау қалдықтарының көлемі 6 647 тоннаны құрады (қайта өңдеуге дейінгі бастапқы түзілген қалдықтар көлемінің 58%-ы). 2020 және 2021 жылдардағы коронавирустық инфекция шектеулеріне байланысты бұрғылау көлемі айтарлықтай төмендеді.

2021 жылы түзілген қатты және сұйық бұрғылау қалдықтарының көлемі  
**6 647**  
тоннаны құрады

44-кестеде 2021 жылғы Компанияның қалдықтарды өңдеу тәсілдері көрсетілген.

**44-кесте. 2021 жылы КПО-ның қалдықтарды өңдеу тәсілдері, тонна GRI 306-3, 306-5**

№	Қалдықтармен жұмыс істеу әдістері	Қауіпті түзілген қалдықтар	Қауіпсіз түзілген қалдықтар	Коммуналдық қалдықтар	БАРЛЫҒЫ
1	Кәсіпорында 2021 жыл басындағы көлемі	341 416	3	0	341 419
2	Есептік жыл ішінде түзілген көлемі	14 957	3 574	1 128	19 659
3	Кәсіпорында қайта пайдаланылған көлемі	4 740	0	0	4 740
4	Кәсіпорын қондырғыларында қайта өңделген көлемі	14 301	82	864	15 247
5	Энергия алмай жалпы мақсаттағы пеште жағу көлемі	3	0	790	793
6	Кәсіпорынның қалдықтарды орналастыру нысандарында орналастырылған және көмілген көлемі	12 322	0	0	12 322
7	Мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға берілген көлемі	2 569	2 751	347	5 667
8	Кәсіпорында 2021 жыл аяғындағы мөлшері	337 711	530	1	338 242

*Ескерту: қалдықтардың тоннамен саны Экоорталықтың таразында оларды қайта өңдеуге, сұрыптауға, жоюға, көмуге және басқа да операцияларға әкету алдында қалдықтардың әрбір партиясын өлшеу жолымен айқындалады. Қалдықтардың мөлшері жөніндегі деректер жүк ілеспе құжаттарына (бақылау талондары, қабылдау-тапсыру актісі) енгізіледі және кейін Компанияның қалдықтарды есепке алу дерекқорына енгізіледі.*

КПО Экоорталығы

45-кестеде бұрғылау қалдықтарының негізгі түрлері, оларды өңдеу әдістері бойынша бөлініп көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, Экоорталықтың 35 А/Б ұяшықтарында тек су негізіндегі ерітінділер мен шлам орналастырылып, су негізіндегі шлам полигонға көміледі. Мұнай негізіндегі бұрғылау шламы алдын ала өңделіп, құрамынан мұнай негізі алынып тасталғаннан кейін көмуге жіберіледі. **GRI 306-5**

**45-кесте. 2019–2021 жж. өңдеу әдістеріне қарай ұңғымалық операциялар қалдықтары OG-7**

№	Қалдық түрі	Түзілген қалдықтар, тонна			Өңдеу тәсілі
		2021 ж.	2020 ж.	2019 ж.	
1	Пайдаланылған су негізіндегі бұрғылау ерітінділері	382	4 125	427	Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
		383	1 020	1 014	Орналастыру
2	Су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдықтары	987	533	925	Көму
		0	0	182	Айналмалы пеште термиялық өңдеу
3	Пайдаланылған мұнай негізді бұрғылау ерітіндісі	432	818	2 676	Қалдықтарды термомеханикалық тазалау қондырғысында (ШТТҚ) және сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
4	Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдығы	2 776	5 316	9 022	Мұнай негізі мен суды алумен және қатты бөлігін кейінгі көмумен ШТТҚ-да қайта өңдеу, айналмалы пеште термиялық өңдеу
		1 438	1 932	4 866	ШТТҚ және СҚТҚ қайта өңдеу, айналмалы пеште термиялық өңдеу
5	Пайдаланылған тұздықтар	189	296	2 837	Орналастыру
		60	11	44	Айналмалы пеште термиялық өңдеу
6	Мұнайлы қалдықтар	60	11	44	Айналмалы пеште термиялық өңдеу

Келісімшарттар талаптарының шеңберінде Компания қалдықтардың бір бөлігін кәдеге жаратуға мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға береді. Олар КПО-дан қабылданған қалдықтарды әрі қарай өңдеу әдістерін өздері анықтап, тоқсан сайын қалдықтарды орналастыру бойынша үшінші тараптарға есеп береді. Қалдық түріне байланысты мамандандырылған ұйымдар қалдықтарды кейін тұтыну тауарларын дайындауға қайта өңдеуге, сондай-ақ сынаптан арылту, регенерация, термиялық өңдеу, өртеу, физикалық және химиялық өңдеу, және құрамдас бөліктерге бөлшектеп, мүдделі кәсіпорындарға қайталама шикізат ретінде пайдалануға жібереді.

Полигондарда пластмасса, пластик, полиэтилен қалдықтарын және полиэтиленерефталат орамасын, макулатура, картон, қағаз қалдықтары, айнек сынықтары орналастыруға тыйым салатын ҚР Экологиялық кодексінің 351-бабының негізінде компания кеңсе ғимараттарын компанияға жалға беретін мердігерлік ұйымдардың қатысуымен осындай қалдықтарды сұрыптауды және бөлек жинауды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізуде. Әрі қарай, бұл қалдықтар мамандандырылған кәсіпорындарға қайталама шикізат ретінде пайдалануға беріледі. **GRI 306-4**

2011 жылдан бастап 2021 жылдың аяғына дейін макулатураны бөліп жинау нәтижесінде шамамен 740 тонна өнім жиналып, тұтыну тауарларын дайындау үшін жергілікті кәсіпорындарға берілді.

Компанияның барлық кеңселерінде пайдаланылған батареяларды бөліп жинау ұйымдастырылған. 2021 жылы 91 кг батареялар жиналған. **GRI 306-4**

2021 жылы  
**91** кг  
батареялар жиналған

“  
2011 жылдан бастап 2021 жылдың аяғына дейін макулатураны бөліп жинау нәтижесінде шамамен 740 тонна өнім жиналды және тұтыну тауарларын дайындау үшін жергілікті кәсіпорындарға берілді.  
”

## ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 4: GRI 102-44

### БИОКОМПОСТ АЛУ МАҚСАТЫНДА ТАМАҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЙТА ӨңДЕУ

GRI 306-4-c-ii



#### МӘСЕЛЕНІҢ МАЗМҰНЫ/ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ:

ҚР экологиялық заңнамасына сәйкес 2021 жылдан бастап тамақ қалдықтарын Полигондарда орналастыруға тыйым салынған. Бұған дейін тамақ қалдықтарын компания ҚТҚ бөлігі ретінде жалпы мақсаттағы пеште (ЖМП) жағуды жүргізген, бұл қалдықтарды басқарудың тиімді әдісі емес. 2020–2021 жылдар ішінде Компания қайта өңдеу кәсіпорнын іздестірді.

#### МАҚСАТЫ:

ҚР Экокодексінің талаптарына сәйкес келу мақсатында Қарашығанақ кен орнының тамақтану нысанында түзілетін тамақ қалдықтарымен жұмыс істеудің неғұрлым тиімді тәсілдерін енгізу.

#### ЖАҒДАЙДЫҢ ШЕШІМІ/ ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘРЕКЕТТЕР:

2020 жылы жұмыс көлемі жасалынды, сондай-ақ тамақ қалдықтарын қайта өңдеу үрдісіне қойылатын талаптар айқындалып, тендер өткізілді. Қайта өңдеу әдісі бойынша кәсіпорынға қойылатын маңызды талап – тамақ қалдықтарын биокомпосттау және пайдалы өнім алу – ауыл шаруашылығында және орман шаруашылығында топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру, сақтау және жақсарту үшін пайдаланылатын органикалық тыңайтқыштар ретінде қолдану үшін биокомпост алу болды.

2021 жылы КПО тамақ қалдықтарын өңдейтін кәсіпорынмен келісім-шарт жасасты. 2021 жылғы маусым – желтоқсан айлары аралығында компания кен орнының тамақтану нысандарынан 129 тонна тамақ қалдықтарын өңдеуге жіберді. Аталмыш келісімді одан әрі іске асыру алдағы Есептерде ұсынылатын болады.

## БИОТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ

Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны (ҚМГКК) 280 шаршы километрден астам аумақты алып жатыр. КПО өндірістік қызметін басқа табиғат пайдаланушылармен бірге бірыңғай аумақта жүзеге асырады, сонымен қатар КПО қызметін тікелей кен орнының өндірістік нысандары, құбырлары мен жолдарының астындағы аумақтарда ғана жүзеге асырады.

КПО өнеркәсіптік нысандарынан басқа ҚМГКК аумағында КПО өндіретін шикізаттың бір бөлігін қайта өңдеу («Конденсат» АҚ) және кен орындарына қызмет көрсету кәсіпорындары, сондай-ақ инфрақұрылым нысандары орналасқан. КПО және үшінші тараптардың нысандарынан басқа, ҚМГКК аумағында бұрын пайдаланылған ауылшаруашылық алқаптары мен жер телімдері бар. 1956 жылға дейін бұл аудан жайылым және шабындық жерлері болды. Бұл аумақ жайылым ретінде пайдаланылған Қоншыбай және Калминовка жырларының жайылмалары мен беткейлерін қоспағанда, 1957 жылдан бастап дәнді дақылдарды өсіру үшін пайдаланыла бастады. Қазіргі уақытқа дейін ҚМГКК СҚА аумағында мемлекеттік босалқы жерлер (МБЖ) басым. Алайда жердің бір бөлігі шаруа қожалықтары үшін пайдаланылады.

Осылайша, жоғарыда аталған факторлар қызметтің ықтимал теріс әсерлері үшін жауапкершілікті анықтауда және бөлуде белгілі бір қиындықтар туғызады, сондай-ақ КПО компаниясының қоршаған орта мен биотүрлілікті қалпына келтіру бойынша іс жүзінде іс-шаралар жүргізу мүмкіндігіне шектеулер қояды. Соған қарамастан, кен орны аумағындағы биотүрлілікке әсер етуді азайту мақсатын ұстана отырып, КПО 2012 жылдан бастап биотүрлілікті сақтау жөніндегі

іс-шаралар жоспарын (БСШЖ) әзірлеуде және жүзеге асыруда.

БСШЖ «Мұнай-газ саласы үшін БСШЖ жасау жөніндегі нұсқаулық» IPIECA/OGP құжатына сәйкес, сондай-ақ ESHIA 1.3.1.47 стандартына (№ 1.3.1.47 HSE-IMS құжаты) сәйкес әзірленеді, оған сәйкес мұнай-газ кен орындарын игеру кезінде өндірістік қызметтің биотүрлілік жағдайына және экожүйелік қызметтерге әлеуетті әсерін ескеру қажет. БСШЖ әзірлеу биотүрлілік пен экожүйелік қызметтерге байланысты бизнес-тәуекелдерді олардың алдын алу үшін және мүмкін болған жерде артықшылыққа айналдыру үшін анықтауды көздейді.

2021 жылдың соңында БСШЖ шеңберіндегі мониторинг нәтижесінде алынған деректер мыналарды көрсетеді:

1. Топырақ-өсімдік жамылғысының жағдайы мен ластаушы заттар шығарындыларының өзара байланысы анықталған жоқ.
2. Бақылаулар көрсеткендей, фаунаның көптеген түрлері тұрақты сипаттағы физикалық факторларға бейімделеді (үздіксіз бірсарынды шу, көлік қозғалысы). Мысалы, құндыздар, сарышұнақтар, құстар колонияларының қонысы қарқынды қозғалысы бар орталық жолдарға жақын немесе жұмыс істейтін қондырғыларға жақын жерлерде байқалады.
3. КПО қызметінің табиғи экожүйелерге әсер етуінің негізгі факторы құрылыс нәтижесіндегі механикалық әсер ету болып табылады. Бұзылған учаскелер жергілікті аудандық немесе желілік сипатқа ие.

## Бұл біз үшін неге маңызды?

ҚМГКК аумағындағы биоалуантүрліліктің күйін бағалау шеңберінде қауіп-қатерлер мен әсерлерге кешенді айқындау жүргізіледі. Мұнай-газ кен орындарын игеру бойынша кез-келген қызмет өнеркәсіптік нысандар орналасқан және құбыр жолдары өтетін жерлерде қоршаған ортаға келтірілмей қоймайтын келеңсіз әсерлермен байланысты екені даусыз.

Биотүрлілікті сақтау шаралар жоспары (БСШЖ) шеңберінде ҚМГКК аумағының биотүрлілігінің жай-күйіне төмендегі негізгі факторлардың әсерін бағалау жүргізіледі:

1. Ластаушы заттардың шығарындылары;
2. Физикалық әсер (шу, жарық, діріл);
3. ҚМГКК аумағында мал жаю;
4. Механикалық әсер (құрылыс, карьерлер, жолдар және т.б.). **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**



4. СҚА аумағының басым бөлігінде жылқылар мен ірі қара малды бірқалыпты жаю тіркелген, бұл жалпы алғанда оң әсерін тигізеді. Алайда, мал жаюдың теріс салдары да болуы ықтимал: қарқынды жайылым табиғи топырақ пен өсімдік жамылғысының толық жойылуына дейін түрлердің алуантүрлілігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. СҚА ішінде орналасқан

өндірістік нысандардан шалғай орналасқан мониторингтік алаңдарда жайылымдық жүктеменің ұлғаю тренді байқалады.

Жалпы алғанда, штаттық режимде ҚМГКК пайдалану бойынша барлық қызметтер биотүрлілік үшін рұқсат етілген тәуекелдер шегінде жүргізіледі.

## ҚМГКК-де БИОТҮРЛІЛІКТІ БАҚЫЛАУ GRI 304-2

Қазіргі уақытта КПО компаниясы БСШЖ-ның 2021–2023 жылдарға жоспарланған іс-шаралар көлемін орындауда. Нақтырақ БСШЖ туралы kro.kz сайтында [Тұрақты даму/Қоршаған ортаны қорғау/Биотүрлілікті сақтау/БСШЖ](#) бөлімінде айтылған.

2021 жылғы жұмыс көлемі ҚМГКК аумағындағы жануарлар әлемінің жағдайының динамикасын кешенді бағалауды қамтыды.



### 46-кесте. Биотүрлілікті сақтау саласындағы міндеттер GRI 103-2 (3-3)

2021 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2021 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2022 жылға қойылған міндеттер
Негізгі және сирек кездесетін түрлерді қоса алғанда, жануарлар дүниесіне мониторинг жүргізу	Орындалды	Фауна мониторингі бойынша далалық зерттеулер 2021 жылдың 22 мамырынан 2 маусымына дейін және 4-14 қыркүйек аралығында жүргізілді	Негізгі және сирек кездесетін түрлерді қоса алғанда, өсімдіктерге мониторинг жүргізу

### 2021 ЖЫЛҒЫ ФАУНА МОНИТОРИНГІ

Қарашығанақ кен орны фаунасының мониторингі 2021 жылдың көктемгі және күзгі кезеңдерінде жүргізілді. Далалық зерттеулер омыртқалы жануарлардың тіршілік ету кезінде зерттеудің стандартты әдістерін қолдана отырып, 17 жаяу маршруттарда және 5 бақылау алаңында жүргізілді.

Зерттеулер барысында қосмекенділердің 2 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 4 түрі, құстардың 106 түрі және сүтқоректілердің 19 түрі анықталды.

Қарашығанақ кен орнындағы жануарлар әлемінің (қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар және жер үсті омыртқалы жануарлар) жағдайына 2021 жылы жүргізілген мониторинг нәтижелері, фауна өкілдерінің түрлік алуандығының саны мен деңгейіне талдау, ҚМГКК өнеркәсіптік нысандары тарапынан фауналық кешенге елеулі теріс әсерін анықтаған жоқ.

### НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРДІ БАҚЫЛАУ

Биотүрлілікті бағалау аясында КПО өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін түрлерін бақылауға көп көңіл бөледі. Биотүрлілікті сақтау мәселелеріндегі қандай да бір түрдің басымдығы халықаралық және жергілікті заңнаманың басымдықтарымен, әсерлерге сезімталдығымен және төзімділігімен және Компания қызметінің қоршаған ортаға ықтимал теріс әсерінің маңыздылығымен айқындалады.

1990 жылдан 2021 жылға дейінгі зерттеу кезеңі ішінде қарастырылатын басты негізгі түрлер kro.kz сайтында [Тұрақты даму/Биотүрлілікті сақтау/ҚМГКК аумағында тіркелген флора мен фаунаың маңызды түрлері](#) бөлімінде келтірілген.

Осы түрлердің барлығы ҚМГКК-нен тыс жерлерде де кездеседі. Айта кететін жайт, кен орнында осы түрлердің болуы, болмауы немесе олардың саны аумақтың экологиялық хал-ахуалының тікелей көрсеткіші емес. Жекелеген түрлердің таралуы жергілікті сондай-ақ жаһандық, (климаттың өзгеруі, шөлейттену және т.б.) КПО қызметіне еш қатысы жоқ себептерге байланысты өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, өндірістік қызметті ҚМГКК-нің және іргелес аумақтар биотүрлілігінің маңызды бөлігі болып табылатын жекелеген түрлердің популяциясына тікелей және жанама әсер етпейтіндей жоспарлау және ұйымдастыру қажет.

2021 жылы негізгі түрлердің санын бақылау аясында өзен құндызы (Castor fiber) түрінің саны мен мекендейтін жерлеріне мұқият зерттеу жүргізілді. 2021 жылдың

көктемінде алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда құндыздар қоныстарының саны азайды.

Қысқаруына қарамастан, көктемгі кезеңде құндыздардың саны облыстың қоршаған аумағымен салыстырғанда анағұрлым жоғары болып қалуда. 2021 жылы көктемде де, күзде де құндыздарды бақылау кезінде көптеген су қоймаларында су деңгейі өте төмен болды, кейбір тоғандар кеуіп кетті, бұл құндыздардың тіршілік ету жағдайлары мен санына әсер етті. Көп бөлігі зерттеу аумағына кірмейтін Березовка езеніндегі кең су қоймасына құндыздардың қоныс аударуы ықтималдығы басым.

КПО ҚМГКК аумағында тіршілік ететін құндыздардың популяциясына бақылау жүргізуді жалғастырады.

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

# 05

- 107 Жеткізілімдерді ұйымдастыру
- 109 Жергілікті қамтуды дамыту
- 112 Әлеуметтік инфрақұрылымға үлес

## ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ GRI 102-9 (2-6)


Қарашығанақ кен орнын игеру Қазақстан үшін тек мұнай мен газ өндірісінен түсетін табыс пен салық қана емес, оның елге берері одан да көп. Жоба сонымен қатар экономикалық дамуға ықпал ететін ұзақ мерзімді және тұрақты серіктестік қарым-қатынастарды қалыптастырады.

Жергілікті жеткізушілермен және мердігерлермен бірлесіп жұмыс істеп, компания аймақтың және Қазақстанның жалпы экономикалық дамуына айтарлықтай қолдау көрсетеді.

КПО өз қызметінде тәртіп Кодексінде белгіленген бизнес-этика қағидаттарын, сондай-ақ барлық тиісті заңнамалық талаптар мен нормативтік ережелерді ұстанады. Осыған орай, КПО өз жұмыстарына бизнесті жүргізуде жоғары стандарттарды ұстанатын, компанияға қызметтерін ұсынғанда өз қызметкерлері мен өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгіленген этика, нормативтік-құқықтық сәйкестік және тұрақты даму стандарттарын сақтайтын жеткізушілер мен мердігерлерді тартады. Келісімшарт жасасудың және сатып алудың әр кезеңінде және келісімшарт аяқталғанға дейін жоғарыда көрсетілген негізгі қағидаттарға сәйкестік қадағаланып отырады.


2021 жылы 500-ден астам мердігерлермен және жеткізушілермен келісімшарттар мен қосымша келісімдер жасалды, олардың 80% жергілікті компанияларға тиесілі.

25-сызба. 2018 – 2021 жж. КПО жеткізушілері және мердігерлері



2021 жылы КПО 0,3 млрд АҚШ долларынан астам сомаға тауарларды жеткізу бойынша 600-ге жуық келісімшарт пен оларға қосымшалар және шамамен 1,4 млрд АҚШ долларына жуық сомаға 800 қызмет көрсету бойынша келісімшарт пен оларға қосымшалар жасасты.

26-сызба. 2018-2021 жж. келісімшарттар мен келісімшарттарға қосымшалар құны (млн АҚШ долл)



## Бұл біз үшін неге маңызды?

КПО компаниясындағы сатып алу процесін шектеулі нарықтық бәсекелестік, инфляция және айырбас бағамының ауытқуы сияқты экономикалық қауіп-қатерлер күрделендіреді. Қауіп-қатерлерді барынша азайту үшін КПО нарықтық бәсекелестікті қамтамасыз ету және шарттық талаптардағы ықтимал экономикалық ауытқуларды және бұдан әрі сипатталған басқа да көрсеткіштердің орнын толтыратын түрлі тетіктерді қолдану арқылы техникалық тапсырмалар мен тендерлік талаптарды барынша ұтымды әрі ашық түрде әзірлеуге тырысады. **GRI 102-15, 103-1 (3-3)**



«Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы-1а кезең» шеңберінде жергілікті қамту бойынша онлайн-форумға қатысушылар

Келісімшарттарға қатысты жұмыстар және сатып алулар заңнамаға және Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің тендерлік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл құжат Қарашығанақ жобасын жүзеге асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру процесін реттейді.

Жуырда шығарылған КПО-ның тендерлік ережесінде электрондық құжаттармен кеңірек алмасу және оларды өңдеу, сонымен қатар тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау және өтінімдерді бағалау сияқты бағыттар қарастырылған, бұл өз кезегінде КВИ пандемиясы кезінде шектеулерге байланысты туындаған мәселелерді шешуге көмектесті. Сонымен қатар, тендерлік ереженің жаңа шығарылымы ерте тендерлер, сынама тапсырыстар, инвестициялар үшін келісімшарттар беру, мөлшерлемелерді шартты төмендету және қазақстандық тендерлер сияқты тетіктерді пайдалану арқылы жергілікті қамтуды дамытуға және тауарларды Қазақстан Республикасында өндіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Жергілікті әлеуетті мердігерлер мен жеткізушілердің бәсекеге қабілетті болуы үшін және олардың тендерден шығып қалу қаупін азайтуға көмектесу үшін КПО конкурста дейінгі жан-жақты өзара әрекеттесу сессияларын ұйымдастыруға жіті назар аударады. Бұл сессиялар барысында конкурста қатысушылар КПО-ның тендерлік талаптары бойынша нақты түсініктемелер, сондай-ақ жинақталған практикалық тәжірибе туралы ақпарат алады. **GRI 103-2 (3-3)**


КПО компаниясы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «KazService» одағы және басқа да мұнай-газ секторының ұйымдары немесе қауымдастықтары өткізетін іс-шараларға белсенді қатысады. Түрлі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, КПО жергілікті компанияларға

өз талаптарына қатысты түсіндірмелер береді және оларды дамуға және әлемге танылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілермен бірлесіп жұмыс істеуге ынталандырады. Жергілікті қамту бойынша межелеген көрсеткіштерге қол жеткізу КПО-ның Қазақстан Республикасы алдындағы басты міндеттемесі болып табылады. **GRI 102-44**

Қызметінің ашықтығын көрсете отырып, КПО жыл сайын сатып алу жоспарларын [www.kpo.kz](http://www.kpo.kz) веб-сайтында жариялайды.

КПО тендерлеріне қатысуға ниетті әлеуетті жеткізушілерге [КПО жеткізушілерінің дерекқорына тіркелу](#) және өздері туралы ақпаратты үнемі жаңартып отыру (толығырақ [КПО веб-сайтында](#) жарияланған) немесе жеткізушілердің «АЛАШ» бірыңғай мәліметтер қоры арқылы тікелей тіркелу ұсынылады. Тендерге қатысуға өту үшін әлеуетті қатысушылар КПО жеткізушілерді іздеу кезінде ескеретін материалдық-техникалық базасының және тиісті тәжірибесі туралы дұрыс және шынайы ақпарат ұсынуы керек.

2021 жылы КПО өз веб-сайтында <https://cp.kpo.kz/> парақшасын қосты, бұл жерде компаниялар КПО-ның жауапты бөліміне жіберілетін сұрақтарын қоя алады. Аталмыш парақшада «жиі қойылатын сұрақтарға» жауаптар берілген қосымша бет бар.



## ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

**GRI 203-2, 102-44**

Қарашығанақ кен орнын игеру басталғаннан бері КПО компаниясы қазақстандық тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілерді тарту арқылы Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесін арттыру бойынша белсенді жұмыс істеуде, бұл Қарашығанақ жобасы шеңберінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінде отандық өндірістің тауарлары, көрсетілетін қызметтері мен жұмыстарының импортын азайтуды және көлемін ұлғайтуды көздейді.

КПО 2001 жылдан бері тұрақты негізде Қарашығанақ жобасында жергілікті қамтуды дамытудың екі жылдық бағдарламасын әзірлеп, іске асырып келеді. Бағдарламаның 2020–2021 жылдарға арналған мақсаттары ҚР машина жасауды дамыту, индустриализациялау және цифрландыру бойынша мемлекеттік бастамаларымен және КПО-ның жергілікті қамту саласындағы корпо-


ративтік саясатымен сәйкес келеді. Аталмыш Бағдарлама жергілікті қамтуды дамытуға қатысты мақсатты салаларды, сондай-ақ қызметтің тиімділігін қадағалау және бағалау үшін негізгі индикативтік көрсеткіштерді айқындайды. **GRI 103-2 (3-3)**

КПО-ның жергілікті қамтуды дамытудағы бастамалары келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туғызды: **GRI 204-1**

- ▶ 2021 жылы Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесі 68,6% (564,3 млн. АҚШ долларына тең) құрады;
- ▶ 26,7 млн АҚШ доллары сомасына қазақстандық өндіріс тауарлары сатып алынды, бұл сатып алуның жалпы көлемінің 17,7%-ын құрайды (оның ішінде жергілікті қамту үлесі СТ-КЗ<sup>10</sup> сертификаты бойынша 8,6%-ды құрайды).

### 27-сызба. КПО сатып алуларының жалпы көлеміндегі жергілікті қамту үлесі, 2014–2021

**ЖЖ. GRI 204-1**



<sup>10</sup> Тауардың Қазақстан аумағында өндірілгенін немесе қайта өңделгенін растайтын сертификат. Бұл сертификат Қазақстан аумағында қолдану үшін арналған, мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында немесе Мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде айналысқа арналған.

## Бұл біз үшін неге маңызды?

